

Бірыңғай дистрибьютордың тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сақтау және тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларын бекіту туралы.

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 8 шілдедегі № 515 қаулысы. Қаулының күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 9 ақпандағы № 47 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 09.02.2021 № 47 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен .

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 06.06.2019 № 380 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Бірыңғай дистрибьютордың тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сақтау және тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 06.06.2019 № 380 қаулысымен.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

К.Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2015 жылғы 8 шілдедегі
№ 515 қаулысымен
бекітілген

Бірыңғай дистрибьютордың тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды сақтау және тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді, дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды есепке алу және өткізу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидалары

Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 08.11.2017 № 719 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Бірыңғай дистрибьютордың тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сақтау және тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) 2009 жылғы 18 қыркүйектегі "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 6-бабының 12-2) тармақшасына сәйкес әзірленді және бірыңғай дистрибьютордың тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сақтау және тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтердің өнім берушілерін, сондай-ақ есепке алу және өткізу жөніндегі көрсетілетін қызметтердің өнім берушілерін таңдау тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 06.06.2019 № 380 қаулысымен.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) бірыңғай дистрибьютор – қызметін Кодекстің 77-бабына сәйкес тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде жүзеге асыратын заңды тұлға;

2) дәрілік зат – затты не заттардың құрамасын білдіретін немесе қамтитын, адам организмімен байланысқа түсетін, адамның ауруларын емдеуге, олардың профилактикасына немесе оның физиологиялық функцияларын фармакологиялық, иммунологиялық не метаболизмдік әсер ету арқылы қалпына келтіруге, түзетуге немесе өзгертуге немесе адамның аурулары мен жай-күйінің диагностикасына арналған зат;"

3) медициналық бұйымдар – медициналық мақсаттарда жеке немесе өзара ұштастырылып, сондай-ақ арнайы бағдарламалық қамтылымды қоса алғанда, көрсетілген бұйымдарды мақсаты бойынша қолдану үшін қажетті керек-жарақтармен бірге қолданылатын, аурулардың профилактикасы, диагностикасы, оларды емдеу, медициналық оңалту және адам организмінің жай-күйін мониторингтеу, медициналық зерттеулер жүргізу, организмнің анатомиялық құрылымын немесе физиологиялық функцияларын қалпына келтіру , алмастыру, өзгерту, жүктілікті болғызбау немесе үзу үшін медициналық бұйымды өндіруші арнап шығарған және функционалдық мақсаты адам

организміне фармакологиялық, иммунологиялық, генетикалық немесе метаболизмдік әсер ету жолымен іске асырылмайтын және дәрілік заттарды қолдану арқылы сүйемелденуі мүмкін кез келген құралдар, аппараттар, аспаптар, жабдық, материалдар және басқа да бұйымдар;

4) екі кезеңдік рәсім пайдаланылатын конкурс (бұдан әрі – конкурс) – әлеуетті өнім берушілер арасында ашық бәсекелестікті көздейтін және дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды сақтау және тасымалдау жөнінде көрсетілетін қызметтерді, сондай-ақ дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды есепке алу және өткізу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алудың ең төменгі бағасын айқындауға бағытталған, әлеуетті өнім берушіні осы Қағидаларға сәйкес аукционды қолдана отырып таңдау тәсілі;

5) конкурстық өтінім – техникалық ерекшелікке және осы Қағидалардың ережелеріне сәйкес жасалған әлеуетті өнім берушінің ұсынысы;

6) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сақтау және тасымалдау жөніндегі ұзақ мерзімді шарт – бірыңғай дистрибьютор тиісті дистрибьюторлық практика (GDP) талаптарына сәйкес келетін дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы субъектімен – Қазақстан Республикасының резидентімен жасасатын, қызметтер көрсетудің азаматтық-құқықтық шарты;

7) бірыңғай дистрибьютордың ақпараттық жүйесі – бірыңғай дистрибьютордың қызметін автоматтандыратын және дистрибуция процесінде барлық мүдделі талаптармен электрондық құжаттар алмасу жүргізуге мүмкіндік беретін, бірыңғай дистрибьютор айқындайтын ақпараттық жүйе;

8) амбулаториялық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуді есепке алу ақпараттық жүйесі – амбулаториялық деңгейде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек шеңберінде рецепттер жазып беруді, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтің өнім берушісінің тауарды босатуын немесе есепке алу және өткізу жөніндегі көрсетілетін қызметті есепке алуды автоматтандыруға арналған денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындайтын ақпараттық жүйе;

9) сарапшы – сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің техникалық тапсырмасын және (немесе) техникалық өзіндік ерекшелігін әзірлеуге және (немесе) әлеуетті өнім берушілер ұсыныстарының сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің техникалық өзіндік ерекшелігіне сәйкестігіне қатысты сараптамалық қорытындыны дайындауға қатысу үшін мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы не тапсырыс беруші тартатын, өткізілетін мемлекеттік сатып алу саласында тиісті құжаттармен (дипломдармен, сертификаттармен,

куәліктермен және басқа да құжаттармен) расталатын арнайы және (немесе) техникалық білімі, тәжірибесі мен біліктілігі бар жеке тұлға;

10) аукцион – ең төмен бағаны айқындау мақсатында әлеуетті өнім берушілердің бағаларын салыстыру;

11) әлеуетті өнім берушілердің үлестес тұлғасы – осы әлеуетті өнім берушінің шешімдерін айқындауға және (немесе) ол қабылдайтын шешімдерге, оның ішінде жазбаша нысанда жасалған мәміленің күшіне орай ықпал етуге құқығы бар кез келген жеке немесе заңды тұлға, сондай-ақ өзіне қатысты осы әлеуетті өнім берушінің осындай құқығы болатын кез келген жеке немесе заңды тұлға;

12) техникалық ерекшелік – сатып алынатын көрсетілетін қызметтер сәйкес келуге тиіс талаптардың сипаттамасы;

13) дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды сақтау және тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызмет – операциялық қоймалардың және (немесе) бөлу орталықтарының арасында тауарды есепке алу және өткізу жөніндегі көрсетілетін қызметтің өнім берушісінің тапсырыс берушілерге қызмет көрсету туралы шарт шеңберінде тауарды қабылдаумен, сақтаумен, есепке алумен және тасымалдаумен байланысты дәрілік заттардың, медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы субъектілердің бірыңғай дистрибьюторға көрсетілетін қызметі;

14) дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды есепке алу және өткізу жөніндегі көрсетілетін қызметтердің құны – көрсетілетін қызметтің осы Қағидаларда айқындалған тәртіппен көрсетілетін қызметті сатып алу нәтижелері бойынша белгіленген бірыңғай дистрибьютордың прайс-парағы бойынша тауар бағасынан он екі пайыздан аспайтын мөлшердегі құны;

15) өнім берушінің тауарларды есепке алу және өткізу жөніндегі шығынын өтеу – көрсетілетін қызметтерді сатып алу нәтижелері бойынша бірыңғай дистрибьютордың дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды есепке алу және өткізу жөніндегі көрсетілетін қызметтердің өнім берушісінің тауарларды өткізу және есепке алу шығындарын қордың қаражаты есебінен өтеуі;

16) бірлесіп орындаушы – әлеуетті өнім беруші тауарларды есепке алу және өткізу жөніндегі қызметтерді көрсету шартын бірлесіп орындау үшін тартатын денсаулық сақтау субъектілері;

17) дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды есепке алу және өткізу қызметін көрсету шарты – тиісті қаржы жылына арналған барлық қосымшаларына тараптардың қолдары қойылған, жазбаша нысанда тіркелген, осы Қағидаларға және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес бірыңғай дистрибьютормен және дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды есепке алу және өткізу қызметтерін жеткізушінің арасында жасалған шарт;

18) бірыңғай дистрибьютордың үлестес тұлғасы – шешімдерді тікелей және (немесе) жанама айқындауға және (немесе) бірыңғай дистрибьютор қабылдайтын шешімдерге, оның ішінде шартқа байланысты ықпал етуге мүмкіндігі бар адам (ұсынылған өкілеттіліктер шеңберінде оның қызметін реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды қоспағанда), сондай-ақ өзіне қатысты бірыңғай дистрибьютордың осындай құқығы болатын кез келген адам;

19) тиісті дистрибьюторлық практика (GDP) – дәрілік заттарды өндірушіден бөлшек саудада өткізуді немесе медициналық қызметті жүзеге асыратын ұйымдарды қоса алғанда халыққа босатуды жүзеге асыратын субъектілерге дейін сақтау мен тасымалдауды қоса алғанда, беру тізбегінің барлық кезеңдерінде дәрілік заттардың сапасына кепілдік беретін сапаны қамтамасыз ету жүйесінің бір бөлігі;

20) дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды есепке алу және өткізу жөніндегі көрсетілетін қызмет – дәрілік заттардың, медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы субъектілердің халықты дәрілік заттармен, медициналық бұйымдармен қамтамсыз етумен байланысты есепке алуды, сақтауды, халыққа өткізуді (рецептімен босату) қамтамасыз ететін қызметі;

21) сатып алу – осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен және тәсілдермен тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды сақтау және тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді, сондай-ақ есепке алу және өткізу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді бірыңғай дистрибьютордың сатып алуы;

22) әлеуетті өнім беруші – осы Қағидаларға сәйкес қызметтер көрсету шартын жасасуға үміткер кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға, заңды тұлға (егер Қазақстан Республикасының заңдарында олар үшін өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік мекемелерді қоспағанда);

23) өнім беруші – осы Қағидаларға сәйкес қызметтер көрсету шартын жасасқан, кәсіпкерлік қызметтер жүзеге асыратын жеке тұлға, заңды тұлға (егер Қазақстан Республикасының заңдарында олар үшін өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік мекемелерді қоспағанда);

24) электрондық цифрлық қолтаңба – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық символдар жиынтығы;

25) электрондық құжат – ақпарат электрондық-цифрлық нысанда ұсынылған және электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған құжат;

26) тауар – дәрілік заттар, медициналық бұйымдар;

27) дәрілік заттың халықаралық патенттелмеген атауы – дәрілік заттың Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы ұсынған атауы;

28) денсаулық сақтау субъектілері - денсаулық сақтау ұйымдары, сондай-ақ жекеше медициналық практикамен және фармацевтикалық қызметпен айналысатын жеке тұлғалар;

29) бірыңғай дистрибьютордың прайс-парағы – бірыңғай дистрибьютор сатып алған тауарлардың сипаттамалары, өлшем бірліктер, бөліп салынуы, өндірушінің атауы, өндірушінің елі, бір бірлік үшін бірыңғай дистрибьютордың үстеме бағасын ескере отырып, бірыңғай дистрибьютордың тізімі бойынша шекті бағадан аспайтын бағасы көрсетілген тауарлар тізімінен, сондай-ақ дәрілік заттар үшін саудадағы және халықаралық патенттелмеген атауына немесе құрамына, медициналық бұйымдардың сауда атауынан немесе құрамынан медициналық бұйымдар үшін саудадағы атауынан немесе құрамынан тұратын, тапсырыс берушілер мен тауарларды есепке алу және өткізу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді жеткізушілер үшін бірыңғай дистрибьютор бекітетін тауарларға баға ұсынысы;

30) медициналық әлеуметтік сақтандыру қоры – аударымдар мен жарналарды шоғырландыруды жүргізетін, сондай-ақ медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілері көрсететін қызметтерді медициналық көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартында көзделген көлемдерде және талаптармен сатып алу мен оларға ақы төлеуді және Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған өзге де функцияларды жүзеге асыратын коммерциялық емес ұйым;

31) бірыңғай дистрибьютордың үстеме бағасы – бірыңғай дистрибьютор сатып алатын дәрілік заттардың, медициналық бұйымдардың жеткізу шартында көрсетілген бағасына денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекітетін үстеме баға;

32) тауарларды сақтау және тасымалдау жөнінде көрсетілетін қызметтердің нақты бағасы (бұдан әрі – көрсетілетін қызмет бағасы) – тауарды сақтау және тасымалдау бойынша көрсетілетін қызметтер құнының мына формула бойынша есептелген ақшалай мәні:

сақтау жөнінде көрсетілетін қызметтер бойынша $(W) = W_j * (S_1 + S_2)$, мұндағы W_j – өңірге қарай конкурс нәтижелері бойынша қалыптасқан 1 паллета орынның құны (j), S_1 – арнайы температуралық режимі бар паллета орындардың саны; S_2 – арнайы температуралық режимі жоқ паллета орындардың саны;

тасымалдаудың көрсетілетін қызметі бойынша $(T) = C_{ij} * K_1 * K_2$, мұндағы C_{ij} – автокөлік құралының жүк көтеру қабілетіне (i) және өңірге (j) қарай тасымалдаудың 1 км үшін конкурс нәтижелері бойынша қалыптасқан құны, K_1 – тауарды тасымалдау үшін температура реттелетін жабдықты пайдалану қажет болғанда түзету коэффициенті (бағаның қымбаттауы); K_2 – қысқы дизель

отынын пайдаланылған кезде қысқы маусымдағы түзету коэффициенті (бағаның қымбаттауы);

тиеу-түсіру жұмыстары бойынша $(L) = L_j * L_{ki}$, мұнда L_j – конкурс нәтижесі бойынша қалыптасқан өңірге (j) қарай тиеу және түсіру жұмыстарының 1 нормо сағаты үшін құны; L_{ki} – тоннаға (i) байланысты автомобильді түсіру/тиеу үшін жұмсалатын нормо сағаттардың саны;

33) тауарларды сақтау және тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтің құны – осы Қағидаларда айқындалған тәртіппен көрсетілетін қызметтерді сатып алу нәтижелері бойынша белгіленген, бірыңғай дистрибьютордың үстеме бағасының есебінен көрсетілетін қызмет бағасын пайдалана отырып есептелген қызметтің құны;

34) тауарды сақтау және тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтің алдын ала құны – сақтау жөнінде көрсетілетін қызмет (теңге/паллета орын), тасымалдау (теңге/километр) және тиеу-түсіру жұмыстары (теңге/норма-сағат) көрсетілетін қызметтер бойынша кемінде үш прайс-парақты (баға немесе коммерциялық ұсыныстарды) ескере отырып, бірыңғай дистрибьютор қалыптастыратын тиісті қаржы жылына көрсетілетін қызметті сатып алу үшін бөлінген сома. Көрсетілетін қызметтердің нарықтық ұсыныстарын айқындау кезінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен тапсырыс берушілердің бастапқы өтінімдерін және тиісті қаржы жылына бірыңғай дистрибьюторға ұсынылған қажеттіліктің алдын ала жиынтық есептеулерін жинау кезінде алынған көлемдері қолданылады;

35) бөлу орталығы (фармацевтикалық хаб) – бірыңғай дистрибьютордың дәріханалық қоймасы (меншік құқығында немесе өзге заттай құқықта, оның ішінде дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды сақтау және тасымалдау жөніндегі қызметтерді көрсету шарты, дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды сақтау және тасымалдау жөніндегі қызметтерді көрсетудің ұзақ мерзімді шарты негізінде бірыңғай дистрибьюторға тиесілі қойма) немесе сақтау және тасымалдау жөніндегі қызметтер шеңберінде тауар жеткізушілерден тауарды, оның ішінде төмендемейтін қорды және ауыспалы қалдықтарды қабылдауды, есепке алу мен сақтауды қызмет көрсету өңірінде орналасқан операциялық қоймаларға және (немесе) тапсырыс берушілерге және тауарларды есепке алу және өткізу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді жеткізушілерге тауарларды босату мен тасымалдауды жүзеге асыратын денсаулық сақтау субъектілерінің дәріханалық қоймасы;

36) қызмет көрсету өңірі – бірнеше әкімшілік-аумақтық бірлікті қамтитын (облыс, республикалық маңызы бар қалалар, астана), олардың бірінде бірыңғай бөлу орталығы орналасқан Қазақстан Республикасы аумағының бөлігі;

37) операциялық қойма – әкімшілік-аумақтық бірлікте (облыс, республикалық маңызы бар қалалар, астана) орналасқан, бөлу орталығынан және (немесе) жеткізушіден тауарды қабылдауды, әкімшілік-аумақтық бірліктің (облыс, республикалық маңызы бар қалалар, астана) аумағында орналасқан тауарларды есепке алу және өткізу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді жеткізушілерге және тауарларды есепке алуды, сақтауды, тапсырыс берушілерге босатуды және тасымалдауды жүзеге асыратын денсаулық сақтау субъектілерінің дәріханалық қоймасы;

38) дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды сақтау және тасымалдау жөніндегі қызметтерді көрсету шарты – тиісті қаржы жылына кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғамен немесе бірыңғай дистрибьютор немесе Қазақстан Республикасының резиденті – заңды тұлғамен бірыңғай дистрибьютор жасасатын қызмет көрсетудің азаматтық-құқықтық шарты;

39) тапсырыс берушілер – облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдары, әскери-медициналық (медициналық) бөлімшелер, ведомстволық бөлімшелер (ұйымдар), сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорындарға, дауыс беру акцияларының (үлестерінің) елу және одан да көп пайызы мемлекетке тиесілі, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық қызметтер көрсететін мемлекеттік кәсіпорындарға, заңды тұлғаларға тиесілі денсаулық сақтау субъектілері;

40) тапсырыс берушілердің қажеттілігі – облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдары, сондай-ақ орталық атқарушы органдар және әскери-медициналық (медициналық) бөлімшелері, ведомстволық бөлімшелері (ұйымдары) бар өзге орталық мемлекеттік органдар ұсынған тапсырыс берушілердің бастапқы өтінімдерінің және қажеттілікті жиынтық алдын ала есептеу сомасы, оның ішінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен бірыңғай дистрибьюторға мәлімделген тауарлардың көлемі;

41) паллета-орын – бір паллетаны сақтаудың көрсетілген қызметтері үшін есептеу бірлігі, мұнда паллета – жүктерді жинау, жинақтау, қайта тиеу және тасымалдау үшін негіз ретінде пайдаланылатын, қатты алаңы және ірілендірілген жүк бірлігін құру үшін жеткілікті орны бар көліктік ыдыс;

42) норма-сағат – жұмыстарды орындау уақытының бірлігі, көрсетілетін қызметтерді жеткізуші жасайтын тиеу-түсіру жұмыстары үшін есептеу бірлігі: көлік құралын босату, тауарды сақтауға орналастыру, тауарды тиеу/орнын ауыстыру үшін жинақтау (жинау), паллеттеу (паллетаға орналастыру және қаптау материалымен орау), көлікке тиеу, жеткізу орнында түсіру.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 06.06.2019 № 380

қаулысымен.

3. Көрсетілетін қызметтерді сатып алу мынадай:

1) сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау;

2) әлеуетті өнім берушілерге сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру;

3) әлеуетті өнім берушілер арасындағы әділетті бәсекелестік;

4) сатып алу процесінің жариялылығы мен ашықтығы;

5) Қазақстан Республикасының халқын қауіпсіз, тиімді және сапалы дәрілік заттармен, медициналық бұйымдармен үздіксіз қамтамасыз ету.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 06.06.2019 № 380

қаулысымен.

4. Бірыңғай дистрибьютор көрсетілетін қызметтерді сатып алуды мынадай:

1) екі кезеңдік конкурс;

2) бір көзден сатып алу тәсілдерінің бірімен жүзеге асырады.

5. Тауарларды сақтау және тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді, сондай-ақ есепке алу және өткізу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алуды бірыңғай дистрибьютор жүзеге асырады. Бірыңғай дистрибьютор екі кезеңдік рәсімді бір көзден сатып алу тәсілімен сатып алуды пайдалана отырып, конкурс ұйымдастырады және өткізеді.

6. Бірыңғай дистрибьютор тапсырыс берушілердің қажеттілігі негізінде бірінші қыркүйектен кешіктірмей:

бөлу орталықтары арқылы және (немесе) операциялық қоймалар арқылы тауарларды сақтау және тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметті. Тауарларды сақтау және тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызмет бірыңғай дистрибьютордың бөлу орталықтары арқылы Қазақстан Республикасындағы көлік коммуникациясының қолжетімділігін ескере отырып, Астана, Ақтау, Ақтөбе, Алматы, Шымкент қалаларында сатып алынады. Тауарларды сақтау және тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызмет операциялық қоймалар арқылы бөлу орталықтары орналасқан әкімшілік-аумақтық бірліктерді (облыстарды) қоспағанда, әкімшілік-аумақтық бірлікте (облыста) сатып алынады;

тауарларды есепке алу және өткізу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу рәсіміне кіріседі.

7. Жосықсыз әлеуетті өнім берушілердің (өнім берушілердің) тізбесін бірыңғай дистрибьютор заңды күшіне енген сот шешімінің негізінде қалыптастырады және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган көздеген тәртіппен және мерзімдерде оның интернет-ресурсына орналастыру үшін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органға жіберіледі.

Мыналар:

1) әлеуетті өнім берушілердің біліктілік талаптары немесе көрсетілетін қызметтерге қойылатын талаптар бойынша дәйексіз ақпарат беруі;

2) жеңімпаздар деп айқындалған әлеуетті өнім берушілердің осы Қағидаларға сәйкес қызметтер көрсету шартын жасасудан жалтаруы;

3) екінші орын алған әлеуетті қызмет берушілердің осы Қағидаларға сәйкес қызметтер көрсету шартын жасасудан жалтаруы;

4) бірыңғай дистрибьютордың қызметтер көрсету шартын бір жақты тәртіппен бұзуға әкелген, олармен жасалған қызметтер көрсету шарттары бойынша міндеттемелерді өнім берушілердің орындамауы немесе тиісінше орындамауы жосықсыз әлеуетті өнім берушілердің немесе өнім берушілердің тізбесіне қосу үшін негіздемелер болып табылады.

Бірыңғай дистрибьютор осы тармақтың екінші бөлігінде көзделген әлеуетті қызмет берушіні немесе өнім берушіні жосықсыз деп тану негіздемесінің туындағаны туралы хабардар болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні жосықсыз деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

8. Тауарларды сақтау және тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде, бірыңғай дистрибьютор бір лот үшін:

тауарларды сақтау және тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді операциялық қойма арқылы сатып алу кезінде, әкімшілік-аумақтық бірлікті (облыс);

тауарларды сақтау және тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді бөлу орталығы арқылы сатып алу кезінде өңірді айқындайды.

Бөлу орталығы қызмет көрсету өңірінде тауарларды сақтау және тасымалдау жөніндегі қызметтерді көрсетеді, сондай-ақ әкімшілік-аумақтық бірлікте (облыс, республикалық маңызы бар қала, астана) орналасқан жері бойынша операциялық қойманың функциясын атқарады.

Тауарларды сақтау және тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді операциялық қойма арқылы сатып алу өткізілмеді деп танылған жағдайда, бөлу орталығы қызмет көрсетілетін өңірдің осындай әкімшілік-аумақтық бірлігінде (облыста) немесе қызмет көрсетілетін тұтас өңірде тауарларды сақтау және тасымалдау жөніндегі қызметтерді көрсетеді.

Тауарларды есепке алу және өткізу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде бірыңғай дистрибьютор бір лот үшін әкімшілік-аумақтық бірлікті (облыстар, республикалық маңызы бар қала және астана) айқындайды.

9. Тауарларды есепке алу және өткізу жөніндегі қызметтерді көрсету үшін әлеуетті өнім берушінің бірлесіп орындаушыны тартуына жол беріледі, бұл ретте әлеуетті өнім берушінің бірлесіп орындаушысы осы Қағидалардың 10-тармағының 1), 3), 11) тармақшаларында белгіленген есепке алу және өткізу

жөніндегі көрсетілетін қызметтің әлеуетті өнім берушісіне қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келуі тиіс.

2-тарау. Әлеуетті өнім берушіге қойылатын біліктілік талаптары

10. Көрсетілетін қызметтердің әлеуетті өнім берушілеріне мынадай біліктілік талаптары қойылады:

1) құқық қабілеттілігі (заңды тұлғалар үшін), азаматтық әрекет қабілеттілігі (кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар үшін);

2) айналысу үшін рұқсат алу, хабарлама жіберу қажет қызметтің түрін жүзеге асыратын әлеуетті өнім берушінің құқық қабілеттілігі "Ақпараттандыру туралы" 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелері арқылы расталады. Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде мәліметтер болмаған жағдайда әлеуетті өнім беруші "Рұқсаттар мен хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес алған (жіберілген) тиісті рұқсаттың (хабарламаның) нотариат куәландырған көшірмесін ұсынады;

3) төлем қабілеттілігі – салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар мен міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру аударымдары және (немесе) жарналары бойынша берешегінің болмауы;

4) оңалту, банкроттық не таратылу рәсімдеріне жатпауы, қаржы-шаруашылық қызметі конкурс өткізу сәтінде Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес тоқтатыла тұрған болмауға тиіс;

5) жосықсыз әлеуетті өнім берушілер (өнім берушілер) тізбесінде болмауы;

6) Қазақстан Республикасының фармацевтикалық нарығында жұмыс өтілі кемінде 1 (бір) жыл;

7) тиісті дистрибьюторлық практика (GDP) талаптарына сәйкестік (3 жыл мерзімге тауарларды сақтау және тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде);

8) бірыңғай дистрибьютордың техникалық ерекшелігіне сәйкес сақтау және тасымалдау жөнінде қызметтер көрсетуге арналған бірыңғай дистрибьютордың ақпараттық жүйесін жүргізу үшін ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның болуы;

9) амбулаториялық дәрілік қамтамасыз етуді ақпараттық есепке алу жүйесін жүргізу үшін ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның болуы (есепке алу және өткізу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде);

10) соңғы екі жыл ішінде жасасқан қызметтер көрсету шарттары бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін заңды күшіне енген сот шешімінің негізінде жауапкершілікке тартылмауы;

11) осы Қағидалардың 13-тармағында көзделген шектеулердің болмауы.

Тауарларды сақтау және тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтердің әлеуетті өнім берушісі осы тармақтың 1) – 8), 10), 11) тармақшаларындағы талаптардан басқа, бірыңғай дистрибьютор әзірлейтін тауарларды сақтау және тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтердің техникалық ерекшелігіне сәйкес келуге тиіс. Тауарларды сақтау және тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтің техникалық ерекшелігінде бірыңғай дистрибьютор тауарларды сақтау және тасымалдау жөніндегі қызметтерді көрсету объектілеріне, сондай-ақ әлеуметтік өнім берушінің ресурстарына қойылатын талаптарды белгілейді.

11. Бірыңғай дистрибьютор әлеуетті өнім берушіге осы Қағидаларда көзделмеген біліктілік талаптарды қоямайды.

12. Тауарларды сақтау және тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтердің әлеуетті өнім берушілеріне бірлесіп орындаушыларды тартуға және өткізілетін конкурстың нысанасы болып табылатын қызметтерді көрсетудің қандай да бір көлемін оларға беруге тыйым салынады.

13. Бірыңғай дистрибьютордың қызметкерлері, сондай-ақ үлестес тұлғалары осы Қағидалармен реттелетін көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру кезінде әлеуетті өнім берушілер ретінде қатыспайды.

Әлеуетті өнім беруші және оның үлестес тұлғасы оның бір лоты бойынша конкурстың қатысушы ретінде әрекет ете алмайды.

Әлеуетті өнім беруші, егер:

1) әлеуетті өнім берушінің бірінші басшыларының және (немесе) әлеуетті өнім берушінің уәкілетті өкілінің жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) немесе жегжаттары өнім берушіні таңдау туралы шешім қабылдау құқығына ие болса не өткізілетін сатып алуда бірыңғай дистрибьютордың қызметкері болып табылса;

2) сатып алуға қатысуға үміткер әлеуетті өнім берушінің басшысы, заңды тұлғаның құрылтайшысы, сондай-ақ кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға жосықсыз әлеуетті өнім берушілердің (өнім берушілердің) тізбесіне енгізілген заңды тұлғаларды басқарумен, құрумен, олардың жарғылық капиталына қатысумен байланысты болса;

3) конкурсқа қатысуға үміткер әлеуетті өнім берушінің басшысы жосықсыз әлеуетті өнім берушілердің (өнім берушілердің) тізбесіне енгізілген, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға болса;

4) конкурсқа қатысуға үміткер, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға болып табылатын әлеуетті өнім беруші жосықсыз әлеуетті өнім

берушілердің (өнім берушілердің) тізбесіне енгізілген әлеуетті өнім беруші заңды тұлғаның басшысы болса;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуетті өнім берушінің немесе өнім берушінің қаржылық-шаруашылық қызметі тоқтатыла тұрса;

6) әлеуетті өнім беруші жосықсыз әлеуетті өнім берушілердің (өнім берушілердің) тізбесінде болса, сатып алуға қатыспайды.

3-тарау. Екі кезеңдік конкурс өткізу тәртібі

14. Екі кезеңдік конкурс өткізу туралы хабарландыру өтінімдер қабылдаудың аяқталған күніне дейін күнтізбелік жиырма күн қалғанда мемлекеттік және орыс тілдерінде бірыңғай дистрибьютордың интернет-ресурсында жарияланады.

15. Екі кезеңдік қайталама конкурс жүзеге асырылған жағдайда конкурстық өтінімдерді ұсынудың соңғы күніне дейін кемінде күнтізбелік он күн қалғанда бірыңғай дистрибьютордың интернет-ресурсына хабарландырудың мәтіні орналастырылады.

16. Екі кезеңдік конкурс өткізу туралы хабарландыруда мыналар қамтылады:

1) бірыңғай дистрибьютордың атауы мен мекенжайы;

2) бірыңғай дистрибьютордың банктік деректемелері;

3) көрсетілетін қызметтерді сатып алу жөніндегі екі кезеңдік конкурстың атауы;

4) дәрілік заттардың халықаралық патенттелмеген атаулары немесе құрамы, медициналық бұйымдардың атаулары немесе құрамы, олардың сипаттамалары және (немесе) техникалық сипаттамалары мен көлемдері көрсетілген әрбір лот бойынша сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің атауы;

5) екі кезеңдік конкурсқа қатысуға арналған өтінім қабылдаудың басталған және аяқталған күні, уақыты мен орны;

6) конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашу күні, уақты және орны;

7) әрбір лот бойынша сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің техникалық ерекшелігі;

8) екі кезеңдік конкурсқа қатысуға арналған конкурстық өтінімінің кепілдікті қамтамасыз етуін ұсыну тәртібі;

9) тиісті қаржы жылына әрбір лот бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу үшін бөлінген сома.

Бұл ретте, тауарларды сақтау және тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтердің әрбір лоты бойынша бөлінген сома тауарларды сақтау және тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтің алдын ала құнынан аспайды:

бөлу орталығы арқылы қызмет көрсетілетін тиісті өңірдің тапсырыс берушілерінің қажеттілігінен екі пайыздан аспайтын және тапсырыс берушінің

тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте (облыстағы, республикалық маңызы бар қаладағы және астанадағы) бөлу орталығының орналасқан жері бойынша тапсырыс берушілердің қажеттілігінен бір пайыздан аспайтын соманы құрайды; операциялық қойма арқылы сома тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың) тапсырыс берушілерінің қажеттілігінің бір пайызын құрайды.

Тауарларды есепке алу және өткізу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін әрбір лот бойынша бөлінген сома тауарлардың шекті бағасы бойынша есептелген лоттың жалпы сомасының он екі пайызын құрайды;

10) көрсетілетін қызметтерді ұсыну орны және мерзімдері;

11) сатып алынатын қызметтер көрсетілуге тиіс әрбір лот бойынша елді мекендердің тізбесі (тауарларды есепке алу және өткізу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде);

12) денсаулық сақтау субъектілерінің тізбесі және мекенжайы (тауарларды есепке алу және өткізу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде);

13) әлеуетті өнім берушінің және (немесе) оның бірлесіп орындаушының осы Қағидалардың 2-тарауының біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы талап.

Ескерту. 16-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 06.06.2019 № 380 қаулысымен.

17. Бірыңғай дистрибьютордың екі кезеңдік конкурс өткізу тәртібі мынадай жүйелі кезеңдердің жиынтығын білдіреді:

1) бірінші кезеңде мынадай іс-шаралар жүзеге асырылады:

комиссияны құру, комиссияның хатшысын айқындау;

бірыңғай дистрибьютордың интернет-ресурсына сақтау және тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді немесе есепке алу және өткізу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша екі кезеңдік конкурс өткізу туралы хабарландыруды орналастыру;

конкурстық өтінімдерді, конкурстық өтінімдерді кепілдікті қамтамасыз етуді және бастапқы баға ұсыныстарын қабылдау, ашу және алдын ала қарау, сарапшыны тарту (қажет болған кезде);

конкурстық өтінімдерге толықтыруларды қабылдау және қарау;

ең төмен бағаны айқындау рәсіміне (бұдан әрі – аукцион) жіберу үшін әлеуетті өнім берушілерді айқындау;

2) екінші кезеңде:

әлеуетті өнім берушілердің бағаларын салыстыру арқылы аукцион;

екі кезеңдік конкурстардың қорытындысын шығару жүзеге асырылады.

18. Екі кезеңдік конкурсты ұйымдастыру және өткізу үшін бірыңғай дистрибьютор конкурстық комиссия (бұдан әрі – комиссия) құрады, оның құрамын әрбір конкурсқа жеке бекітеді, хатшыны айқындайды.

19. Комиссияны құру және оның хатшысын айқындау туралы шешімді бірыңғай дистрибьютордың бірінші басшысы (немесе оның міндеттерін атқаратын адам) қабылдайды.

20. Бірыңғай дистрибьютордың бірінші басшысы Комиссия төрағасы болып айқындалады. Комиссияның құрамына төраға, төрағаның орынбасары және комиссия мүшелері кіреді. Комиссия мүшелерінің жалпы саны тақ санды құрауға және үш адамнан кем болмауға тиіс. Комиссияның хатшысы комиссия мүшесі болып табылмайды және комиссия шешім қабылдаған кезде дауыс беру құқығы болмайды.

21. Комиссия құрамына бірыңғай дистрибьютордың қызметкерлері, денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның өкілдері (келісім бойынша), "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының (келісім бойынша) қызметкерлері және (немесе) өкілдері енгізіледі.

22. Комиссия оны құру туралы шешім күшіне енген күнінен бастап әрекет етеді және тиісті қаржы жылында тауарларды сақтау және тасымалдау жөніндегі қызметтерді көрсету шарты немесе есепке алу және өткізу жөніндегі қызметтер көрсету шарты жасалған күннен бастап өз қызметін тоқтатады.

23. Төраға комиссия отырыстарына басшылық етеді, оның жұмысын жоспарлайды. Ол болмаған жағдайда төрағаның функцияларын оның орынбасары атқарады.

24. Комиссияның хатшысы хабарландыруды орналастырады, конкурстық өтінімдері, оларға қоса берілетін толықтырулар салынған конверттерді қабылдайды, комиссия отырысының күн тәртібін, қажетті құжаттар мен материалдарды қалыптастырады, комиссия отырысы өткеннен кейін оның хаттамаларын ресімдейді, конкурстық өтінімдері бар конверттерді ұсыну уақыты мен күнін, әлеуетті өнім берушінің уәкілетті өкілінің (конкурстық өтінім салынған конвертті ұсынған адамның) тегі, атын, әкесінің атын (болған жағдайда) көрсете отырып, келіп түскен конкурстық өтінімдерді тіркеу журналын және конкурстық өтінімдерді қамтамасыз етуді тіркеу журналын жүргізеді.

Келіп түскен конкурстық өтінімдерді және конкурстық өтінімді кепілдікті қамтамасыз етуді тіркеу журналдары тігілген, беттері нөмірленген, соңғы беті бірыңғай дистрибьютордың мөрімен бекітілген болуға тиіс.

25. Комиссия отырыстары комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан жағдайда өткізіледі. Комиссияның шешімі ашық дауыс беру арқылы қабылданады және егер қатысып отырған комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілігі дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі. Дауыстар тең болған жағдайда, комиссияның төрағасы немесе ол болмаған жағдайда, төрағаның орынбасары дауыс берген шешім қабылданған болып есептеледі.

Комиссия отырысының хаттамаларына барлық қатысып отырған комиссия мүшелері, төраға, төрағаның орынбасары және хатшы қол қояды және оның әр парағына бұрыштама қол қояды.

26. Комиссия құрамынан біреу болмаған жағдайда, хаттамада оның болмау себебі көрсетіледі және оның болмау себебін растайтын құжат қоса беріледі. Конкурстық өтінімдерді алдын ала қарауды бастағанға дейін комиссия құрамына комиссияның жоқ мүшелерін алмастыру бөлігінде өзгерістер енгізуге рұқсат етіледі.

27. Бірыңғай дистрибьютор қажет болған кезде сарапшыны және екі кезеңдік конкурс тәсілімен сатып алу өткізу кезінде сатып алынатын көрсетілетін қызметтерге сараптамалық қорытынды алу үшін бейінді мамандықтар бойынша сарапшыларды тартады.

Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган сарапшыны және бейінді мамандықтар бойынша сарапшыларды айқындайды және олардың екі кезеңдік конкурс тәсілімен сатып алу өткізуге қатысуын қамтамасыз етеді.

28. Сарапшы әлеуетті өнім беруші ұсынатын тауарларды сақтау және тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтердің немесе тауарларды есепке алу және өткізу жөніндегі көрсетілетін қызметтердің сипаттамаларының осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкестігіне конкурстық өтінімнің техникалық бөлігі бойынша қорытынды береді.

29. Сарапшы комиссия шешім қабылдаған кезде дауыс беруге қатысады. Сараптамалық қорытынды жазбаша түрде ресімделеді, сарапшы қол қояды және комиссия отырысының хаттамасына қоса беріледі. Сарапшының сараптамалық қорытындысын комиссия әлеуетті өнім берушіні аукционға жіберу кезінде қабылдайды.

4-тарау. Конкурстық өтінімдердің қолданылу мерзімі, мазмұны, оларды ұсыну, өзгерту және кері қайтару

30. Конкурсқа қатысуға ниет білдірген әлеуетті өнім беруші конкурстық өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін бірыңғай дистрибьюторға хабарландырудың шарттарына және осы Қағидалардың талаптарына сәйкес жасалған конкурстық өтінімді және жеке конкурстық өтінімді кепілдікті қамтамасыз етуді желімделген түрде ұсынады.

31. Бірыңғай дистрибьютор тауарларды сақтау және тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметке техникалық ерекшелік әзірлейді. Тауарларды сақтау және тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтің техникалық ерекшелігінде

бірыңғай дистрибьютор тауарларды сақтау және тасымалдау жөніндегі қызметті көрсету объектісіне, сондай-ақ әлеуетті өнім берушінің ресурстарына қойылатын талаптарды белгілейді.

32. Конкурстық өтінімдерді ұсыну мерзімі өткеннен кейін ұсынылған конкурстық өтінім ашылмайды және оны ұсынған әлеуетті өнім берушіге кері қайтарылады, бұл ретте келіп түскен өтінімдерді тіркеу журналына конкурстық өтінімнің ұсынылған уақыты белгіленеді.

33. Әлеуетті өнім беруші ұсынған конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімі кемінде күнтізбелік қырық бес күн болуға тиіс. Мерзімі екі кезеңдік конкурс шарттарында көрсетілген қолданылу мерзімінен қысқа конкурстық өтінім қабылданбайды.

34. Әлеуетті өнім берушінің конкурстық өтінімі екі бөліктен тұрады: негізгі, техникалық және бастапқы баға ұсынысы.

35. Негізгі және техникалық бөліктер жеке тігіледі және нөмірленеді, соңғы беттеріне бірінші басшы немесе өнім берушінің уәкілетті адамы қол қояды және әлеуетті өнім берушінің мөрмен расталады.

Конкурстық өтінімінің барлық үш бөліктері бір конвертке желімденеді.

Әлеуетті өнім беруші осы тармақтың талаптарына сәйкес келмейтін конкурстық өтінімді ұсынған кезде, әлеуетті өнім берушінің мұндай конкурстық өтінім қаралмай кері қайтарылады.

36. Конвертте әлеуетті өнім берушінің атауы мен заңды мекенжайы көрсетіледі. Конверт хабарламада көрсетілген мекенжай бойынша бірыңғай дистрибьюторға жіберіледі және ол "Екі кезеңдік рәсімдер пайдаланыла отырып өткізілетін конкурс _____ (конкурстың атауы көрсетіледі)" және " _____ дейін ашпаңыз" (хабарламада көрсетілген конверттерді ашу күні мен уақыты көрсетіледі)" деген сөздерді қамтуға тиіс.

37. Конкурстық өтінімді кепілдікті қамтамасыз ету тігілмейді және конвертке желімделмейді, конкурстық өтінімнен бөлек ұсынылады және конкурстық өтінімдерді ұсыну мерзімі өткенге дейін конкурстық өтінімді кепілдікті қамтамасыз ету журналында тіркеледі.

38. Әлеуетті өнім берушіге грамматикалық немесе арифметикалық қателерді түзету қажет болатын жағдайларды қоспағанда, конкурстық өтінімде, конвертте жолдар арасында ешқандай қосымша жазулар, өшірілген сөздер немесе толықтырулар болмауға тиіс. Әлеуетті өнім берушінің бастапқы баға ұсыныстарындағы грамматикалық немесе арифметикалық қателерді түзетуге жол берілмейді.

39. Конкурстық өтінімнің негізгі бөлігі мынадай құжаттарды қамтуға тиіс:

1) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша конкурсқа қатысуға өтінім (электрондық жеткізгіште өтінімге қоса берілетін құжаттардың тізімдемесі ұсынылады);

2) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің көшірмесі немесе анықтама не дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі, сондай-ақ есепке алу және өткізу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

3) заңды тұлға үшін жарғының көшірмесі (егер жарғыда құрылтайшылардың, қатысушылардың немесе акционерлердің құрамы көрсетілмесе, құрылтайшылардың, қатысушылардың құрамы туралы үзінді немесе хабарландыру күнінен ерте берілмеген құрылтай шартының көшірмесі немесе қолданыстағы акция ұстаушыларының тізілімінің үзінді ұсынылады);

4) заңды тұлғаны құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқық беретін тиісті мемлекеттік орган берген құжаттың көшірмесі, жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі (кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға үшін);

5) мәліметтері мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде расталатын, "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тиісті фармацевтикалық қызметпен айналысуға және (немесе) медициналық бұйымдарды өткізуге рұқсаттардың және (немесе) хабарламалардың көшірмелері. Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде мәліметтер болмаған жағдайда әлеуетті өнім беруші "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес алынған (жіберілген) тиісті рұқсаттың (хабарламаның) нотариат куәландырған көшірмесін ұсынады;

6) конкурсты хабарлау күнінің алдында бір айдан ерте емес "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы алынған салық төлеушінің салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар және (немесе) жарналар бойынша берешегінің бар-жоғы туралы құжат;

7) әлеуетті өнім берушіге қызмет көрсететін банктің немесе банк филиалының Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі басқармасының 2011 жылғы 31 қаңтардағы № 3 қаулысымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6793 болып енгізілген) екінші деңгейдегі банктерде, ипотекалық ұйымдарда және "Қазақстан Даму Банкі" акционерлік қоғамында бухгалтерлік есепке алу шоттарының үлгі жоспарына сәйкес банктің немесе банк филиалының алдында әлеуетті өнім берушінің анықтама берген күннің алдындағы үш айдан астам мерзімге созылған міндеттемелерінің барлық түрлері бойынша мерзімі өткен берешегінің жоқ екені туралы қол қойылған және

конверттерді ашу күнінің алдындағы бір айдан ерте емес берілген, денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша анықтаманың түпнұсқасы (егер әлеуетті өнім беруші екінші деңгейдегі бірнеше банктің немесе филиалдарының, сондай-ақ шетелдік банктің клиенті болып табылса, осындай банктердің әрқайсысынан);

8) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша біліктілік туралы мәліметтер;

9) қолданыстағы GDP сертификатының көшірмесі (3 жыл мерзімге тауарларды сақтау және тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде);

10) есепке алу жөніндегі қызметтерді сатып алу кезінде, қажет болған жағдайда – "салқындату тізбегінің" болуы туралы санитариялық-эпидемиологиялық тексеру актісі (актілер өтінімдер салынған конверттер ашылатын күнге дейін бір жылдан кешіктірілмей берілуге тиіс). Әлеуетті өнім беруші тиісті дәріханалық практика сертификатының (GPP) көшірмесін ұсынған жағдайда, жоғарыда көрсетілген актілер ұсынылмайды;

11) бірлесіп орындаушылармен тауарларды есепке алу және өткізу жөніндегі қызметтерді көрсету ниеті туралы шарттарының және (немесе) бірлесіп орындаушылармен қызметтерді көрсету кезеңіне дәрілік заттардың, медициналық бұйымдардың бөлшек саудасы объектілерінің атауларын, мекенжайларын; лицензияны және оларға қосымшаларды беру нөмірін және күнін, ұйым басшысының тегін, атын, әкесінің атын (болған жағдайда) көрсете отырып, екі кезеңдік конкурс өткізу арқылы тауарларды есепке алу және өткізу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша хабарлама орналастырылғаннан кейін жасалған шарттардың көшірмелерін. Бір қаржы жылында бір көзден сатып алу тәсілімен тауарларды есепке алу және өткізу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру кезінде не екі кезеңдік рәсімдерді пайдалана отырып қайтадан тендер өткізу кезінде әлеуетті жеткізушілер бірлесіп орындаушылармен қызметтерді көрсету кезеңіне екі кезеңдік конкурс өткізу арқылы тауарларды есепке алу және өткізу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша хабарлама орналастырылғаннан кейін жасалған шарттар ұсынылады;

12) бірлесіп орындаушының осы Қағидалардың 10-тармағының 8) – 10) тармақшаларына сәйкес біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттар;

13) осы Қағидалардың 13-тармағына сәйкес үлестестіктің болмауы туралы кепілдік хат;

14) осы Қағидалардың 13-тармағында көрсетілген фактілер анықталған жағдайда, осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен қызметтер көрсету шартын бұзуға келісу туралы хат;

15) әлеуетті өнім берушінің оңалту, банкроттық не тарату рәсіміне қатысы жоқ екенін, әлеуетті өнім берушінің жосықсыз өнім берушілер тізбесінде болмауын растайтын әлеуетті өнім берушінің кепілдік хаты;

16) конкурс жеңімпазы деп танылған жағдайда, әлеуетті өнім берушінің бірлесіп орындаушыларда да денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен амбулаториялық дәрілік қамтамасыз етуді ақпараттық есепке алу жүйесін жүргізуге арналған ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының болуын қамтамасыз ету міндеттемесін растайтын кепілдік хаты (есепке алу және өткізу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде);

17) конкурс жеңімпазы деп танылған жағдайда, әлеуетті өнім берушінің бірыңғай дистрибьютордың ақпараттық жүйесін жүргізу үшін ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымды орнату міндеттемесін растайтын кепілдік хаты (сақтау және тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде);

18) әлеуетті өнім берушінің бірінші басшысы немесе уәкілетті адамы қол қойған және әлеуетті өнім берушінің мөрімен бекітілген әлеуетті өнім берушінің бастапқы бағалық ұсынымы.

Ескерту. 39-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 06.06.2019 № 380 қаулысымен.

40. Конкурстық өтінімнің техникалық бөлігі хабарландыруда көрсетілген ұсынылатын қызметтердің техникалық ерекшеліктерінің сәйкестігін растайтын құжаттарды қамтуға тиіс.

41. Әлеуетті өнім беруші баға ұсынысын бір рет ұсынған кезде денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша әлеуетті өнім берушінің басшысы немесе уәкілетті адам қол қойған бір лот бойынша бір бастапқы, түпкілікті, қосымша баға ұсынысын береді.

42. Түпкілікті баға ұсынысы (қажет болған кезде қосымша) аукцион өткізілетін күні ұсынылады.

43. Әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысына (бастапқы, түпкілікті немесе қосымша) бірыңғай дистрибьюторға тауарларды сақтау және тасымалдау жөніндегі қызметтерді немесе есепке алу және өткізу жөніндегі қызметтерді көрсетумен байланысты барлық шығыстар енгізіледі.

44. Әлеуетті өнім берушіге тиісті баға ұсынысын беру оның хабарландыруда және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен қызметтерді көрсету шартының үлгілік нысанында көрсетілген талаптарды сақтай отырып, көрсетілетін қызметтерді ұсыну туралы келісімін білдіру нысаны болып табылады.

45. Әлеуетті өнім берушінің конкурстық өтінімді беру мерзімі аяқталғанға дейін өзінің конкурстық өтінімін өзгертуге, кері қайтаруға, сондай-ақ конкурстық өтінімнің кепілдікті қамтамасыз етуін қайтаруға құқығы бар.

46. Әлеуетті өнім берушінің Конкурстық өтінімді кері қайтару туралы хабарламасы бірыңғай дистрибьюторға жазбаша нысанда, бірақ конкурстық өтінімдерді ұсыну мерзімінен кешіктірмей жіберілуге тиіс.

47. Бірыңғай дистрибьютордың ескертулерінің негізінде конкурстық өтінімге осы Қағидаларға сәйкес өзгерістер енгізілген жағдайларды қоспағанда, конкурстық өтінімдерге және олардың қамтамасыз етулеріне конкурстық өтінімдерді ұсыну мерзімі аяқталғаннан кейін өзгерістер енгізуге жол берілмейді.

5-тарау. Конкурстық өтінімді кепілдікті қамтамасыз ету

48. Әлеуетті өнім беруші сақтау және тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша конкурсқа қатысу үшін әрбір лоттың сомасынан үш пайыз мөлшерде; есепке алу және өткізу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде әрбір лоттың сомасынан бір пайыз мөлшерде бірыңғай дистрибьюторға конкурстық өтінімді кепілдікті қамтамасыз етуді енгізеді.

Сақтау және тасымалдау жөнінде қызмет көрсетудің ұзақ мерзімді шартын жасасу үшін конкурс өткізілген жағдайда әлеуетті өнім беруші өтінім сомасынан үш пайыз мөлшерде конкурстық өтінімді кепілдікті қамтамасыз етуді енгізеді.

Бірнеше лот бойынша қатысқан жағдайда, әлеуетті өнім беруші әрбір лотқа жеке конкурстық өтінімді кепілдікті қамтамасыз етуді ұсына алады. Конкурстық өтінімді кепілдікті қамтамасыз етудің жарамдылық мерзімі екі кезеңдік конкурсқа қатысуға конкурстық өтінімді кепілдікті қамтамасыз ету мерзімінен кем болмауға тиіс.

49. Конкурстық өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі өткенге дейін конкурстық өтінімді кепілдікті қамтамасыз ету ұсынылмаған жағдайда, осындай әлеуетті өнім берушінің конкурстық өтінімі үш жұмыс күні ішінде қаралмай кері қайтарылады.

50. Конкурстық өтінімді кепілдікті қамтамасыз ету:

1) бірыңғай дистрибьютордың банктік шотына енгізілетін кепілдікті ақшалай жарна;

2) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша банктік кепілдіктің түпнұсқасы түрінде ұсынылады.

51. Әлеуетті өнім берушінің конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімі өткенге дейін үшінші тұлғада енгізілген кепілдікті ақшалай жарнасына тұтастай не бір бөлігіне талап қою құқығының туындауына әкелетін әрекеттерді жасауына жол берілмейді.

52. Бірыңғай дистрибьютор кепілдікті қамтамасыз етуді тіркеу журналында мынадай мәліметтерді көрсетеді:

1) екі кезеңдік конкурстың атауы (лот нөмірі);

2) кепілдікті қамтамасыз етуді ұсынған әлеуетті өнім берушінің уәкілетті өкілінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса);

3) кепілдікті қамтамасыз етуді тіркеу күні мен уақыты.

53. Егер әлеуетті өнім беруші:

1) конкурстық өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі өткеннен кейін конкурстық өтінімді кері қайтарып алса немесе өзгертсе (осы Қағидаларға сәйкес комиссияның ескертулерінің негізінде конкурстық өтінімге өзгерістер енгізілген жағдайларды қоспағанда);

2) конкурстың жеңімпазы деп танылғаннан кейін жеңімпаз қызметтер көрсету шартын жасасудан жалтарса;

3) жеңімпаз тиісті қаржы жылына арналған қызметтер көрсету шартын және/немесе қосымша келісімді кепілдікті қамтамасыз етуді енгізбеген не уақтылы енгізбеген жағдайда;

4) осы лот бойынша сатып алуға бөлінген сомадан асатын сомада баға ұсынысын берсе;

5) осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен бастапқы баға ұсынысын ұсынбаса;

6) екінші орын алған әлеуетті өнім беруші қызметтер көрсету шартын жасасудан жалтарса;

7) екінші орын алған әлеуетті өнім беруші қызметтер көрсету шартын жасасып, тиісті қаржы жылына арналған қызметтер көрсету шартын және/немесе қосымша келісімді орындауды кепілдікті қамтамасыз етуді мерзімінде енгізбесе, конкурстық өтінімді кепілдікті қамтамасыз ету тиісті лоттар бойынша кері қайтарылмайды.

54. Конкурстық өтінімді кепілдікті қамтамасыз ету әлеуетті өнім берушіге:

1) әлеуетті өнім беруші өзінің конкурстық өтінімін өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі өткенге дейін кері қайтарып алған;

2) бірыңғай дистрибьютордың интернет-ресурсына екі кезеңдік конкурс қорытындыларының (жеңімпаздың және екінші орын алған әлеуетті өнім берушіні қоспағанда) хаттамасын орналастырылған;

3) қызметтерді көрсету шарты күшіне енген және жеңімпаз қызметтерді көрсету шартын орындауды кепілдікті қамтамасыз етуді енгізген жағдайларда бес жұмыс күні ішінде әлеуетті өнім берушінің жазбаша өтініші бойынша қайтарылады.

Конкурстық өтінімді кепілдікті қамтамасыз ету екінші орын алған әлеуетті өнім берушіге оның жазбаша өтініші бойынша жеңімпаз қызметті көрсету шартының кепілдікті қамтамасыз етуді енгізгеннен кейін қайтарылады. Бұл ретте

, бірыңғай дистрибьютор жеңімпаз қызметті көрсету шартын орындауды кепілдікті қамтамасыз етуді енгізген күннен кейін екі жұмыс күнінен кешіктірмей екінші орын алған жеңімпазды жеңімпазбен қызметті көрсету шартының күшіне енгені туралы хабардар етеді.

6-тарау. Конкурстық өтінімдерді ашу және қарау

55. Конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашуды комиссия конкурсты өткізу туралы хабарламада көрсетілген күні, уақытта және орнында жүргізеді.

Конверттерді ашқан күннен кейінгі келесі күні комиссия регламентті бірыңғай дистрибьютордың интернет-ресурсына орналастыру арқылы осы Қағидаларда көзделген рәсімдерді өткізу орнын, уақытын және күнін көрсете отырып, регламентті әлеуетті өнім берушілердің назарына жеткізеді.

56. Конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ұсынудың соңғы мерзімі мен оларды ашу арасындағы кезең екі сағаттан аспауы тиіс.

57. Хабарландыруда көрсетілген мерзімде және осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен ұсынылған әлеуетті өнім берушілердің конкурстық өтінімдер салынған конверттер ашылуға жатады.

58. Конкурстық өтінімді ұсынған әлеуетті өнім беруші және (немесе) оның уәкілетті өкілі конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашу кезінде қатыса алады.

59. Әлеуетті өнім берушілер және олардың уәкілетті өкілдері комиссияны конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашу рәсімін жазу үшін пайдалануға ниет етіп отырған аудиожазба мен бейнетүсірілімнің техникалық құралдары туралы хабардар етеді.

60. Конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашу кезінде комиссия отырысында:

1) комиссияның хатшысы қатысушыларды: комиссияның құрамы; конкурстық өтінімдерді тіркеу журналында тіркелген, конкурстық өтінімдерін белгіленген мерзімде ұсынған әлеуетті өнім берушілер; әлеуетті өнім берушілердің сұратудың бар-жоғы туралы хабардар етеді; осы конкурс бойынша өзге де ақпаратты жария етеді;

2) төраға не комиссия мүшелері қатарынан төраға айқындаған адам: конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашады және құжаттардың тізбесі мен олардың қысқаша мазмұнын және әрбір лот бойынша мәлімделген бастапқы баға ұсыныстарын жария етеді.

61. Комиссия хатшысы конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашу хаттамасын ресімдейді және ашылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оны бірыңғай дистрибьютордың интернет-ресурсында жариялайды.

Конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашу хаттамасында:

- 1) конкурстық өтінімдер салынған конвертті ашу күні мен уақыты;
- 2) конкурстық комиссияның құрамы, конкурстық комиссияның хатшысы;
- 3) ұсыну уақыты мен күні көрсетілген конкурстық өтінімді және конкурстық өтінімді кепілдікті қамтамасыз етуді ұсынған әлеуетті өнім берушілердің атауы;
- 4) конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі аяқталғанға дейін өздерінің конкурстық өтінімдерін кері қайтарып алған әлеуетті өнім берушілердің атауы (бар болса);
- 5) конкурстық өтінімдердің қабылдаудың соңғы мерзімі аяқталғаннан кейін конкурстық өтінім ұсынған әлеуетті өнім берушілердің атауы (бар болса);
- 6) әлеуетті өнім берушінің конкурстық өтінімдерді ашу рәсіміне қатысқан басшысының және (немесе) уәкілетті өкілінің тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) көрсетіле отырып, әлеуетті өнім берушінің атауы;
- 7) әлеуетті өнім беруші екі кезеңдік конкурсқа қатысу үшін ұсынған конкурстық өтінімдердің тізімдемесі;
- 8) олар қатысатын лоттардың нөмірлерін және әрбір лот бойынша мәлімделген бастапқы баға ұсыныстарын көрсете отырып, конкурстық өтінім ұсынған әлеуетті өнім берушілердің атауы көрсетіледі.

62. Конкурстық өтінімдерді ашу хаттамасы жарияланған күннен бастап үшінші жұмыс күнінен кешіктірмей комиссияның хатшысы конкурстық өтінімдерді сарапшыға қарау үшін ұсынады.

63. Конкурстық комиссия конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашу күнінен бастап он жұмыс күні ішінде конкурстық өтінімдердің және конкурстық өтінімді кепілдікті қамтамасыз етудің осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігін алдын ала қарайды.

64. Комиссия осы Қағидалардың талаптарына сәйкессіздік анықталған жағдайда мұндай әлеуетті өнім берушілерге конкурстық өтінімдерді сәйкес келтіру үшін, бірақ бірыңғай дистрибьютордың интернет-ресурсына алдын ала қарау хаттамасы орналастырылған күннен бастап үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде береді.

Әлеуетті өнім берушілердің банкроттық не тарату рәсіміне қатысы жоқтығы бөлігінде талаптарға сәйкестігін анықтау мақсатында комиссия банкроттық не тарату рәсімдерінің жүргізілуіне бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті органның интернет-ресурсына орналастырылған ақпаратты олардың жосықсыз өнім берушілер тізбесінде болу бөлігінде қарайды, денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның интернет-ресурсына орналастырылған ақпаратты қарайды.

65. Осы Қағидалардың 13-тармағын бұзған әлеуетті өнім берушілерге комиссия конкурстық өтінімдерді сәйкес келтіру үшін мерзім бермейді.

66. Комиссия енгізілген конкурстық өтінімді кепілдікті қамтамасыз етуді:

1) банктік кепілдік түрінде ұсынылған конкурстық өтінімді қамтамасыз етудің қолданылу мерзімі жеткіліксіз болған;

2) комиссияға:

конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді ұсынған адамды;

оған қатысу үшін банктік кепілдік түрінде конкурстық өтінімді қамтамасыз ету енгізетін конкурстың атауын;

конкурстық өтінімді қамтамасыз етудің қолданылу мерзімін, банктік кепілдік түрінде ұсынылған оны ұсыну шарттарын;

конкурстық өтінімді кепілдікті қамтамасыз ету ұсынған адамды;

пайдасына конкурстық өтінімді қамтамасыз ету енгізілетін адамды белгілеуге мүмкіндік бермейтін мәліметтердің болмауынан көрінетін конкурстық өтінімді қамтамасыз ету тиісінше ресімделмеген;

3) енгізілген конкурстық өтінімді кепілдікті қамтамасыз ету сомасы осы Қағидалардың 49-тармағының талаптарына сәйкес келмеген жағдайларда, осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келмейді деп таниды.

67. Конкурстық өтінімдерді қарау аяқталғаннан кейін алдын ала қарау хаттамасы жасалады.

Конкурстық өтінімдерді алдын ала қарау хаттамасы – он жұмыс күні ішінде, қайталама конкурс өткізілген кезде конкурстық өтінімдер салынған конверттердің ашылған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде бірыңғай дистрибьютордың интернет-ресурсына орналастырылады, онда:

1) конкурстық өтінімдерді алдын ала қарау орны, күні және уақыты;

2) конкурстық комиссияның құрамы, конкурстық комиссияның хатшысы;

3) олар қатысатын лоттардың нөмірлері көрсетілген конкурстық өтінімдерді ұсынған әлеуетті өнім берушілердің атауы және әрбір лот бойынша мәлімделген бастапқы баға ұсыныстары;

4) конкурстық өтінімдеріне ескертулер болмаған әлеуетті қызмет берушілердің атауы;

5) конкурстық өтінімдеріне себептері көрсетілген ескертулер бар әлеуетті өнім берушілердің атауы;

6) аукционға жіберілген әлеуетті өнім берушілердің атауы;

7) алдын ала қарау хаттамасын ашуды жариялау күнін қоспағанда, үш жұмыс күнінен аспайтын ескертулерді жою мерзімі;

8) кемінде екі конкурстық өтінім ұсынылған лоттардың нөмірлері көрсетіледі.

68. Алдын ала қарау хаттамасына конкурстық өтінімдерді алдын ала қарау туралы шешім қабылданған күні қол қойылады.

Конкурстық өтінімдерді алдын ала қарау хаттамасы оған қол қойылған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде бірыңғай дистрибьютордың интернет-ресурсына орналастырылады.

69. Әлеуетті өнім беруші бірыңғай дистрибьюторға алдын ала қарау хаттамасында көрсетілген мерзімдерде конкурстық өтінімді берген кезде қойылатын талаптарға сәйкес ресімделген комиссияның ескертулері бойынша конкурстық өтінімге толықтырулар ұсынады. Әлеуетті өнім берушінің алдын ала қарау хаттамасында көрсетілген бірыңғай дистрибьютордың ескертулерінен басқа, конкурстық өтінімге толықтыруларын комиссия қарамайды.

70. Конкурстық өтінімге толықтырулар салынған конверттерді ашуды комиссия регламентке сәйкес жүзеге асырады.

Толықтыруларды ұсынған әлеуетті өнім беруші және (немесе) оның уәкілетті өкілі толықтырулар салынған конверттерді ашу кезінде қатыса алады.

71. Толықтырулар салынған конверттерді ұсынудың соңғы мерзімі мен оларды ашу арасындағы кезең екі сағаттан аспауға тиіс.

72. Комиссия толықтырулары бар конкурстық өтінімдерді конкурстық өтінімдерге толықтырулар салынған конверттерді ашу күнінен кейін бес жұмыс күні ішінде екі кезеңдік қайталама конкурс кезінде конкурстық өтінімдерге толықтырулар салынған конверттерді ашу күнінен кейін үш жұмыс күні ішінде қайта қарайды.

73. Комиссия конкурстық өтінімдерді қайта қараған кезде:

1) конкурстық өтінімдерді және оларға толықтыруларды осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келтіру толықтығы және ескертулерді жою тұрғысынан қайта қарайды;

2) конкурстық өтінімдері осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келмейтін әлеуетті өнім берушілерді айқындайды;

3) конкурстық өтінімдерді қарау нәтижелері бойынша бір ғана әлеуетті өнім беруші Қағидаларға және хабарландырылған шарттарға сәйкес келген жағдайда, оның жеңімпаз деп айқындайды және онымен аукцион өткізбей қызметтер көрсету шарты жасалады. Бұл ретте, мұндай әлеуетті өнім берушіден лот бойынша қызметтерді сатып алу оның конкурстық өтініміне сәйкес автоматты түрде жүзеге асыралады және лоттағы қызметтің бағасы оның конкурстық баға ұсынысынан аспауға тиіс.

74. Конкурстық өтінімдерде қамтылған мәліметтерді нақтылау мақсатында конкурстық комиссия тиісті жеке немесе заңды тұлғалардан, мемлекеттік органдардан жазбаша нысанда және (немесе) электрондық нысанда қажетті ақпаратты сұратуға құқылы.

Комиссияның конкурсқа қатысуға арналған өтінімді жетіспейтін құжаттармен толықтырумен, конкурстық өтінімде ұсынылған құжаттарды ауыстырумен, конкурстық өтінімдерді осы Қағидалардың 64-тармағында көзделген біліктілік

талаптарына сәйкес келтіру мерзімі өткеннен кейін тиісінше ресімделмеген сәйкес келтірумен байланысты сұрау салу жіберуіне және өзге де іс-әрекетіне жол берілмейді.

75. Қайта қарау нәтижелері бойынша аукционға жіберу хаттамасы жасалады, оған комиссияның барлық қатысып отырған мүшелері қол қояды және ол қайта қарау мерзімі өткеннен кейін келесі күні бірыңғай дистрибьютордың интернет-ресурсына орналастырылады.

76. Аукционға жіберу хаттамасы мынадай ақпаратты қамтиды:

- 1) аукцион өткізу орны, күні мен уақыты;
- 2) комиссияның құрамы, комиссияның хатшысы;
- 3) әлеуетті өнім берушілердің әрқайсысы қатысатын лоттардың нөмірлері көрсетіліп, конкурстық өтінімдерді ұсынған әлеуетті өнім берушілердің атаулары ;
- 4) конкурстық өтінімдеріне ескертулер болмаған әлеуетті өнім берушілердің атаулары;
- 5) конкурстық өтінімдерге комиссияның ескертулері болған әлеуетті өнім берушілердің атаулары, сондай-ақ конкурстық өтінімдерге толықтырулар ұсыну туралы ақпарат;
- 6) себептерін көрсете отырып, конкурстық өтінімдері осы Қағидаларға сәйкес тұтастай немесе лот бойынша кері қайтарылған әлеуетті өнім берушілердің атауы;
- 7) бәсекелестік ортаның болмауына байланысты аукционға қатыспайтын бір ғана әлеуетті өнім беруші жіберілген лоттардың нөмірлері;
- 8) әрбір лот бойынша әлеуетті өнім берушілер ұсынған бастапқы баға ұсынысының сомасы;
- 9) әлеуетті өнім берушілерді аукционға жіберу туралы комиссияның шешімі.

7-тарау. Конкурстық өтінімді қабылдамау негіздемелері

77. Комиссия:

- 1) осы Қағидалардың талаптарына сәйкес конкурстық өтінімді кепілдікті қамтамасыз ету ұсынылмаған;
- 2) осы Қағидалардың талаптарына және (немесе) хабарландыру шарттарына сәйкес келмейтін конкурстық өтінім ұсынылған;
- 3) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің көшірмесі не заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама ұсынылмаған;
- 4) заңды тұлғаға арналған жарғының көшірмесі немесе құрылтайшылардың, қатысушылардың құрамы туралы үзінді немесе акция ұстаушылардың тізілімінен

үзінді немесе сатып алуды хабарлау күнінен ерте емес берілген құрылтай шартының көшірмесі ұсынылмаған;

5) тиісті мемлекеттік орган берген заңды тұлғаны құрмай, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқық беретін құжаттың көшірмесі және (немесе) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі ұсынылмаған (кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлға үшін) ұсынылмаған;

6) мәліметтері мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде расталатын "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес алынған тиісті фармацевтикалық қызметпен айналысуға және (немесе) медициналық бұйымдарды өткізуге арналған рұқсаттардың (хабарламалардың) көшірмелері ұсынылмаған не мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде мәліметтер болмаған жағдайда "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес алынған (жіберілген) тиісті рұқсаттың (хабарламаның) нотариат куәландырған көшірмесі ұсынылмаған;

7) конверттерді ашу күнінің алдындағы бір айдан ерте емес "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы алынған салық төлеушінің салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар және (немесе) жарналар бойынша берешегінің жоқ (бар) екені туралы құжат ұсынылмаған;

8) тиісті мемлекеттік кірістер органының құжаттарында салық берешегі, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар және (немесе) жарналар бойынша берешек (берешектің жалпы сомасында көрсетілмеген олар бойынша төлем мерзімдері өзгертілген сомаларды қоспағанда) туралы ақпарат болған;

9) осы Қағидалардың талаптарына сәйкес қол қойылған банк анықтамасының түпнұсқасы ұсынылмаған;

10) банктің немесе банк филиалының анықтамасында осы анықтаманы беру күнінің алдындағы үш айдан артық созылған әлеуетті өнім берушінің міндеттемелері бойынша мерзімі өткен берешегі болған;

11) қолданыстағы GDP сертификатының көшірмесі (3 жыл мерзімге тауарларды сақтау және тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде) ұсынылмаған;

12) есепке алу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде, қажет болған жағдайда – "салқындату тізбегінің" болуы туралы санитариялық-эпидемиологиялық зерттеп-қарау актісі ұсынылмаған (актілер өтінімдер салынған конверттерді ашу күніне дейін бір жылдан кешіктірілмей

берілуі тиіс), әлеуетті өнім беруші тиісті дәріханалық практика сертификатының (GPP) көшірмесін ұсынған жағдайда, жоғарыда көрсетілген актілер ұсынылмайды;

13) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша біліктілік туралы мәліметтер ұсынылмаған;

14) осы Қағидалардың 2-тарауында белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келмеген;

15) әлеуетті өнім беруші осы Қағидалардың талаптарына және хабарланған шарттарға сәйкес техникалық ерекшелікті ұсынбаған;

16) сақтау және тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде әлеуетті өнім беруші осы Қағидалардың талаптарына және (немесе) хабарландыруға сәйкес келмейтін техникалық ерекшелік ұсынған;

17) біліктілік талаптарына және осы Қағидалардың шеңберінде сатып алынатын көрсетілетін қызметтерге қойылатын талаптар бойынша дәйексіз ақпарат ұсыну фактісі анықталған;

18) әлеуетті өнім берушіге қатысты банкроттық не тарату рәсімін жүргізу фактісі анықталған;

19) егер конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімі хабарланған екі кезеңдік конкурстың шарттарында көрсетілгенге қарағанда қысқа болса;

20) егер бастапқы баға ұсынысы ұсынылмаса не қол қойылмай және әлеуетті өнім берушінің мөрімен бекітілмей ұсынылған;

21) тиісті лот бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу үшін бөлінген сомадан жоғары баға ұсынысы ұсынылған;

22) әлеуетті өнім беруші ұсынып отырған көрсетілетін қызмет сипаттамаларының және/немесе техникалық ерекшелігінің осы Қағидаларда және сатып алынатын көрсетілетін қызметке техникалық ерекшелікте белгіленген талаптарға сәйкес келмейді деп таныған сарапшының немесе сарапшылардың ұсынымдары қабылданған;

23) осы Қағидаларға сәйкес мұндай көрсетілетін қызметтерді алдыңғы сатып алу кезінде әлеуетті өнім беруші қызметтер көрсету шартын немесе сақтау және тасымалдау жөніндегі қызметтерді көрсетудің ұзақ мерзімді шартын жасасудан жалтарған;

24) әлеуетті өнім беруші жосықсыз әлеуетті өнім берушінің (өнім берушілердің) тізбесінде тұрған;

25) осы Қағидалардың 39-тармағының 11) – 18) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды ұсынбаған жағдайда, конкурстық өтінімді тұтастай немесе жеке лот бойынша қабылдамайды.

Ескерту. 77-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 06.06.2019 № 380 қаулысымен.

8-тарау. Аукцион

78. Төмендетуге арналған аукцион аукционға рұқсат хаттамасында көрсетілген уақыт бойынша басталады. Әлеуетті өнім беруші баға ұсынымдарын ұсынуға уәкілетті адамдардың қатысуын қамтамасыз етеді.

79. Тауарларды сақтау және тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметті сатып алу бойынша аукцион өткізу кезінде әлеуетті өнім беруші сақтау және тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтің құнын төмендетуге қарай өзгерістер ұсынады.

Тауарды өткізуді есепке алу жөніндегі көрсетілетін қызметті сатып алу бойынша аукцион өткізу кезінде әлеуетті өнім беруші көрсетілетін қызмет үшін сыйақы мөлшері бойынша бастапқы, түпкілікті баға ұсынысын төмендетуге қарай өзгерістер ұсынады.

80. Хатшы не комиссия мүшесі екі кезеңдік конкурсқа қатысушыларға лот бойынша аукционға жіберілген әлеуетті өнім берушілердің барлық бастапқы баға ұсыныстарын хабарлайды, одан кейін бастапқы баға ұсыныстарын азайтуды және түпкілікті баға ұсынысын беруді ұсынады.

81. Түпкілікті, қосымша баға ұсыныстарын қабылдауға оларды қабылдаудың басталғаны хабарланған сәттен бастап есептелетін бес минутқа дейін уақыт беріледі. Егер бастапқы баға ұсынысын енгізген әлеуетті өнім беруші түпкілікті баға ұсынысын енгізбесе, оның бастапқы ұсынысы түпкілікті ретінде қабылданады.

82. Екі және одан да көп бірдей ең төмен түпкілікті баға ұсыныстары берілген жағдайда, ең төмен бағаны айқындау үшін түпкілікті деп есептелетін қосымша баға ұсынымын беруге жол беріледі.

83. Егер, әлеуетті өнім беруші лот бойынша екі және одан да көп бірдей ең төмен түпкілікті баға ұсынысын ұсынған жағдайда, конкурстық өтінімді бірінші болып ұсынған әлеуетті өнім беруші жеңімпаз деп танылады.

84. Ең төмен баға ұсынысынан кейін екі және одан да көп бірдей ең төмен түпкілікті баға ұсынысын ұсынған жағдайда, конкурстық өтінімді бірінші болып берген әлеуетті өнім беруші екінші орын алған әлеуетті өнім беруші деп танылады.

85. Екінші орын алған әлеуетті өнім беруші ең төмен баға ұсынысынан кейінгі түпкілікті баға ұсынысының негізінде айқындалады.

86. Екінші орын алған әлеуетті өнім беруші бірдей баға ұсыныстары ұсынылған жағдайда айқындалмайды.

87. Аукцион өткізу кезінде лот бойынша баға ұсынысын қабылдамау негіздемелері:

1) түпкілікті (қосымша бар болса) баға ұсынысының осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келмеуі;

2) лот бойынша сатып алуға бөлінген бағадан жоғары түпкілікті баға ұсынысының (бар болса қосымша) берілуі.

Бұл ретте, егер лот бойынша аукционға екі әлеуетті өнім берушіден аз қатысса, комиссия бәсекелестік ортаның болмауына байланысты мұндай лотты өткізілмеген деп таниды және бірыңғай дистрибьютор осы әлеуетті өнім берушіден бір көзден сатып алу тәсілімен сатып алуды жүзеге асырады.

88. Сақтау және тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде аукцион қадамы әлеуетті өнім беруші ұсынатын бастапқы баға ұсынысынан кемінде бес (5%) пайызды, есепке алу және өткізу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде әлеуетті өнім беруші ұсынатын бастапқы баға ұсынысынан кемінде үш (3%) пайызды құрайды.

89. Ең төмен баға ұсынысын берген әлеуетті өнім беруші жеңімпаз болып танылады.

90. Екі кезеңдік конкурстың қорытындылары шығарылғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде комиссия қорытындылар хаттамасына қол қояды, онда мынадай ақпарат көрсетіледі:

- 1) аукционның күні, басталу және аяқталу күні, уақыты;
- 2) комиссияның құрамы, комиссияның хатшысы;
- 3) аукционға жіберілген әлеуетті өнім берушілердің атауы және орналасқан жері (мекенжайы);
- 4) лоттардың атауы және қысқаша сипаты;
- 5) әрбір лот (болған кезде) бойынша конкурс қорытындылары бойынша айқындалған ең төмен баға;
- 6) екінші орын алған әлеуетті өнім беруші лотының бағасы (ол айқындалған жағдайда);
- 7) сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің сомасын (бар болса) көрсете отырып, әрбір лот бойынша жеңімпаздардың атаулары (бар болса);
- 8) әрбір лот бойынша екінші орын алған әлеуетті өнім берушінің атауы (ол айқындалған жағдайда);
- 9) конкурс не оның жекелеген лоты өткізілмеді деп тану негіздемесі (мұндай жағдай туындаған кезде);
- 10) аукционға қатысқан кезде негіздемесі көрсетіле отырып қабылданбаған әлеуетті өнім берушілердің атаулары (бар болса);

11) осы Қағидаларға сәйкес қызметтер көрсету шартына қол қойылуға тиіс мерзім.

91. Комиссия қол қойғаннан кейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей қорытынды хаттамасы бірыңғай дистрибьютордың интернет-ресурсында жариялануға тиіс.

92. Екі кезеңдік конкурс тәсілімен сатып алу немесе оның қандай да бір лоты мынадай негіздемелердің бірі бойынша:

- 1) ұсынылған конкурстық өтінімдер болмаса;
- 2) аукционға қатысуға бірде-бір әлеуетті өнім беруші жіберілмесе;
- 3) егер аукцион өткізу кезінде аукционға қатысатын екі әлеуетті өнім берушіден аз қалса;
- 4) аукционға қатысуға бір әлеуетті өнім беруші жіберілсе, өткізілмеді деп танылады.

93. Осы Қағидалардың 9-тарауының талаптары ескеріле отырып, бірыңғай дистрибьютор мен конкурс жеңімпазының арасында екі кезеңдік конкурс қорытындыларының негізінде қызметтер көрсету бойынша шарттар немесе сақтау және тасымалдау жөнінде қызмет көрсетудің ұзақ мерзімді шарты үш жылға дейінгі мерзімге жасалады.

94. Егер екі кезеңдік конкурс тәсілімен сатып алу немесе оның қандай да бір лоты өткізілмеді деп танылса, бірыңғай дистрибьютор мынадай:

- 1) екі кезеңдік конкурсты қайта өткізу туралы;
- 2) екі кезеңдік конкурстың шарттарын өзгерту және екі кезеңдік конкурсты қайта өткізу туралы;
- 3) бір көзден сатып алу тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру туралы шешімдердің бірін қабылдайды.

Қайталама екі кезеңдік конкурс осы Қағидаларға сәйкес конкурс өткізу тәртібіне сай өткізіледі.

9-тарау. Бір көзден сатып алу тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру тәртібі

1-параграф. Бір көзден сатып алу тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру тәртібі

95. Бірыңғай дистрибьютор мынадай:

- 1) екі кезеңдік конкурс тұтастай немесе қандай да бір лот бойынша өткізілмеді деп танылған;
- 2) егер екі кезеңдік конкурстың жеңімпазы және (немесе) екінші орын алған әлеуетті өнім беруші (бар болса) белгіленген мерзімде беру шартына немесе сақтау және тасымалдау жөніндегі қызмет көрсетудің ұзақ мерзімді шартына қол қоймаса немесе жалтарса;

3) сақтау және тасымалдау жөніндегі қызметтер көрсету шарты немесе ұзақ мерзімді қызмет көрсету шарты бойынша өнім берушінің өз міндеттемелерін орындамауына, тиісінше орындамауына байланысты қызметтер көрсету шартын бұзған;

4) бірыңғай дистрибьютор көрсетілетін қызметтерді сатып алу қорытындысын жасағанға дейінгі кезеңде бірыңғай дистрибьюторда алпыс күндік қажеттілікке дейін көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыруға қажеттілігі туындаған;

5) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сақтауға және тасымалдауға, есепке алуға және өткізуге байланысты көрсетілетін қызметтерді сатып алу мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартында көрсетілген жағдайларда бір көзден алу тәсілімен сатып алуды жүзеге асырады.

Ескерту. 95-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 06.06.2019 № 380 қаулысымен.

96. Бірыңғай дистрибьютор:

1) екі кезеңдік конкурс осы Қағидаларда көзделген негіздер бойынша өткізілмеді деп танылған күннен бастап;

2) екі кезеңдік конкурстың жеңімпазы және (немесе) екінші орын алған әлеуетті өнім беруші (бар болса) белгіленген мерзімде сақтау және тасымалдау жөнінде қызмет көрсету шартына немесе ұзақ мерзімді қызмет көрсету шартына қол қоймағанда немесе жалтарғанда;

3) сақтау және тасымалдау жөнінде қызмет көрсету шарты немесе ұзақ мерзімді қызмет көрсету шарты бойынша өнім берушінің өз міндеттемелерін орындамауы, тиісінше орындамауына байланысты қызметтер көрсету шартын бұзған күннен кейін;

4) бірыңғай дистрибьютор көрсетілетін қызметтерді сатып алу қорытындысын жасағанға дейінгі кезеңде бірыңғай дистрибьюторда алпыс күндік қажеттілікке дейін көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыруға қажеттілігі туындаған кезде бірыңғай дистрибьютор шешім қабылдағаннан кейін бес жұмыс күні ішінде бір көзден сатып алу тәсілімен сатып алу өткізу туралы шешім қабылдайды.

97. Бір көзден сатып алу тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде бірыңғай дистрибьютор әлеуетті өнім берушіден:

1) баға ұсынысын;

2) әлеуетті өнім берушінің осы Қағидалардың 2-тарауында белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарды сұратады.

98. Өткізілмеген екі кезеңдік конкурстар бойынша бір көзден сатып алу тәсілімен сатып алуды жүзеге асырған кезде әлеуетті өнім беруші бір көзден сатып алу тәсілімен сатып алуға қатысу үшін ұсынған баға ұсынысы, оның

аукцион жүргізу кезінде берген түпкілікті баға ұсынысынан, ал түпкілікті баға ұсынысы болмаған жағдайда бастапқы баға ұсынысынан аспайды. Бір көзден сатып алу тәсілімен сатып алу өткізілген кезде, бір көзден сатып алу тәсілімен сатып алу өткізілген жоқ деп танылған жағдайда, бірыңғай дистрибьютор қызметтерді тиісті лоттар бойынша сатып алу үшін бөлінген сомадан аспайтын күн бойынша сатып алады.

99. Бір көзден сатып алу тәсілімен сатып алуды ұйымдастыру және өткізу мынадай жүйелі іс-шаралардың орындалуын көздейді:

1) бірыңғай дистрибьютордың осы тәсілді қолдануды негіздемесімен бір көзден сатып алу тәсілімен сатып алу өткізу туралы шешім қабылдауы;

2) бір көзден сатып алу тәсілімен сатып алу рәсімдерін ұйымдастыру және өткізу үшін комиссия құру;

3) көрсетілетін қызметтің әлеуетті өнім берушісіне бір көзден сатып алу тәсілімен қызметтерді сатып алуға қатысу туралы шақыру жіберу;

4) әлеуетті өнім берушінің бірыңғай дистрибьюторға бір көзден сатып алу тәсілімен қызметтерді сатып алуға қатысу туралы шақыру күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде бір көзден сатып алу тәсілімен қызметтерді сатып алуға қатысу туралы келісімін немесе себептерін көрсете отырып қатысудан бас тарту туралы хат жіберуі. Бірыңғай дистрибьютор әлеуетті өнім берушінің негізделген өтініші бойынша құжаттарды ұсыну күнін күнтізбелік жиырма күнге дейін ұзарта алады. Бұл ретте осы тармақшада белгіленген мерзімде жауаптың болмауы бір көзден сатып алу тәсілімен сатып алуға қатысудан бас тарту деп есептеледі;

5) әлеуетті өнім берушінің бірыңғай дистрибьюторға бір көзден сатып алу тәсілімен қызметтерді сатып алуға қатысу туралы шақыру күнінен бастап жеті жұмыс күні ішінде баға ұсынысын және әлеуетті өнім берушінің осы Қағидалардың 2-тарауының талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарды жіберуі;

6) әлеуетті өнім беруші ұсынған, олардың осы Қағидалардың 2-тарауының талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарды қарау;

7) әлеуетті өнім берушілермен көрсетілетін қызмет құнын азайту жайында келіссөздер жүргізу. Әлеуетті өнім беруші мұндай ұсыныстан бас тарта алады, бұл бірыңғай дистрибьютордың қызметтер көрсету шартына қол қоюдан бас тартуы үшін негіздеме болып табылмайды;

8) әлеуетті өнім беруші қажетті құжаттарды ұсынған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде бір көзден сатып алу тәсілімен сатып алу қорытындылары туралы хаттаманы бірыңғай дистрибьютордың интернет-ресурсына орналастыру, онда мыналар көрсетіледі:

комиссияның құрамы мен хатшысы;

бір көзден сатып алу тәсілімен сатып алу өткізу негіздемелері;

бір көзден сатып алу тәсілімен сатып алуға шақырылған әлеуетті өнім берушілердің атауы;

құжаттары осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келетін әлеуетті өнім берушілердің атауы;

көрсетілетін қызметтің, лоттың, қызметтер құнының атауын көрсете отырып, бір көзден сатып алу тәсілімен сатып алуды жүзеге асыратын әлеуетті өнім берушінің атауы;

сақтау және тасымалдау жөнінде қызмет көрсету шартына, ұзақ мерзімді қызмет көрсету шартына қол қойылуға тиіс мерзім;

бір көзден сатып алу тәсілімен сатып алу өткізілмеді деп танылған лоттардың атауы;

9) әлеуетті өнім берушімен бір көзден сатып алу тәсілімен қызметтерді сатып алу қорытындылары туралы хаттаманың негізінде қызмет көрсету шартын жасасу. Бір көзден сатып алу тәсілімен сатып алу қорытындылары бойынша қызмет көрсету шарттары осы Қағидалардың 9-тарауының талаптары ескеріле отырып жасалады.

100. Бір көзден сатып алу тәсілімен көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде бірыңғай дистрибьютор өзінің интернет-ресурсында хабарландыру жариялайды.

Бір көзден сатып алу тәсілімен сатып алу туралы хабарландыру өтінімдер қабылдау аяқталардан үш жұмыс күні бұрын мемлекеттік және орыс тілдерінде орналастырылады.

101. Бір көзден сатып алу тәсілімен қызметтерді сатып алу туралы хабарландыру осы Қағидалардың 16-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес жарияланады.

Бір көзден сатып алу тәсілімен сатып алуға қатысу үшін шақырылған әлеуетті өнім беруші екі кезеңдік конкурсқа қатысуға жіберілген жағдайда біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарды қайта ұсынбауға құқылы.

2-параграф. Екі кезеңдік конкурс тұтастай немесе қандай да бір лот бойынша өткізілмеді деп танылған кезде бір көзден сатып алу тәсілімен сатып алу тәртібі

102. Қатысуға ұсынылған өтінімдердің болмауы себебінен екі кезеңдік конкурс тәсілімен сатып алу өткізілген жоқ деп танылған жағдайда, бірыңғай дистрибьютор бір көзден сатып алу тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру туралы шешім қабылдаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде екі кезеңдік конкурс тәсілімен сатып алу кезінде ұқсас қызметтерді іс жүзінде көрсететін әлеуетті

өнім берушілердің қатарынан бір мезгілде оны бірыңғай дистрибьютордың интернет-ресурсына орналастыра отырып шақыру жібереді не бірыңғай дистрибьютордың интернет-ресурсына бір көзден сатып алу тәсілімен көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы хабарландыруды орналастыру туралы шешім қабылдайды.

103. Аукционға бір де бір әлеуетті өнім берушінің жіберілмеуі себебінен екі кезеңдік конкурс тәсілімен сатып алу өткізілмеді деп танылған жағдайда, бірыңғай дистрибьютор бір көзден сатып алу тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру туралы шешім қабылдаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде екі кезеңдік конкурс тәсілімен ұқсас қызметтерді іс жүзінде көрсететін әлеуетті өнім берушілердің қатарынан бірыңғай дистрибьютор айқындаған әлеуетті өнім берушіге, бір мезгілде оны бірыңғай дистрибьютордың интернет-ресурсына орналастыра отырып шақыру жібереді не бірыңғай дистрибьютордың интернет-ресурсына бір көзден сатып алу тәсілімен көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы хабарландыруды орналастыру туралы шешім қабылдайды.

104. Аукционға қатысуға бір ғана әлеуетті өнім берушінің жіберілуі себебінен екі кезеңдік конкурс тәсілімен сатып алу өткізілмеді деп танылған жағдайда бірыңғай дистрибьютор бір көзден сатып алу тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру туралы шешім қабылдаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде аталған әлеуетті өнім берушіге шақыру жібереді.

105. Аукцион жүргізу кезінде бір әлеуетті өнім берушінің қалуы себебінен екі кезеңдік конкурс тәсілімен сатып алу өткізілмеді деп танылған жағдайда, бірыңғай дистрибьютор бір көзден сатып алу тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру туралы шешім қабылдаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде аталған әлеуетті өнім берушіге бір мезгілде бірыңғай дистрибьютордың интернет-ресурсына орналастыра отырып шақыру жібереді.

3-параграф. Екі кезеңдік конкурстың жеңімпазы және (немесе) екінші орын алған әлеуетті өнім беруші (болған кезде) белгіленген мерзімде қызметтерді көрсету шартына немесе қызмет көрсетудің ұзақ мерзімді шартына қол қоймағанда немесе жалтарғанда бір көзден сатып алу тәсілімен сатып алу тәртібі

106. Екі кезеңдік конкурстың жеңімпазы және (немесе) екінші орын алған әлеуетті өнім беруші (болған кезде) белгіленген мерзімде сақтау және тасымалдау жөнінде қызмет көрсету шартына немесе ұзақ мерзімді қызмет көрсету шартына қол қоймағанда немесе жалтарғанда бірыңғай дистрибьютор бір көзден сатып алу тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру туралы шешім

қабылдаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде екі кезеңдік конкурсқа қатысқан, аукционда жеңімпаздан және екінші орын алған өнім берушіден кейін ең төмен баға ұсынысын ұсынған әлеуетті өнім берушіге (болған кезде) шақыру жібереді.

107. Осы тараудың 106-тармағына сәйкес бір көзден сатып алу тәсілімен сатып алуды жүзеге асырған кезде бірыңғай дистрибьютор бір көзден сатып алу тәсілімен сатып алуға қатысу үшін шақырған әлеуетті өнім беруші екі кезеңдік конкурсқа аталған қатысушының осы Қағидалардың 2-тарауында белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарды қайта ұсынбайды. Бұл ретте, шақыруда қамтылған мәліметтер екі кезеңдік конкурстың шарттарына сәйкес келуге тиіс.

108. Егер, аукционға лот бойынша сақтау және тасымалдау жөнінде қызмет көрсету шартына немесе ұзақ мерзімді қызмет көрсету шартына қол қоймаған немесе жалтарған екі әлеуетті өнім беруші ғана жіберілген жағдайда, бірыңғай дистрибьютор бір көзден сатып алу тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру туралы шешім қабылдаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде екі кезеңдік конкурс тәсілімен сатып алу кезінде ұқсас қызметтерді іс жүзінде көрсететін әлеуетті өнім берушілердің қатарынан бірыңғай дистрибьютор айқындаған әлеуетті өнім берушіге бір мезгілде оны бірыңғай дистрибьютордың интернет-ресурсына орналастыра отырып шақыру жібереді не бірыңғай дистрибьютордың интернет-ресурсына бір көзден сатып алу тәсілімен көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы хабарландыруды орналастыру туралы шешім қабылдайды.

Бұл ретте бірыңғай дистрибьютор осы тараудың 1-параграфында көзделген тәртіппен рәсімдерді жүзеге асырады.

4-параграф. Қызмет көрсету шарты немесе қызмет көрсетудің ұзақ мерзімді шарты бойынша өнім берушінің өзінің міндеттемелерін орындамауы, тиісінше орындамауына байланысты қызметтер көрсету шартын бұзу кезінде бір көзден сатып алу тәсілімен сатып алу тәртібі

109. Сақтау және тасымалдау жөнінде қызмет көрсету шарты немесе ұзақ мерзімді қызмет көрсету шарты бойынша өнім берушінің өз міндеттемелерін орындамауына, тиісінше орындамауына байланысты сақтау және тасымалдау жөнінде қызмет көрсету шартын немесе ұзақ мерзімді қызмет көрсету шартын бұзу кезінде бірыңғай дистрибьютор бір көзден сатып алу тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру туралы шешім қабылдаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде екі кезеңдік конкурс тәсілімен ұқсас қызметтерді іс жүзінде көрсететін әлеуетті өнім берушілердің қатарынан бірыңғай дистрибьютор айқындаған әлеуетті өнім берушіге бір мезгілде оны бірыңғай дистрибьютордың интернет-ресурсына

орналастыра отырып шақыру жібереді не бірыңғай дистрибьютордың интернет-ресурсына бір көзден сатып алу тәсілімен көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы хабарландыруды орналастыру туралы шешім қабылдайды. Бұл ретте бірыңғай дистрибьютор осы тараудың 1-параграфында көзделген тәртіппен рәсімдерді жүзеге асырады.

Осы шақырылған өнім берушінің баға ұсынысы қызметтер көрсетудің бұзылған шарты сомасынан аспайды.

5-параграф. Бірыңғай дистрибьютор қызметтерді сатып алу қорытындысын жасағанға дейінгі мерзімде бірыңғай дистрибьюторда алпыс күндік қажеттілікке дейін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыруға қажеттілігі туындаған кезде бір көзден сатып алу тәсілімен сатып алу тәртібі

110. Бірыңғай дистрибьютор көрсетілетін қызметтерді сатып алу қорытындысын жасағанға дейінгі кезеңде бірыңғай дистрибьюторда алпыс күндік қажеттілікке дейін көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыруға қажеттілігі туындаған кезде бірыңғай дистрибьютор өзінің интернет-ресурсына бір көзден сатып алу тәсілімен көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы хабарландыруды орналастыру туралы шешім қабылдайды.

111. Бірыңғай дистрибьютор осы тараудың 1-параграфында көзделген тәртіппен рәсімдерді жүзеге асырады. Бұл ретте аталған әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысы әрбір лот бойынша қызметтер көрсетуге алпыс күндік қажеттілік сомасынан:

тауарларды сақтау және тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде – тауарларды сақтау және тасымалдау жөніндегі қызметтердің алдын ала құнынан;

тауарларды есепке алу және өткізу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде – тауарлардың шекті бағасы бойынша есептелген лоттың жалпы сомасынан он екі пайыздан аспайтын әрбір лот бойынша бөлінген сомадан аспайды.

6-параграф. Бір көзден сатып алу тәсілімен сатып алу өткізілмеді деп тану негіздемелері

112. Мынадай жағдайларда:

1) егер әлеуетті өнім берушінің құжаттары осы Қағидалардың талаптарына және сатып алу шарттарына сәйкес келмесе;

2) егер әлеуетті өнім берушінің осы Қағидалардың 12, 13-тармақтарында көзделген сатып алуға қатысуға байланысты шектеулері болса;

3) әлеуетті өнім беруші бір көзден сатып алу тәсілімен сатып алуға қатысудан бас тартса, бір көзден сатып алу тәсілімен сатып алу өткізілмеді деп танылады.

113. Бір көзден сатып алу тәсілімен сатып алу өткізілмеді деп танылған жағдайда, бірыңғай дистрибьютор мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

1) екі кезеңдік конкурс тәсілімен сатып алуды қайталама өткізу туралы;

2) екі кезеңдік конкурс шарттарын өзгерту және екі кезеңдік тендер тәсілімен қайталама өткізу туралы;

3) бір көзден сатып алу тәсілімен сатып алуды қайталама жүзеге асыру туралы;

Егер бір көзден сатып алу тәсілімен сатып алу тауарларды сақтау және тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді операциялық қойма арқылы сатып алу лоты бойынша өткізілмеді деп танылған жағдайда, онда бірыңғай дистрибьютор қызмет көрсететін өңірдің (облыстардың) осындай әкімшілік-аумақтық бірліктерінде немесе қызмет көрсетудің барлық өңірінде бөлу орталығы арқылы қызмет көрсетуге шарт жасасу туралы шешім қабылдайды.

10-тарау. Қызметтер көрсету шартын жасасу тәртібі

114. Бірыңғай дистрибьютор сатып алудың қорытындысы шығарылғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде жеңімпазға, өнім берушіге қабылдау-беру актісі бойынша мыналарды:

денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша жасалған, қол қойылған сақтау және тасымалдау жөнінде қызмет көрсету шартын немесе ұзақ мерзімді қызмет көрсету шартын (сақтау және тасымалдау жөнінде қызмет көрсету шартында немесе ұзақ мерзімді қызмет көрсету шартында тауарларды сақтау және тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтердің немесе тауарларды есепке алу және өткізу жөніндегі қызметтердің құнын өтеу тәртібі мен мерзімі жазылады);

қолданыстағы сақтау және тасымалдау жөнінде қызметті көрсетудің ұзақ мерзімді шартында қолданылатын денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша жасалған тиісті қаржы жылына арналған қосымша келісімнің қол қойылған жобасын береді.

115. Жеңімпаз сақтау және тасымалдау жөнінде қызмет көрсету шартын немесе ұзақ мерзімді қызмет көрсету шартын немесе қолданыстағы сақтау және тасымалдау жөнінде қызмет көрсетудің ұзақ мерзімді шартына тиісті қаржы жылына қосымша келісімді алған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде оларға

қол қояды және қабылдау-беру актісі бойынша бірыңғай дистрибьюторға ұсынады.

Егер жеңімпаз деп танылған әлеуетті өнім беруші осы тармақта белгіленген мерзімдерде сақтау және тасымалдау жөнінде қызмет көрсету шартына немесе ұзақ мерзімді қызмет көрсету шартына қол қоймаса, бірыңғай дистрибьютор жеңімпаздың сақтау және тасымалдау жөнінде қызмет көрсету шартына немесе ұзақ мерзімді қызмет көрсету шартына қол қоюы үшін осы тармақта айқындалған мерзім аяқталғаннан кейінгі екі жұмыс күні ішінде екінші орын алған әлеуетті өнім берушіге оларды қабылдау-беру актісі бойынша береді.

Екінші орын алған әлеуетті өнім беруші сақтау және тасымалдау жөнінде қызмет көрсету шартының немесе ұзақ мерзімді қызмет көрсету шартының жобасына қол қояды және сақтау және тасымалдау жөнінде қызмет көрсету шартының немесе ұзақ мерзімді қызмет көрсету шартының жобасы берілген күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде оны қабылдау-беру актісі бойынша бірыңғай дистрибьюторға береді.

Егер жеңімпаз деп танылған не екінші орын алған әлеуетті өнім беруші осы Қағидаларда белгіленген мерзімдерде бірыңғай дистрибьюторға қол қойылған сақтау және тасымалдау жөнінде қызмет көрсету шартын немесе ұзақ мерзімді қызмет көрсету шартын немесе сақтау және тасымалдау жөнінде қызмет көрсету шартын немесе ұзақ мерзімді қызмет көрсету шартын жасасып, сақтау және тасымалдау жөнінде қызмет көрсету шартын немесе ұзақ мерзімді қызмет көрсету шартын орындауды қамтамасыз етуді енгізбеген жағдайда, мұндай әлеуетті өнім беруші сақтау және тасымалдау жөнінде қызмет көрсету шартын немесе ұзақ мерзімді қызмет көрсету шартын жасасудан жалтарған болып танылады.

116. Жасалған сақтау және тасымалдау жөнінде қызмет көрсету шартына немесе ұзақ мерзімді қызмет көрсету шартына немесе қолданыстағы сақтау және тасымалдау жөнінде қызмет көрсетудің ұзақ мерзімді шартына тиісті қаржы жылына арналған қосымша келісімге өзгерістер енгізу арқылы өнім берушіні таңдау үшін негіз болған көрсетілетін қызмет бағасын және (немесе) көрсетілетін қызмет құнын ұлғайтуға жол берілмейді.

117. Бірыңғай дистрибьютор сақтау және тасымалдау жөнінде қызмет көрсету шартына немесе ұзақ мерзімді қызмет көрсету шартына қол қойылғанға дейін жеңімпазбен не екінші орын алған әлеуетті өнім берушімен сақтау және тасымалдау жөнінде қызмет көрсету шартының немесе ұзақ мерзімді қызмет көрсету шартының бағасын азайту тұрғысында келіссөздер жүргізуге құқылы. Әлеуетті өнім беруші мұндай ұсыныстан бас тартуы мүмкін, бұл бірыңғай

дистрибьютордың сақтау және тасымалдау жөнінде қызмет көрсету шартына немесе ұзақ мерзімді қызмет көрсету шартына қол қоюдан бас тартуы үшін негіздеме болып табылмайды.

118. Бірыңғай дистрибьютор сақтау және тасымалдау жөнінде қызмет көрсетудің ұзақ мерзімді шартын жасасқан жағдайда, қолданыстағы сақтау және тасымалдау жөнінде қызмет көрсетудің ұзақ мерзімді шартына тиісті қаржы жылына арналған қосымша келісімді ресімдеу арқылы әрбір келесі қаржы жылы көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асырады. Қосымша келісім сақтау және тасымалдау жөнінде қызмет көрсетудің ұзақ мерзімді шартының ажырамас бөлігі болып табылады және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша тиісті қаржы жылына жасалады.

119. Тапсырыс берушілердің ұсынған қажеттілігіне сәйкес ағымдағы қаржы жылымен салыстырғанда алдағы қаржы жылында тауар көлемі өзгерген жағдайда бірыңғай дистрибьютор өнім берушімен қосымша келісімге қол қойғанға дейін:

қойма және (немесе) қоймалар мекенжайының және (немесе) алаңдарының өзгеруі;

бірлесіп орындаушылар санының өзгеруі тұрғысында келіссөздер жүргізеді.

Бұл ретте осы тармақта көзделген өзгерістер жағдайында, өнім беруші бірыңғай дистрибьюторға объектілердің осы Қағидаларда белгіленген біліктілік талаптарына және техникалық ерекшелікке сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсынады.

Қолданыстағы сақтау және тасымалдау жөнінде қызмет көрсетудің ұзақ мерзімді шартына тиісті қаржы жылына жасалған қосымша келісімге өзгерістер енгізу арқылы өнім берушіні таңдау үшін негіз болған бағаны және (немесе) көрсетілетін қызметтің құнын ұлғайтуға жол берілмейді.

120. Бірыңғай дистрибьюторға объектілердің осы Қағидаларда белгіленген біліктілік талаптарына және техникалық ерекшелікке сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсынған жағдайда, өнім берушінің жазбаша өтініші бойынша қойманың мекенжайын және (немесе) қойманың және (немесе) қоймалардың алаңын, көрсетілетін қызметтерді бірлесіп орындаушылардың санын өзгертуге жол беріледі. Бұл ретте, болжамды объектілердің мекенжайлары қызмет көрсету өңіріне немесе хабарландыруда көрсетілген елді мекендердің тізбесіне сәйкес келеді. Қолданыстағы сақтау және тасымалдау жөнінде қызмет көрсетудің ұзақ мерзімді шартына тиісті қаржы жылына арналған қосымша келісімге өзгерістер енгізу арқылы өнім берушіні таңдау үшін негіз болған бағаны және (немесе) көрсетілетін қызметтің құнын ұлғайтуға жол берілмейді.

121. Қолданыстағы сақтау және тасымалдау жөнінде қызмет көрсетудің ұзақ мерзімді шартына тиісті қаржы жылына арналған қосымша келісімде өнім

берушінің уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша қосымша келісімнің сомасынан үш (3%) пайыз мөлшерде тиісті қаржы жылына қызмет көрсету шартын орындауды қамтамасыз етуді енгізу бойынша міндеттемелері көзделеді.

Өнім беруші қолданыстағы сақтау және тасымалдау жөнінде қызмет көрсетудің ұзақ мерзімді шартына тиісті қаржы жылына арналған қосымша келісімге қол қойған күннен бастап он жұмыс күні ішінде бірыңғай дистрибьюторға қолданыстағы сақтау және тасымалдау жөнінде қызмет көрсетудің ұзақ мерзімді шартына тиісті қаржы жылына арналған қосымша келісімде көрсетілген құнынан үш пайыз (3%) мөлшерде сақтау және тасымалдау жөнінде қызмет көрсету шартын орындауды кепілдікті қамтамасыз ету енгізілгенін растайтын құжаттың түпнұсқасын ұсынады.

Өнім беруші сақтау және тасымалдау жөнінде қызмет көрсету шартын немесе ұзақ мерзімді қызмет көрсету шартын орындауды қамтамасыз етуді қолданыстағы сақтау және тасымалдау жөнінде қызмет көрсетудің ұзақ мерзімді шартына арналған қосымша келісімге сәйкес тиісті қаржы жылына енгізеді және өнім берушінің онымен жасалған сақтау және тасымалдау жөнінде қызмет көрсету шарты немесе ұзақ мерзімді қызмет көрсету шарты бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындайтынына кепіл болып табылады.

122. Өнім беруші сақтау және тасымалдау жөнінде қызмет көрсету шартын немесе ұзақ мерзімді қызмет көрсету шартын орындауды қамтамасыз етудің мынадай түрлерінің бірін таңдай алады:

1) бірыңғай дистрибьютордың банк шотына енгізілетін кепілдікті ақшалай жарна;

2) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша қағаз жеткізгіштегі банк кепілдігі.

123. Әлеуетті өнім берушінің сақтау және тасымалдау жөнінде қызмет көрсету шарты немесе ұзақ мерзімді қызмет көрсету шарты бойынша міндеттемелер толық орындалғанға дейін үшінші тұлғаларда енгізілген кепілдікті ақшалай жарнаға тұтастай не бір бөлігінде талап қою құқығының туындауына әкелетін іс-әрекеттерді жасауына жол берілмейді.

124. Бірыңғай дистрибьютор өнім берушіге мынадай:

1) өнім берушінің шарттық міндеттемелерін орындамауына немесе тиісінше орындамауына байланысты сақтау және тасымалдау жөнінде қызмет көрсету шарты немесе ұзақ мерзімді қызмет көрсету шарты бұзылған;

2) сақтау және тасымалдау жөнінде қызмет көрсету шартында немесе ұзақ мерзімді қызмет көрсету шартында көзделгендерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайларда, сақтау және тасымалдау жөнінде қызмет көрсету шартын немесе ұзақ мерзімді қызмет көрсету шартын орындауды қамтамасыз етуді қайтармайды.

125. Мыналар:

1) сақтау және тасымалдау жөнінде қызмет көрсету шартында немесе ұзақ мерзімді қызмет көрсету шартында көзделген міндеттемелердің бұзылуы;

2) "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңында көзделген рұқсаттардан (хабарламалардан) айыру (кері қайтарып алу);

3) өнім берушінің көрсетілетін қызметтерді ұсынудан бас тартуы сақтау және тасымалдау жөніндегі қызметтер көрсету шартын немесе ұзақ мерзімді қызмет көрсету шартын бұзу үшін негіздеме болып табылады.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2015 жылғы 8 шілдедегі
№ 515 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілген өзгерістер мен толықтырулар

1. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 09.02.2021 № 48 қаулысымен.

2. "Облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің 2015 жылға арналған республикалық бюджеттен халықтың иммундық профилактикасын қамтамасыз етуге және профилактикалық дезинсекция мен дератизация жүргізуге (инфекциялық және паразиттік аурулардың табиғи ошақтарының аумағындағы, сондай-ақ инфекциялық және паразиттік аурулардың ошақтарындағы дезинсекция мен дератизацияны қоспағанда) берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 26 ақпандағы № 93 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2015 ж., № 8-9, 50-құжат.):

көрсетілген қаулымен бекітілген Облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің 2015 жылға арналған республикалық бюджеттен халықтың иммундық профилактикасын қамтамасыз етуге және профилактикалық дезинсекция мен дератизация жүргізуге (инфекциялық және паразиттік аурулардың табиғи ошақтарының аумағындағы, сондай-ақ инфекциялық және паразиттік аурулардың ошақтарындағы дезинсекция мен дератизацияны қоспағанда) берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану қағидаларында:

3-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Вакциналарды және басқа да иммундық-биологиялық препараттарды сатып алуды Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын бірыңғай дистрибьютор жүзеге асырады."

3. "Облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің 2015 жылға арналған республикалық бюджеттен денсаулық сақтауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 11 наурыздағы № 123 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2015 ж., № 13, 70-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің 2015 жылға арналған республикалық бюджеттен денсаулық сақтауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану қағидаларында:

11-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдары жүзеге асыратын жүректің ишемиялық ауруы, артериялық гипертензия, жүрек функциясының созылмалы жетіспеушілігі, аритмия, пневмония, өкпенің созылмалы обструктивтік ауруы, асқазан мен ұлтабардың ойық жарасы ауруларымен ауыратын тұрғындарды, АИТВ инфекциясын жұқтырған адамдарды емдеуге және байланыста болғаннан кейінгі адамдардың профилактикасына арналған ретровирусқа қарсы препараттарды амбулаториялық деңгейде тегін қамтамасыз ету үшін дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды сатып алу жағдайларын қоспағанда, осы Қағидалардың 5-тармағының б) тармақшасында көрсетілген дәрілік заттарды сатып алуды Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын бірыңғай дистрибьютор жүзеге асырады."

4. "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету бойынша дәрілік заттарды, профилактикалық (иммунобиологиялық, диагностикалық, дезинфекциялық) препараттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы, фармацевтикалық қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 қазандағы № 1729 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2009 ж., № 47-48, 444-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету бойынша дәрілік заттарды, профилактикалық (иммунобиологиялық, диагностикалық, дезинфекциялық) препараттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы, фармацевтикалық қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу ережесінде:

2-тармақта:

3, 4) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"3) тапсырыс берушілер – денсаулық сақтау бюджеттік бағдарламаларының әкімшілері, мемлекеттік мекемелер, сондай-ақ дауыс беретін акцияларының (

үлестерінің) елу және одан көп пайызы мемлекетке тиесілі мемлекеттік кәсіпорындар, заңды тұлғалар және ұлттық басқарушы холдингтерді, ұлттық холдингтерді, ұлттық басқарушы компанияларды және олармен үлестес заңды тұлғаларды қоспағанда, осы Ережеге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыратын заңды тұлғалар;

4) бірыңғай дистрибьютор – тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың, дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды сақтау және тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтердің сатып алынуын және шарттар, ұзақ мерзімді шарттар жасасуды, сондай-ақ медициналық техниканың сатып алынуын ұйымдастыруды жүзеге асыратын заңды тұлға;"

мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

"6-1) пациентке бағдарланған дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету – әр пациентті организмнің жеке және жас ерекшеліктерін, үздіксіз емдеу үшін медициналық көмек көрсету деңгейлерінің сабақтастығын ескере отырып, дәрілік заттармен қамтамасыз ету;"

19) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"19) бірыңғай дистрибьютордан сатып алуға жататын дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың және медициналық техниканың тізімі (бұдан әрі – бірыңғай дистрибьютордың тізімі) – денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган әзірлейтін және бекітетін:

дәрілік заттардың халықаралық патенттелмеген атаулары немесе құрамы, пациентке бағдарланған дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуді ескере отырып, қолдану мүмкіндігі, сондай-ақ техникалық сипаттамасы мен шекті бағасы көрсетілген, тапсырыс берушілер бірыңғай дистрибьютордан сатып алатын дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың тізбесін;

медициналық техниканың әр атауы бойынша техникалық сипаттамасы мен тізбесін, болжамды санын, жеткізудің ұзақ мерзімді шарты бойынша сатып алынуға тиіс әр бірлік үшін ағымдағы қаржы жылына және әрбір атауы бойынша жинақтау бөлінісінде шекті бағасын қамтитын құжат;"

25) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"25) дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды берудің ұзақ мерзімді шарты – дәрілік заттарға арналған тиісті өндірістік практика (GMP) талаптарына және медициналық мақсаттағы бұйымдарға арналған халықаралық стандарт талаптарына сәйкес өндірілген, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тауардың ішкі айналыс үшін шығарылуы туралы сертификаты бар дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды беруге Қазақстан Республикасының резиденті – заңды тұлғамен не дәрілік заттарға

арналған тиісті өндірістік практика (GMP) талаптарына және медициналық мақсаттағы бұйымдарға арналған халықаралық стандарт талаптарына сәйкес дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар өндірісін құруға ниеті бар заңды тұлғамен бірыңғай дистрибьютор жасасатын азаматтық-құқықтық шарт;"

мынадай мазмұндағы 36), 37), 38) және 39) тармақшалармен толықтырылсын:

"36) медициналық техниканы берудің ұзақ мерзімді шарты – халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкес өндірілген және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ішкі айналыс үшін тауардың шығарылғаны туралы сертификаты бар медициналық техниканы беруге Қазақстан Республикасының резиденті – заңды тұлғамен бірыңғай дистрибьютор жасасатын азаматтық-құқықтық шарт;

37) бірыңғай дистрибьютордың прайс-парағы – бірыңғай дистрибьютор сатып алған дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың халықаралық патенттелмеген атауларын немесе құрамын, саудалық атауларын, дәрілік түрін (техникалық сипаттамасын), өлшем бірліктерін, қаптамасын, өндіруші (елі) тізбесін, бірыңғай дистрибьютордың үстеме бағасын есепке алғанда бір бірлігінің бағасын қамтитын бірыңғай дистрибьютор бекітетін құжат;

38) орфандық препараттар – орфандық (сирек) ауруларды емдеуге және оның диагностикасына арналған препараттар;

39) дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың айналысы саласындағы мемлекеттік сараптама ұйымы – дәрілік заттардың қауіпсіздігін, тиімділігі мен сапасын қамтамасыз ету бойынша денсаулық саласында өндірістік-шаруашылық қызметті, сондай-ақ жаңа бірегей дәрілік заттарды әзірлеу, фармация, фармакология саласындағы ғылыми зерттеуді жүзеге асыратын шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорын.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсетуге арналған дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медициналық техниканы сатып алу үшін бөлінетін бюджет қаражатын оңтайлы және тиімді жұмсау мақсатында дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника уәкілетті орган белгілеген бағадан аспайтын бағамен сатып алынады.

Бірыңғай дистрибьютордың тізімі бойынша дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың шекті бағаларын жыл сайын уәкілетті орган бекітеді.";

7-тармақтың 2) тармақшасында:

бесінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың өндірісін құруға ниеті бар әлеуетті өнім берушілерден медициналық техниканы ұзақ мерзімді жеткізу шарты бойынша сатып алуды жүзеге асырудың ерекше тәртібі";

мынадай мазмұндағы алтыншы және жетінші абзацтармен толықтырылсын:

"дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың өндірісі бар әлеуетті өнім берушілерден ұзақ мерзімді жеткізу шарты бойынша сатып алуды жүзеге асырудың ерекше тәртібі;

ұзақ мерзімді жеткізу шарты бойынша сатып алуды жүзеге асырудың ерекше тәртібі;"

8-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету бойынша дәрілік заттарды, профилактикалық (иммунобиологиялық, диагностикалық, дезинфекциялық) препараттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы 7-тармақта көрсетілген тәсілдермен сатып алуға қатысу үшін фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алу жөніндегі қызметті, сондай-ақ осы Ереженің 7-тармағының 4) тармақшасында көзделген тәсілді қоспағанда, әлеуетті өнім беруші мынадай біліктілік талаптарына сәйкес келуге тиіс:"

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) құқық қабілеттілікті иеленуі (заңды тұлғалар үшін), азаматтық әрекет қабілеттілігінің болуы (жеке тұлғалар үшін);"

мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

"9) шарт жасасуға басым құқық алу үшін дәрілік заттарды сатып алуға және дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды жеткізуге ұзақ мерзімді шарт жасасу кезінде тиісті өндірістік практика (GMP) және/немесе дәрілік заттарды тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету жөніндегі фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде тиісті дистрибьюторлық практика (GDP) талаптарына объектінің сәйкестігі туралы сертификат болуға тиіс.";

12-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен орфандық препараттардан немесе Кодекске және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіпке сәйкес тіркелмей әкелінген дәрілік заттардан, медициналық мақсаттағы бұйымдардан басқа, дәрілік заттар, профилактикалық (иммундық-биологиялық, диагностикалық, дезинфекциялық) препараттар медициналық мақсаттағы бұйымдар Қазақстан Республикасында Кодекске және дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды мемлекеттік тіркеу тәртібіне сәйкес тіркелуге тиіс.";

39-тармақта:

2) тармақша мынадай мазмұндағы оныншы абзацпен толықтырылсын:

"егер әлеуетті өнім беруші басым құқықты пайдалануды көздеген жағдайда, оларға дәрілік заттарды сатып алуға және дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды жеткізуге ұзақ мерзімді шарт жасасу кезінде тиісті өндірістік практика (GMP) және/немесе дәрілік заттарды, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету жөніндегі фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде тиісті дистрибьюторлық практика (GDP) талаптарына объектінің сәйкестігі туралы сертификаттың нотариат куәландырған көшірмесі ұсынылады.";

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) ұсынылатын тауардың нақты техникалық сипаттамасы – қағаз жеткізгіште, медициналық техниканы ұсыну кезінде – электрондық жеткізгіште (doc* форматында) көрсетілген техникалық ерекшеліктер;"

40-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"40. Фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді жеткізетін өнім берушіні, сондай-ақ осы Ереженің 39-тармағында көзделген құжаттарды қоспағанда, дәрілік заттарды, профилактикалық (иммундық-биологиялық, диагностикалық, дезинфекциялық) препараттарды және/немесе медициналық мақсаттағы бұйымдарды жеткізетін өнім берушінің тендерлік өтінімдері мынадай құжаттарды қамтуға тиіс:"

1-2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1-2) фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алудан басқа, тіркеу куәлігіне сәйкес өндіруші немесе өндіруші зауыт растаған дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды жеткізу кестесі;"

58-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"58. Егер тендер тұтастай немесе оның қандай да бір лоты өтпей қалды деп танылса, тендерді ұйымдастырушы қажет болған жағдайда тендердің шарттарын өзгертеді және тендерді қайта өткізеді.

Бұл ретте егер тендер тұтастай немесе оның қандай да бір лоты өтпей қалды деп танылса, егер тендерге қандай да бір лот бойынша осы Ереженің талаптарына сәйкес келетін тек бір ғана өтінім ұсынылса, онда тендерді ұйымдастырушы осы әлеуетті өнім берушіден бір көзден сатып алу тәсіліне көшеді.";

79-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) сатып алу жарамсыз деп танылған жағдайларды қоспағанда, тендер өтпей қалды деп танылғанда;"

82-тармақтың бірінші және екінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

"82. Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган жыл сайын тиісті қаржы жылының бірінші шілдесінен кешіктірмей, келесі қаржы жылына бірыңғай дистрибьютордың тізімін бекітеді, онда денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен тәртіппен өзгерістер мен толықтырулар енгізу мүмкіндігімен тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсетуге арналған дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдар қамтылады.

Бірыңғай дистрибьютордың бекітілген тізімін уәкілетті орган дәрілік заттардың халықаралық патенттелмеген атауларын немесе құрамын, пациентке бағдарланған дәрілік қамтамасыз етуді ескере отырып қолдану мүмкіндігін, сондай-ақ техникалық сипаттамасын және шекті бағасын көрсете отырып, бірыңғай дистрибьюторға жібереді;"

86-тармақтың бірінші және екінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

"86. Бірыңғай дистрибьютор сатып алуды өткізгеннен кейін бірыңғай дистрибьютор сатып алған дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың халықаралық патенттелмеген атауы немесе құрамы, саудалық атауы, дәрілік нысаны (техникалық сипаттамасы), өлшем бірліктері, қаптамасы, өндірушісі (елі), шетелдік өндірушіден (өндіруші зауыттан) аналогы жоқ дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды сатып алу кезінде бірыңғай дистрибьютор төлеуге тиіс кедендік баж салықтарын қамтитын 9 %-дан аспайтын немесе орфандық препараттарға және бір бірлігіне құны 100000 (жүз мың) теңгеден асатын препараттарға арналған қаптама үшін төрт айлық есептік көрсеткіштен аспайтын мөлшердегі бірыңғай дистрибьютор белгілеген үстеме бағаны қамтитын, бір бірлігі үшін бағасы көрсетілген прайс-парағын бекітеді және тапсырыс берушілерге тиісті қаржы жылына бюджетті қалыптастыру (түзету) үшін жібереді. Бұл ретте дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың бағасы уәкілетті орган бекіткен шекті бағадан аспауға тиіс.";

мынадай мазмұндағы 87-3-тармақпен толықтырылсын:

"87-3. Тапсырыс берушілер алдын ала, түпкілікті, қосымша өтінімдерді қағаз жеткізгіште және (немесе) электрондық форматта ұсынады. Өтінімдерді электрондық форматта жіберген жағдайда, өтінім тапсырыс берушінің электрондық цифрлық қолтаңбасы қойылған электрондық құжат түрінде қалыптастырылады.";

88-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"88. Тапсырыс берушілер түпкілікті өтінімдердің және бірыңғай дистрибьютор мен тапсырыс берушінің арасында осы Ережеге 9-қосымшаға сәйкес дәрілік заттарды және (немесе) медициналық мақсаттағы бұйымдарды сатып алудың үлгі шартына сәйкес әзірленген және жасалған дәрілік заттарды

және (немесе) медициналық мақсаттағы бұйымдарды сатып алу шартының (бұдан әрі – сатып алу шарты) негізінде дәрілік заттарды және (немесе) медициналық мақсаттағы бұйымдарды сатып алуды жүзеге асырады.

Бірыңғай дистрибьютор тапсырыс берушілерден түпкілікті өтінімді алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде сатып алу шартын қабылдау-беру актісі бойынша тапсырыс берушілерге қол қоюға береді.

Тапсырыс берушілер бірыңғай дистрибьютордан сатып алу шартын алған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей оларға толық көлемде қол қояды."; 88-1-тармақта:

бірінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"88-1. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде бірыңғай дистрибьютордың тізіміне енбейтін, құны 5000000 (бес миллион) теңгеге дейінгі медициналық техниканы сатып алу келісілген клиникалық-техникалық негіздеме және техникалық ерекшелік негізінде осы Ереженің 7-тармағының 1) тармақшасында көзделген тәсілмен жүзеге асырылады:";

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде бірыңғай дистрибьютордың тізіміне енгізілген құны 5000000 (бес миллион) теңгеге дейінгі медициналық техниканы сатып алуды осы Ереженің 133-139-тармақтарына сәйкес денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органмен немесе денсаулық сақтауды басқарудың жергілікті органдарымен келісу рәсімдерін және лизинг берушінің сараптамасын жүргізбей міндетті түрде өтінім беру арқылы тапсырыс беруші жүзеге асырады.";

88-3-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Жергілікті бюджет есебінен бірыңғай дистрибьютордың тізімі бойынша медициналық техниканы сатып алу осы Ереженің 133-139-тармақтарына сәйкес денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органмен немесе денсаулық сақтауды басқарудың жергілікті органдарымен келісу рәсімдерін және лизинг берушінің сараптамасын жүргізбей міндетті түрде өтінім беру арқылы тапсырыс беруші жүзеге асырады.";

88-6-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"88-6. Денсаулық сақтау ұйымдары қаржылық лизинг шартында сатып алынатын, бірыңғай дистрибьютордың тізіміне енгізілмеген медициналық техниканың техникалық сипаттамасының (техникалық ерекшеліктердің) оңтайлы параметрлерін айқындау үшін клиникалық-техникалық негіздемені, техникалық ерекшелікті және өзге де құжаттарды техникалық, ұйымдастырушылық

сараптаманы және құн сараптамасын, сондай-ақ қаржылық лизинг шарттары мен талаптарына сәйкестігіне сараптама жүргізу үшін лизинг беруші айқындаған тәртіппен және құжаттар тізбесіне сәйкес ұсынады.";

мынадай мазмұндағы 88-10-тармақпен толықтырылсын:

"88-10. Денсаулық сақтау ұйымдары қаржылық лизинг шартында бірыңғай дистрибьютордың тізіміне енгізілген медициналық техниканы сатып алу үшін клиникалық-техникалық негіздемені, техникалық ерекшелікті, әлеуетті өнім берушінің атауын және басқа да құжаттарды денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган әзірлеген және бекіткен Медициналық техниканың оңтайлы техникалық сипаттамалары мен клиникалық-техникалық негіздемесін сараптамалық бағалауды жүзеге асыру әдістемесіне сәйкес жүзеге асырылатын техникалық, ұйымдастырушылық сараптамасын және құн сараптамасын, сондай-ақ қаржылық лизинг шарттары мен талаптарына сәйкестігі сараптамасын жүргізу үшін лизинг берушіге ұсынады.

Лизинг беруші техникалық, ұйымдастырушылық сараптаманы және құн сараптамасын, сондай-ақ қаржылық лизинг шарттары мен талаптарына сәйкестігі сараптамасын жүргізгеннен кейін он жұмыс күні ішінде сатып алу жоспарланған, отандық өндіруші өндірген медициналық техниканың тізбесін қалыптастырады және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органға саны, мерзімі және жеткізу орны бөлігінде келісуге жібереді, ол оны алған кезден бастап күнтізбелік он бес күн ішінде медициналық техниканың тізбесін келісуді жүзеге асырады.

Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органмен келісілген медициналық техниканың тізбесі бойынша лизинг беруші жиырма жұмыс күні ішінде лизинг беруші айқындайтын нысан бойынша денсаулық сақтау ұйымдарымен және медициналық техниканы жеткізушімен үшжақты қаржылық лизинг шартын жасасады.

Қаржылық лизинг шарты жасалғаннан кейін отандық өндіруші – өнім беруші осы шартта көзделген тәртіппен және шарттарда денсаулық сақтау ұйымына медициналық техниканы жеткізеді, іске қосу-баптау жұмыстарын жүргізеді, персоналдарды оқытады және медициналық техникаға кепілдік берілген сервистік қызмет көрсетуді ұсынады. Бұл ретте медициналық техникаға кепілдік берілген сервистік қызмет көрсету медициналық техника пайдалануға берілген күннен бастап отыз жеті айдан кем болмауға тиіс.";

101-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"101. Сарапшы (құрылған жағдайда сараптама комиссиясы) әлеуетті өнім берушілер ұсынатын дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың бірыңғай дистрибьютордың тізіміне және осы Ереженің 12-тармағының 5) және б) тармақшаларына сәйкестігі жөнінде сараптамалық қорытынды береді.

Медициналық техниканы сатып алу кезінде сарапшы (сараптама комиссиясы) медициналық техниканың осы Ереженің 13-тармағының талаптарына, сондай-ақ жарияланған техникалық сипаттамаға сәйкестігі жөнінде сараптамалық қорытынды береді.

Сарапшының (сараптама комиссиясының) комиссия шешім қабылдаған кезде дауыс беру құқығы жоқ. Сараптамалық қорытынды жазбаша түрде ресімделеді, оған сарапшы (сараптама комиссиясы) қол қояды және комиссия отырысының хаттамасына қоса беріледі. Сарапшының (сараптама комиссиясының) сараптамалық қорытындысын әлеуетті өнім берушінің өтінімін ең төменгі бағаны айқындау рәсіміне жіберу туралы мәселені шешу кезінде комиссия қарайды.";

103-тармақта:

бірінші бөлік мынадай мазмұндағы 10) тармақшамен толықтырылсын:

"10) осы Ереженің 11-4-тарауына сәйкес (болған кезде) 10 жылға дейінгі мерзімге ұзақ мерзімді жеткізу шартын жасасу мүмкін болатын дәрілік заттардың (халықаралық патенттелмеген атаулардың немесе ол болмаған жағдайда, оның құрамы), медициналық мақсаттағы бұйымдардың атаулары;"

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Әр лот бойынша сатып алу үшін бөлінген қаражатты есептеу кезінде бірыңғай дистрибьютор тапсырыс берушілердің алдын ала өтінімдеріне сәйкес уәкілетті орган айқындаған дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың шекті бағаларын тоғыз пайызға азайтады.";

107-тармақтың бірінші бөлігінің 2) және 3) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"2) екі кезеңді рәсімдер пайдаланылатын тендердің жеңімпазы деп танылса, бірақ жеткізу шартын немесе ұзақ мерзімді жеткізу шартын уақтылы жасамаса;

3) жеткізу шартын жасап, жеткізу шартын немесе ұзақ мерзімді жеткізу шартын орындауды кепілдікті қамтамасыз ету бойынша талаптарды орындамаса немесе уақтылы орындамаса;"

113-тармақ мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

"8) дәрілік заттардың тиісті өндірістік практика (GMP) талаптарына сәйкес және/немесе медициналық мақсаттағы бұйымдардың халықаралық стандарт талаптарына сәйкес өндірілгенін растайтын құжатты ұсынған жағдайда, ұзақ мерзімді жеткізу шартын жасауға болатын отандық тауар өндірушілер ұсынған тендерлік өтінімдер лоттарының нөмірлері.";

118-тармақта:

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Егер екі кезеңді рәсімдер пайдаланылатын тендерде қандай да бір лоты бойынша осы Ереженің талаптарына сәйкес келетін отандық тауар өндіруші

болып табылатын әлеуетті өнім берушінің бір өтінімі ғана ұсынылса не әлеуетті өнім беруші екі және одан да көп өтініш ұсынып, оның біреуі – осы Ереженің талаптарына сәйкес келетін отандық тауар өндіруші болатын әлеуетті өнім берушінің өтінімі болса, онда комиссия осы лот бойынша тендерді өтпеген деп жариялайды, ал бірыңғай дистрибьютор немесе медициналық техниканы сатып алуды ұйымдастырушы отандық тауар өндіруші болып табылатын әлеуетті өнім берушіден бір көзден сатып алу тәсіліне көшеді. Егер отандық тауар өндірушінің өтінімінде хабарландырудың шартына сәйкес ұзақ мерзімді жеткізу шартын жасауға дайын екенін білдіретін лоттар болған жағдайда, бірыңғай дистрибьютор осы Ереженің 11-4-тарауына сәйкес бір көзден сатып алу тәсілін қолданбай ұзақ мерзімді жеткізу шартын жасасады.";

мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"Егер екі кезеңді рәсімдер пайдаланылатын тендерде қандай да бір лоты бойынша әлеуетті өнім берушілердің екі және одан да көп өтінімі берілсе, әлеуетті өнім берушілердің бірінің өтініші – осы Ереженің талаптарына сәйкес келсе және объектінің тиісті өндірістік практика (GMP) және/немесе тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету бойынша дәрілік заттарды сатып алу кезінде тиісті дистрибьюторлық практика (GDP) талаптарына сәйкестігі туралы сертификаты бар болса, лотта отандық тауар өндірушілер болмаған кезде комиссия тендерді өтпеген деп жариялайды, ал бірыңғай дистрибьютор осы әлеуетті өнім берушіден бір көзден сатып алу тәсіліне көшеді.";

131-тармақта:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) екі кезеңді рәсімдер пайдаланылатын тендерде қандай да бір лоты бойынша әлеуетті өнім берушінің осы Ереженің талаптарына сәйкес келетін тек бір ғана өтінімі берілгенде не оның қандай да бір лоты бойынша әлеуетті өнім берушінің екі және одан да көп өтінімі берілсе, оның біреуі – отандық тауар өндіруші болып табылатын әлеуетті өнім берушінің өтініші осы Ереженің талаптарына сәйкес болған кезде. Бұл жағдайда бірыңғай дистрибьютор немесе медициналық техниканы сатып алуды ұйымдастырушы осы әлеуетті өнім берушіден немесе осы отандық тауар өндірушіден бір көзден сатып алу тәсіліне көшеді. Бұл ретте егер, отандық тауар өндірушінің өтінімінде хабарландыру шартына сәйкес ұзақ мерзімді жеткізу шартын жасауға дайын екенін білдіретін лоттар болған жағдайда, онда бірыңғай дистрибьютор осы Ереженің 11-4-тарауына сәйкес бір көзден сатып алу тәсілін қолданбай, ұзақ мерзімді жеткізу шартын жасасады;"

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7) егер дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың және медициналық техниканың айналысы саласындағы мемлекеттік сараптама ұйымы Қазақстан Республикасында тек бір ғана:

халықаралық патенттелмеген атауы немесе құрамы бойынша аналогтары жоқ шетелдік өндірушінің дәрілік заты;

аналогтары жоқ медициналық мақсаттағы бұйымдар тіркелгенін растаса;"

мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

"9) екі кезенді рәсімдер пайдаланатын тендерде қандай да бір лоты бойынша әлеуетті өнім берушінің екі және одан да көп өтінімі берілгенде, әлеуетті өнім берушілердің біреуінің өтінімі – осы Ереженің талаптарына сәйкес келген және объектінің тиісті өндірістік практика (GMP) және/немесе тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету бойынша дәрілік заттарды сатып алу кезінде тиісті дистрибьюторлық практика (GDP) талаптарына сәйкестігі туралы сертификаты бар болған кезде;"

132-2-тармақтың бірінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"132-2. Осы Ереженің 131-тармағының 7) тармақшасына сәйкес бір көзден сатып алуды жүзеге асырған кезде азаматтық-құқықтық шарт мынадай жағдайларда 3 жылға дейін жасалады:"

11-2-тараудың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"11-2-тарау. Дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың өндірісін құруға ниеті бар әлеуетті өнім берушілерден ұзақ мерзімді жеткізу шарттары бойынша сатып алуды жүзеге асырудың ерекше тәртібі";

133-50-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"133-50. Комиссия хатшысы әлеуетті өнім берушілер ұсынған барлық шартты бағалық жеңілдіктерді, оның ішінде лот бойынша ең көп шартты бағалық жеңілдікті жариялайды және оларға бастапқы шартты бағалық жеңілдікті ұлғайтуға ұсыныс жасайды.";

мынадай мазмұндағы 11-4 және 11-5-тараулармен толықтырылсын:

"11-4-тарау. Дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың өндірісі бар әлеуетті өнім берушілерден ұзақ мерзімді жеткізу шарттары бойынша сатып алуды жүзеге асырудың ерекше тәртібі";

"133-75. Бірыңғай дистрибьютор ұзақ мерзімді жеткізу шартын жасау үшін ұзақ мерзімді жеткізу шартын жасау мүмкін болатын және бұрын жасалған ұзақ мерзімді жеткізу шарттары болмаған, бірыңғай дистрибьютордың қолданыстағы тізіміндегі дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың атауы көрсетілген, денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен номенклатураны алғаннан кейін осы Ереженің 10-тарауына сәйкес екі кезенді рәсімді пайдалана отырып тендер өткізеді.

133-76. Екі кезеңді рәсім пайдаланылатын тендерге қатысқан кезде осы Ереженің 10-тарауына сәйкес ұзақ мерзімді жеткізу шартын жасау үшін әлеуетті өнім беруші осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес ұсынылған өтінімінде:

1) объектінің дәрілік заттарға арналған тиісті өндірістік практика стандарттарына (GMP) және медициналық мақсаттағы бұйымдарға арналған халықаралық стандартқа сәйкестігі туралы сертификатты;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ішкі айналысқа арналған тауардың шығу тегі туралы сертификатты ұсына отырып, олар бойынша ұзақ мерзімді жеткізу шартын жасасуға дайын қосымша лоттарды көрсетеді.

133-77. Екі кезеңді рәсімдер пайдаланылған тендер жеңімпазы тендердің қорытындысы шығарылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде бірыңғай дистрибьюторға дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды жеткізудің көлемдері, мерзімдері және шарттары көрсетілген жеткізу кестесін ұсынады.

133-78. Бірыңғай дистрибьютор тендер жеңімпазынан дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды жеткізу кестесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде әлеуетті өнім берушіге қол қойылған ұзақ мерзімді жеткізу шартын жібереді.

133-79. Егер тендер жеңімпазы бірыңғай дистрибьюторға дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды жеткізу кестесін ұсынбаса, онда бірыңғай дистрибьютор онымен жасасатын ұзақ мерзімді жеткізу шартына қол қоюдан бас тартуға құқылы.

133-80. Бірыңғай дистрибьютор:

1) дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар бірыңғай дистрибьютордың тізіміне енгізілген;

2) дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың шекті бағасын уәкілетті орган бекіткен;

3) тапсырыс берушілер дәрілік заттарға, медициналық мақсаттағы бұйымдарға өтінімдер ұсынған;

4) өнім беруші осы Ереженің 8, 12-тармақтарының талаптарына сәйкестігін растаған;

5) ішкі айналым үшін тауардың шығарылған жері туралы "СТ-KZ" сертификаты, сондай-ақ дәрілік заттарды тиісті өндірістік практика стандарттарының (GMP) өндіру талаптарына сәйкес және/немесе медициналық мақсаттағы бұйымдарды халықаралық стандартқа сәйкес өндіру сертификаты ұсынылған;

6) жеткізу кестесі ұсынылған кезде әр қаржы жылына ұзақ мерзімді жеткізу шарттары бойынша оның қолданылу мерзімі ішінде көлемін, бағасын міндеттемелерді орындауды қамтамасыз етуді және тиісті қаржы жылына дәрілік

заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды жеткізу шарттарын көрсете отырып, қосымша келісім жасасу арқылы сатып алуды жүзеге асырады.

133-81. Мыналар:

- 1) ұзақ мерзімді жеткізу шартында көзделген міндеттемелердің бұзылуы;
- 2) екі жыл қатарынан жеткізуден бас тарту;
- 3) өнім берушінің жосықсыз әлеуетті өнім берушілер (өнім берушілер) тізбесінде болуы;
- 4) зияткерлік меншік саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасының бұзылуы ұзақ мерзімді жеткізу шартын бұзуға негіз болып табылады.

11-5-тарау. Ұзақ мерзімді жеткізу шарты бойынша медициналық техниканы сатып алуды жүзеге асырудың ерекше тәртібі

133-82. Ұзақ мерзімді жеткізу шарттары бойынша медициналық техниканы сатып алуды дайындау және ұйымдастыру мақсатында денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган лизинг берушіге медициналық техниканың тізбесі, техникалық ерекшелік, саны, сатып алынатын медициналық техниканың әрбір атауы бойынша болжамды құны қамтылуға тиіс ақпаратты ұсынады.

Отандық тауар өндірушілер сараптама жүргізу үшін лизинг берушіге өздері өндіретін медициналық техниканың тізбесін, техникалық ерекшелігін және жиынтығын, өндіруге жеткілікті, бірақ 150 күннен аспайтын жеткізу мерзімін, медициналық техниканың әрбір атауы бойынша бір бірлікке ұсынылған және жинақтама бөлінісіндегі құнын ұсынады.

Лизинг беруші денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган осы Ереженің 133-82-тармағының бірінші және екінші бөліктерінде көрсетілген ақпаратты ұсынған кезден бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде отандық тауар өндірушілер дайындаған медициналық техниканы, техникалық ерекшелігін (техникалық сипаттамасын) әрбір атауы және жиынтық бөлінісіндегі медициналық техниканы жеткізу мерзімін, сатып алынатын медициналық техниканы отандық тауар өндірушілер дайындайтын техникамен ауыстыру мүмкіндігін айқындау бөлігінде ұсынылған медициналық техника атауларына сараптама жүргізеді және оның нәтижелері бойынша сараптама қорытындысының ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікті бекітіп, сараптамалық қорытындысын шығарады.

Лизинг беруші сараптамалық қорытынды шығарылған кезден бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде медициналық техниканың әрбір атауы бойынша бір бірлігі үшін және жиынтық бөлінісіндегі шекті бағасы көрсетілген техникалық ерекшелікпен бірге тігілген, бекітілген сараптама қорытындысын денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органға жібереді.

Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган лизинг берушіден техникалық ерекшелікпен бірге тігілген сараптама қорытындысын алған кезден бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде отандық тауар өндірушілердің медициналық техниканың тізбесі, әрбір атауы бойынша техникалық сипаттамалары, әрбір атауы бойынша бірлігі үшін және жиынтық бөлінісіндегі шекті бағасы, медициналық техниканы жеткізу мерзімінің ұзақтығы қамтылған ұзақ мерзімді жеткізу шарттарын жасау жөніндегі өтінішін ескере отырып, бірыңғай дистрибьюторға ұзақ мерзімді жеткізу шарты бойынша сатып алынуға жататын медициналық техниканың бекітілген тізбесін жібереді.

133-83. Ұзақ мерзімді жеткізу шарттарын жасауға конкурс өткізу, конкурстық комиссияның (бұдан әрі – комиссия), сараптамалық комиссияның құрамын бекіту, комиссия хатшысын тағайындау туралы шешім бірыңғай дистрибьютордың бірінші басшысының не бірінші басшының міндетін атқаратын адамның бұйрығы түрінде ұзақ мерзімді жеткізу шарттары бойынша сатып алынуға жататын медициналық техниканың бекітілген тізімін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органнан алған кезден бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде ресімделеді.

133-84. Ұзақ мерзімді жеткізу шарттарын жасауға конкурс өткізу үшін бірыңғай дистрибьютор комиссия, сараптамалық комиссия құрады және олардың құрамын бекітеді.

133-85. Комиссия өз қызметін медициналық техниканы ұзақ мерзімді жеткізу шарты жасалған кезден не медициналық техниканы ұзақ мерзімді жеткізу шартын жасауға конкурс өткізілмеген деп танылған кезден бастап тоқтатады.

133-86. Комиссия құрамына:

1) Комитет төрағасының орынбасарынан төмен емес басшы, денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның қызметкерлері;

2) бірыңғай дистрибьютордың басшылары, қызметкерлері;

3) лизинг берушінің басшылары, қызметкерлері;

4) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган фармацевтикалық немесе медициналық өнеркәсіп бойынша аккредиттеген бейінді қауымдастықтардың басшының орынбасарынан төмен емес өкілдері (келісім бойынша);

5) Ұлттық кәсіпкерлер палатасының құрылымдық бөлімше басшысының орынбасарынан төмен емес өкілдері кіреді.

133-87. Комиссия құрамына төраға, төрағаның орынбасары және комиссия мүшелері кіреді. Комиссия мүшелерінің жалпы саны тақ санды құрауға және бес адамнан кем, он үш адамнан артық болмауға тиіс. Комиссияның шешімі хаттамамен ресімделеді. Комиссия хатшысы комиссия мүшесі болып табылмайды және комиссия шешім қабылдаған кезде дауыс беру құқығы болмайды.

133-88. Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның Комитет төрағасының орынбасарынан төмен емес қызметкері – төраға болып, бірыңғай дистрибьютордың басшысы немесе басшысының орынбасары – төрағаның орынбасары болып тағайындалады.

133-89. Төраға оның қызметіне басшылық етеді, отырыстарда төрағалық етеді, жұмысты жоспарлайды және оның шешімдерінің іске асырылуын жалпы бақылауды жүзеге асырады. Төраға болмаған уақытта оның функцияларын орынбасары атқарады.

133-90. Бірыңғай дистрибьютордың қызметкері комиссия хатшысы болып табылады, ол әлеуетті өнім берушілерден өтінімдер салынған конверттерді қабылдайды, комиссия отырысының күн тәртібі бойынша ұсыныстарды, қажетті құжаттар мен материалдарды әзірлейді, комиссия отырысы өткен соң оның хаттамаларын ресімдейді, келіп түскен өтінімдерді және өтінімі бар конверттерді ашу рәсіміне қатысуға ниет білдірген әлеуетті өнім берушілерді тіркеу журналын жүргізеді, онда әлеуетті өнім берушілердің өтінімі бар конверттерді ұсыну уақыты мен күні, әлеуетті өнім берушінің уәкілетті өкілдерінің (өтінім салынған конвертті ұсынған және конверттерді ашу рәсіміне қатысқан тұлғаның) тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі. Келіп түскен өтінімдерді және конверттерді ашу рәсіміне қатысуға ниет білдірген әлеуетті өнім берушілерді тіркеу журналдары тігіледі, парақтары нөмірленеді, соңғы парағы бірыңғай дистрибьютордың мөрімен расталады.

133-91. Комиссия отырысы комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан жағдайда өткізіледі.

133-92. Комиссияның шешімі ашық дауыс беру арқылы қабылданады және егер оған қатысқан комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілігі дауыс берген болса, қабылданған болып саналады. Дауыстар тең болған жағдайда, комиссия төрағасы немесе ол болмаған жағдайда, төрағаның орынбасары дауыс берген шешім қабылданған болып саналады.

133-93. Бірыңғай дистрибьютор медициналық техниканың сұратылған үлгісінің бейіні бойынша мамандардан және/немесе денсаулық сақтау ұйымдарының мамандарынан не медициналық техникаға сараптаманы жүзеге асыруға аккредиттелген ұйымдардың сарапшыларынан тұратын сараптамалық комиссия құрады.

133-94. Сараптамалық комиссия әлеуетті өнім берушілер ұсынатын медициналық техниканың сатып алынатын медициналық техниканың тізіміне сәйкес техникалық сипаттамасының талаптарына сәйкестігі бойынша сараптамалық қорытынды береді және комиссия шешім қабылдаған кезде оның дауыс беру құқығы болмайды. Сараптамалық қорытынды жазбаша түрде ресімделеді, оған сараптамалық комиссияның мүшелері қол қояды және

комиссия отырысының хаттамасына қоса беріледі. Сараптамалық комиссияның сараптамалық қорытындысын әлеуетті өнім берушінің өтінімін ең көп жеңілдікті айқындау рәсіміне жіберу туралы мәселені шешу кезінде комиссия қарайды.

133-95. Бірыңғай дистрибьютор әлеуетті өнім берушілердің өтінімдерді беру күні аяқталғанға дейін кемінде күнтізбелік отыз күн бұрын республикалық мерзімді баспасөз басылымдарында және өзінің интернет-ресурсында мемлекеттік және орыс тілдерінде медициналық техниканы ұзақ мерзімді жеткізу шартын жасауға конкурс өткізетіні туралы хабарландыру орналастырады.

133-96. Медициналық техниканы ұзақ мерзімді жеткізу шартын жасауға конкурс өткізу туралы хабарландыру мынадай мәліметтерді қамтиды:

- 1) бірыңғай дистрибьютордың атауы, мекенжайы және банктік деректемелері;
- 2) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен, сатып алынатын медициналық техниканың атауы, әрбір атауы бойынша техникалық сипаттамасы, әрбір атауы бойынша бір бірлігінің және жиынтық бөлінісіндегі шекті бағасы, тауардың әрбір атауы бойынша жеткізу мерзімдері, медициналық техниканы жеткізу кезеңінің ұзақтығы қамтылуға тиіс сатып алынуға жататын медициналық техниканың тізбесі (мәліметтер көлемі көп болған жағдайда, жоғарыда көрсетілген ақпарат бірыңғай дистрибьютордың интернет-ресурсында ғана орналастырылуы мүмкін);
- 3) ұзақ мерзімді жеткізу шартын жасау конкурсына қатысу үшін өтінімдерді қабылдауды аяқтау күні, уақыты және орны.

133-97. Ұзақ мерзімді жеткізу шартын жасасу конкурсына қатысуға ниет білдірген әлеуетті өнім беруші өтінімдерді қабылдау мерзімі аяқталғанға дейін бірыңғай дистрибьюторға жабық түрде өтінім береді.

133-98. Өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткеннен кейін алынған, сондай-ақ әлеуетті өнім берушінің мөрімен расталмаған өтінім қабылданбайды және оны ұсынған әлеуеті өнім берушіге қайтарылады.

133-99. Өтінімді өзгерту және қайтарып алу үшін әлеуетті өнім беруші өтінімді ұсыну мерзімі өткенге дейін әлеуетті бірыңғай дистрибьюторға жазбаша нысанда хабарлама жібереді.

133-100. Әлеуетті өнім беруші парақтары нөмірленген, тігілген түрінде және соңғы парақтары қол қоюмен және мөрмен (егер бар болса) расталған конкурстық өтінімді ұсынады.

Конкурстық өтінімнің техникалық ерекшелігі (тігілген түрде, парақтары нөмірленген, соңғы парағы заңды тұлғаның қолымен және мөрімен (егер бар болса) расталған) конкурстық өтінімге бөлек қосылып беріледі және конкурстық өтініммен бір конвертке салынады.

133-101. Әлеуетті өнім беруші өтінімді конвертке желімдейді. Конвертте әлеуетті өнім берушінің атауы және заңды мекенжайы көрсетіледі. Конверт

бірыңғай дистрибьютордың хабарландыруда көрсетілген мекенжайына жіберілуге және мынадай: "Медициналық техниканы ұзақ мерзімді жеткізу жөніндегі конкурс" және "_____ дейін ашуға болмайды (хабарландыруда көрсетілген конверттердің ашылу күні және уақыты көрсетіледі)" деген жазулар болуға тиіс.

133-102. Медициналық техниканы ұзақ мерзімді жеткізу конкурсына қатысу үшін әлеуетті өнім беруші мынадай біліктілік талаптарына сәйкестігін растайды:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген лицензияланатын қызметті орындауға лицензиясының болуы;

2) жасалған шарттар бойынша міндеттемелерді орындауға қажетті қаржылық, материалдық және еңбек ресурстарының болуы;

3) заңды тұлғаның құқық қабілеттілігінің болуы;

4) төлем қабілетінің болуы, таратылуға жатпауы, сатып алуды өткізу кезінде Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес оның қаржылық-шаруашылық қызметі тоқтатылмауы тиіс;

5) отандық тауар өндіруші мәртебесінің болуы;

6) мерзімі үш айдан асқан салық берешегінің болмауы.

133-103. Медициналық техниканы ұзақ мерзімді жеткізу шартын жасасу жөніндегі конкурсқа қатысуға ниет білдірген әлеуетті өнім берушілер мынадай құжаттар тізбесіне сәйкес өтінім береді:

1) осы Ережеге 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша медициналық техниканың (лоттардың) атауы көрсетілген конкурсқа қатысу өтінім;

2) әлеуетті өнім берушіге қойылатын біліктілік талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттар:

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген лицензияланатын қызметті орындауға арналған әлеуетті өнім берушінің құқығын растайтын лицензияның не қағаз көшірме түріндегі электрондық құжат лицензиясының нотариат куәландырған көшірмесі;

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде міндетті аудит жүргізу белгіленген заңды тұлғалардың соңғы қаржы жылындағы аудиторлық есебінің түпнұсқасы немесе нотариат куәландырған көшірмесі. Егер конверттерді ашу ағымдағы жылдың 1 маусымына дейінгі мерзімде жүргізілген жағдайда, соңғы қаржы жылының алдындағы қаржы жылындағы аудиторлық есептің түпнұсқасы немесе нотариат куәландырған көшірмесі ұсынылады;

заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің нотариат куәландырған көшірмесі не заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама;

заңды тұлға үшін Жарғының нотариат куәландырған көшірмесі (жарғыда құрылтайшылардың, қатысушылардың немесе акционерлердің құрамы

көрсетілмеген жағдайда, акцияларды ұстаушылардың тізілімінен үзінді көшірме немесе құрылтайшылардың, қатысушылардың құрамы туралы үзінді көшірме немесе құрылтай шартының нотариат куәландырған көшірмесі);

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес төлем мерзімі ұзартылған жағдайларды қоспағанда, берілгеніне конкурстық өтінімдері бар конверттер ашылатын күннен бұрын бір ай өтпеген салық төлеушінің Қазақстан Республикасы бойынша үш айдан асқан салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің жоқ (бар) екені туралы осы салық органының басшысы не басшының орынбасары қол қойған және мөрімен бекітілген анықтама. Көрсетілген анықтама электрондық түрде берілген кезде уәкілетті органның электрондық цифрлық қолтаңбасымен расталады;

әлеуетті өнім берушіге қызмет көрсететін банктің немесе банк филиалының қолы және мөрі қойылған әлеуетті өнім берушінің осы Ережеге 4-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі басқармасының қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктердегі, ипотекалық ұйымдар мен "Қазақстанның даму банкі" акционерлік қоғамындағы бухгалтерлік есеп шоттарының үлгі жоспарына сәйкес банктің немесе банк филиалының алдындағы міндеттемелерінің барлық түрлері бойынша анықтама берілген күннің алдындағы үш айдан асқан мерзімге берешегінің жоқ екені туралы анықтаманың түпнұсқасы (егер әлеуетті өнім беруші бірнеше банктің немесе банк филиалдарының, сондай-ақ шетелдік банктің клиенті болып табылған жағдайда, бұл анықтама осындай банктердің немесе банк филиалдарының әрқайсысынан ұсынылады). Анықтаманың берілгеніне конкурстық өтінімдер салынған конверттер ашылатын күнінің алдында бір ай өтпеуге тиіс. Анықтамаға қол қойған лауазымды тұлғаның өкілеттігін растайтын құжаттың болмауы осындай әлеуетті өнім берушіні біліктілік талаптарына сәйкес емес деп тану үшін негіздеме болып табылмайды;

3) ұсынылатын тауардың нақты техникалық сипаттамалары көрсетілген қағазда және электрондық түрдегі (doc* форматында) техникалық ерекшеліктер;

4) белгіленген үлгідегі ішкі айналысқа арналған тауардың шығуы тегі туралы "СТ-KZ" сертификатының түпнұсқасы немесе оның нотариат растаған көшірмесі ;

5) медициналық техника өндірісінің ISO халықаралық стандартына сәйкестігін растайтын құжаттың нотариат растаған көшірмесі;

6) ұсынылатын медициналық техниканың осы Ереженің 133-104-тармақтарында көзделген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттар.

133-104. Сатып алынатын медициналық техникаға мынадай талаптар қойылады:

1) медициналық техника Кодекске және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіпке сәйкес Қазақстан Республикасында тіркелген;

2) медициналық техниканы таңбалау, тұтынушы қаптамасы және қолдану жөніндегі нұсқаулық Кодекстің және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіптің талаптарына сәйкес келеді;

3) медициналық техника жаңа және бұрын пайдаланылмаған болып табылады, бұл ретте өнім беруші өндірілгеніне медициналық техниканы жеткізу кезінде жиырма төрт айдан аспаған медициналық техниканы ұсыну бойынша міндеттемелерді қабылдайды;

4) өлшеу құралдарына жататын медициналық техника Қазақстан Республикасының өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесі тізіліміне енгізілуі тиіс.

133-105. Комиссия өтінімдер салынған конверттерді хабарландыруда көрсетілген уақытта, мерзімде және орында ашады.

Комиссия конверттерді ашу кезінде рәсімдерді өткізу орны, уақыты мен күні көрсетілген регламентті әлеуетті өнім берушілердің назарына жеткізеді. Регламент бірыңғай дистрибьютордың интернет-ресурсында да орналастырылады.

133-106. Әлеуетті өнім берушілер не олардың уәкілетті өкілдері өтінімдері бар конверттерді ашу кезінде қатысуға құқылы.

133-107. Өтінімдер салынған конверттерді ашу кезінде комиссия хатшысы қатысып отырған адамдарға конкурсқа қатысушы әлеуетті өнім берушілердің атаулары мен мекенжайларын, әлеуетті өнім берушілердің өтінімдері ұсынылған лоттардың атауларын хабарлайды және бұл ақпаратты өтінімдер салынған конверттерді ашу хаттамасына тіркейді.

133-108. Комиссия конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашқан сәттен бастап он жұмыс күні ішінде әлеуетті өнім берушілер ұсынған конкурстық өтінімдердің біліктілік талаптарына және осы Ереженің талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қарайды.

133-109. Комиссия регламентке сәйкес күні мен уақытына сай, бірақ конкурстық өтінімдерді қараудың оныншы жұмыс күнінен кешіктірмей ашу хаттамасын (отырыс өткізу және бірыңғай дистрибьютордың немесе медициналық техниканы сатып алуды ұйымдастырушының интернет-ресурсында орналастыру жолымен) әлеуетті өнім берушілердің назарына жеткізеді, онда мынадай ақпарат көрсетіледі:

1) әлеуетті өнім берушілердің әрқайсысы қатысатын лоттардың нөмірлері көрсетілген, конкурстық өтінімдерді ұсынған әлеуетті өнім берушілердің атауы;

2) әлеуетті өнім берушілердің конкурстық өтінімдерінің мазмұны;

3) конкурстық өтінімдері толықтырулар мен өзгерістерді қажет етпейтін әлеуетті өнім берушілердің атауы;

4) конкурстық өтінімдеріне ескертулер бар әлеуетті өнім берушілердің атауы;

5) әлеуетті өнім берушілердің конкурстық өтінімдеріне ескертулер;

6) комиссия көрсеткен ескертулерді жою үшін толықтырулар енгізу мерзімі;

7) екі конкурстық өтінімнен аз өтінім ұсынылған лоттардың нөмірі.

133-110. Комиссия көрсеткен ескертулерді жою мерзімі ашу хаттамасы жария етілген күнді қоспағанда, үш жұмыс күнін құрайды.

133-111. Ескертулер жойылғаннан кейін конкурстық өтінім беру кезінде қойылатын талаптарға сәйкес ресімделген толықтырулар түріндегі өзгертілген конкурстық өтінім ашу хаттамасында көрсетілген өзгерістерді енгізу мерзімінің соңғы жұмыс күні сағат 15.00-ге дейін комиссияның хатшысына ұсынылады

133-112. Толықтырулары бар конверттерді ашуды өзгерістер енгізу мерзімі аяқталған күні 15 сағат 30 минутта комиссия жүзеге асырады. Әлеуетті өнім берушілер не олардың уәкілетті өкілдері конкурстық өтінімдерге толықтырулар салынған конверттерді ашу кезінде қатысуға құқылы.

133-113. Өзгерістер енгізуге ұсынылған конкурстық өтінімдердің толықтырулары зерделенгеннен кейін комиссия регламентке сәйкес күні мен уақытта, бірақ толықтырулар салынған конверттер ашылатын күнінен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей, ең көп жеңілдікті айқындау рәсіміне рұқсат берілген әлеуетті өнім берушілердің тізбесін хабарлайды.

133-114. Әлеуетті өнім берушілерге ең көп жеңілдікті айқындау рәсіміне рұқсат беру хаттамасына комиссия ең көп жеңілдікті анықтау рәсіміне рұқсат берілген әлеуетті өнім берушілердің тізбесін жария еткен күні қол қояды. Бірыңғай дистрибьютор рұқсат беру хаттамасына комиссия мүшелері қол қойған соң бір жұмыс күнінен кейін оны өзінің интернет-ресурсында орналастырады. Рұқсат беру хаттамасында мынадай ақпарат қамтылады:

1) конкурстық өтінімдер ұсынған әрбір әлеуетті өнім берушілердің әрқайсысы қатысатын лоттардың нөмірлері көрсетілген әлеуетті өнім берушілердің атауы;

2) әлеуетті өнім берушілердің конкурстық өтінімдерінің мазмұны;

3) конкурстық өтінімдерге ескертулер болмаған әлеуетті өнім берушілердің атауы;

4) конкурстық өтінімдерге комиссияның ескертулері болған әлеуетті өнім берушілердің атауы, сондай-ақ өтінімдерге толықтырулар ұсыну туралы ақпарат;

5) ең көп жеңілдікті анықтау рәсіміне әлеуетті өнім берушілерге рұқсат беру туралы комиссияның шешімі.

133-115. Ұсынылған өзгерістерді зерделенгеннен кейін комиссия, егер:

1) ұсынылған өтінім осы Ереженің 11-4-тарауының талаптарына сәйкес келмейтін болса;

2) әлеуетті өнім беруші 133-102-тармақта көзделген біліктілік талаптарына сәйкес келмесе;

3) әлеуетті өнім беруші ұсынған медициналық техника 133-104-тармақта көзделген талаптарға сай болмаса;

4) сараптама комиссиясы әлеуетті өнім беруші ұсынған медициналық техниканы техникалық сипаттаманың (техникалық ерекшеліктің) талаптарына сәйкес келмейді деп таныса;

5) ұсынылған техникалық ерекшелікте ұсынылып отырған медициналық техниканың техникалық сипаттамасы дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың және медициналық техниканың айналысы саласындағы мемлекеттік сараптама ұйымының сайтында орналасқан, тіркеу куәлігінде және (немесе) тіркеу құжаттамасында көрсетілген техникалық сипаттамаға және (немесе) жинақтауышқа сәйкес келмесе, өтінімді толықтай не лоттар бойынша қайтарады.

133-116. Конкурсқа лот бойынша тек бір ғана отандық өндіруші қатысқан жағдайда, ол Ереженің 11-4-тарауында көзделген біліктілік және өзге де талаптарға сәйкес келген кезде онымен автоматты түрде ұзақ мерзімді шарт жасалады.

133-117. Лот бойынша бәсекелес орта болған жағдайда, комиссия жеңімпазды ең жоғары баға жеңілдігі рәсімі бойынша айқындайды.

133-118. Бірыңғай дистрибьютордың интернет-ресурсында рұқсат беру хаттамасын орналастырған күннен бастап бір жұмыс күнінен кейінгі жұмыс күні сағат 10.00-де (Астана қаласының уақытымен) комиссия ең көп баға жеңілдігі рәсіміне қатысатын әлеуетті өнім берушілерден баға жеңілдіктерін қабылдауды бастайды.

133-119. Әлеуетті өнім беруші баға жеңілдігін беруге уәкілетті тұлғасының қатысуын қамтамасыз етеді.

133-120. Әлеуетті өнім берушінің бастапқы баға жеңілдігі әлеуетті өнім берушінің мөрімен расталған және бірінші басшының немесе осындай баға жеңілдігіне қол қоюға уәкілетті адамның қолы қойылған лот бойынша баға жеңілдігі көрсетіле отырып, жазбаша түрде ұсынылады.

Баға жеңілдігінің ең төменгі қадамы 1 %-ды (бір пайыз) құрайды.

133-121. Қандай да бір лот бойынша әлеуетті өнім беруші бастапқы баға жеңілдігін ұсынбаған жағдайда, әлеуетті өнім беруші осы лот бойынша түпкілікті баға жеңілдігін ұсыну мүмкіндігінен айырылады және тиісті лот бойынша ең көп баға жеңілдігін айқындау рәсіміне қатысудан шеттетіледі.

133-122. Егер тиісті лот бойынша ең көп шартты баға жеңілдігін айқындау рәсіміне қатысудан шеттетілу нәтижесінде бір ғана әлеуетті өнім беруші қалса, соңғысы жеңімпаз деп танылады.

133-123. Комиссия хатшысы әлеуетті өнім берушілер ұсынған барлық баға жеңілдіктерін, соның ішінде лот бойынша ең көп шартты баға жеңілдігін жариялайды және оларға бастапқы шартты баға жеңілдігін арттыруға ұсыныс жасайды.

133-124. Түпкілікті баға жеңілдіктерін қабылдау уақыты комиссия хатшысының осындай баға жеңілдіктерін қабылдаудың басталғаны туралы хабарлаған кезінен бастап бес минутқа дейінгі уақытты құрайды.

133-125. Егер бастапқы баға жеңілдігін ұсынған әлеуетті өнім беруші түпкілікті баға жеңілдігін ұсынбаса, комиссия оның бастапқы баға жеңілдігін түпкілікті ретінде қабылдайды.

133-126. Ең жоғары баға жеңілдігін айқындау рәсімі ең жоғары баға жеңілдігі біреу болған жағдайда түпкілікті болып табылады.

133-127. Лот бойынша бірдей екі түпкілікті баға жеңілдігі болған жағдайда, жеңімпаз "СТ KZ"-ға сәйкес қазақстандық қамтудың ең көп үлесі бойынша айқындалады.

Бірдей қазақстандық қамту үлесі ұсынылған жағдайда, "СТ KZ"-ға сәйкес конкурсқа қатысуға өтінімді бұрын берген әлеуетті өнім беруші жеңімпаз болып танылады.

133-128. Басқа баға жеңілдіктеріне қарағанда ең жоғары баға жеңілдігін ұсынған әлеуетті өнім беруші жеңімпаз деп танылады.

133-129. Ұсынылған баға жеңілдігі ұзақ мерзімді жеткізу шартының қолданылу мерзімінде әрекет етеді. Баға жеңілдігі өсу жағына өзгереді және кему жағына қарай өзгермеуге тиіс.

133-130. Ұсынылған баға жеңілдігі медициналық техниканы бір жылға сатып алу бағаларына мынадай формула бойынша қолданылады:

$$P - S = D$$

P - денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген шекті баға;

S - баға жеңілдігі;

D – медициналық техниканың бағасы.

133-131. Комиссия қорытынды шығарады және хаттамаға қол қояды.

133-132. Қорытындылар хаттамасында:

- 1) ең көп жеңілдікті айқындау рәсімі өтетін күн, басталу және аяқталу уақыты ;
- 2) ең көп жеңілдікті айқындау рәсіміне қатысқан әлеуетті өнім берушілердің атаулары мен мекенжайлары;
- 3) лоттардың атаулары мен қысқаша сипаттамалары;

- 4) бірде бір әлеуетті өнім беруші шықпаған лоттардың атаулары;
- 5) конкурстың қорытындысы бойынша айқындалған ең көп жеңілдік;
- 6) конкурс жеңімпаздарының атаулары мен мекенжайлары;
- 7) автоматты түрде ұзақ мерзімді жеткізу шарты жасалатын бір ғана өтінім ұсынған әлеуетті өнім беруші туралы ақпарат көрсетіледі.

133-133. Ең көп жеңілдікті анықтау рәсімінің аяқталған кезден бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей бірыңғай дистрибьютор лот бойынша медициналық техниканы ұзақ мерзімді жеткізу шартын жасасу конкурсының қорытынды хаттамасын интернет-ресурста жариялайды.

133-134. Бірыңғай дистрибьютор осы Ережеге 16-қосымшаға сәйкес медициналық техниканы жеткізудің үлгілік ұзақ мерзімді шартына сәйкес қорытынды хаттаманың негізінде, оған қол қойылған кезден бастап бес жұмыс күні ішінде медициналық техниканы ұзақ мерзімді жеткізу шартын жасасады.

133-135. Медициналық техниканы ұзақ мерзімді жеткізу шарттарын жасасқан күннен бастап бес жұмыс күні ішінде бірыңғай дистрибьютор денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органға және тапсырыс берушілерге конкурстың қорытынды хаттамасын және конкурс жеңімпазының техникалық ерекшеліктерінің көшірмелерімен қоса, қағаз (doc* форматында) және электрондық түрде өткізілген конкурстың қорытындысы және конкурс жеңімпаздарының тізімі көрсетілген ақпараттық хат жібереді.

133-136. Өткізілген конкурстың қорытындысы бойынша денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бірыңғай дистрибьютордан сатып алынуға тиіс медициналық техниканың тізімін бекітеді.

133-137. Бірыңғай дистрибьютор денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен, бірыңғай дистрибьютордан сатып алынуға тиіс медициналық техниканың тізімін алғаннан кейін медициналық техниканың атауларын техникалық сипаттамасы мен жиынтығын, тауардың әрбір атауы бойынша бір бірлігінің және жиынтық бөлінісіндегі шекті бағасын, медициналық техниканы жеткізу кезеңінің ұзақтығын көрсете отырып, өзінің интернет-ресурсына орналастырады.

133-138. Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жергілікті деңгейде медициналық ұйымдарды материалдық-техникалық жарактандыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді қоса алғанда, республикалық бюджет қаражаты есебінен сатып алынатын ұзақ мерзімді жеткізу шарттары бойынша отандық өндірушінің медициналық техникасына қажеттілікті айқындау мақсатында тапсырыс берушілер денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органға медициналық техниканың тізбесі, саны, техникалық ерекшелігі, клиникалық-техникалық негіздемесі қамтылған ақпаратты ұсынады.

Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган ақпаратты алған кезден бастап он жұмыс күні ішінде тапсырыс берушілерден алған ақпаратты клиникалық-техникалық негіздеме бөлігінде сараптама жүргізу және сараптамалық қорытынды шығару үшін лизинг берушіге жібереді.

Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган ақпарат берген кезден бастап, сондай-ақ медициналық техниканы жергілікті бюджет есебінен иеленетін тапсырыс берушілерден алған ақпараттарды ұсынған сәттен бастап жиырма жұмыс күні ішінде лизинг беруші денсаулық сақтау ұйымының медициналық техниканы қабылдауға және тиісінше пайдалануға беруге дайындық деңгейін, медициналық техниканың денсаулық сақтау ұйымы көрсететін қызметтерге сәйкестігін анықтау мақсатында клиникалық-техникалық негіздемесі бөлігінде сараптама жүргізеді және оның нәтижелері бойынша сараптамалық қорытынды шығарады.

Лизинг беруші сараптамалық қорытынды шығарылған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде алынған ақпаратты денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органға жібереді.

Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган лизинг беруші сараптамалық қорытындыны ұсынған кезден бастап он жұмыс күні ішінде алған сараптамалық қорытындыны тапсырыс берушіге кейіннен бірыңғай дистрибьюторға өтінім ұсыну үшін жолдайды.

133-139. Тапсырыс берушілер денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган тізімді бекіткеннен кейін бірыңғай дистрибьюторға өтінім береді, онда мыналар қамтылуы тиіс:

- 1) сатып алынатын медициналық техниканың атауы;
- 2) жиынтығы, саны, мерзімі, талаптары және жеткізу орны;
- 3) облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жергілікті деңгейде медициналық ұйымдарды материалдық-техникалық жарақтандыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді қоса алғанда, республикалық бюджет қаражаты есебінен медициналық техника сатып алынған жағдайда лизинг берушінің сараптама қорытындысының көшірмесі;
- 4) тапсырыс берушілердің мемлекеттік тіркеу туралы анықтамасы немесе куәлігі, жарғы/ереже көшірмелерінің қосымшаларымен толық атауы, олардың деректемелері, мекенжайы (пошта және заңды), байланыс телефондарының, факстарының нөмірлері, электрондық поштасының мекенжайы, бірінші басшының немесе оны алмастыратын адамның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде), сатып алуды жүзеге асыруға жауапты адамның тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде), шеңберінде сатып алу жоспарланған бағдарламаның, кіші бағдарламаның, ерекшеліктің атауы.

Бірыңғай дистрибьютор тапсырыс берушілерден өтінім алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде сатып алу шартын қабылдау-беру актісі бойынша тапсырыс берушілерге қол қоюға береді.

Тапсырыс берушілер бірыңғай дистрибьютордан сатып алу шартын алған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей толық көлемде оларға қол қоюға міндетті.

133-140. Бірыңғай дистрибьютор медициналық техниканы ұзақ мерзімді жеткізу шартын жасасқаннан кейін медициналық техниканы ұзақ мерзімді жеткізу шартының ажырамас бөлігі болып табылатын медициналық техниканы жеткізу туралы тиісті қаржы жылына арналған қосымша келісіммен ресімделетін тапсырыс берушілердің әрбір келесі күнтізбелік жылға өтінімдерінің негізінде жыл сайын мына шарттармен медициналық техниканы сатып алуды жүзеге асыруға міндеттенеді:

- 1) медициналық техниканы бірыңғай дистрибьютордың тізіміне енгізу;
- 2) тапсырыс берушілердің медициналық техниканы жеткізу санын (көлемін) айқындауы;
- 3) медициналық техниканы ұзақ мерзімді жеткізу шартының талаптарында белгіленген әлеуетті өнім берушіге, медициналық техникаға қойылатын талаптарға сәйкестігін растауы.

Бірыңғай дистрибьютор жыл сайын, тапсырыс берушілерден өтінім алған кезден бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей отандық тауар өндірушіге ұзақ мерзімді жеткізу шарты шеңберінде сатып алынатын медициналық техниканы жеткізу туралы қосымша келісімді қол қою үшін жібереді. Отандық тауар өндіруші қосымша келісімді алғаннан кейін оған 10 (күн) жұмыс күнінен кешіктірмей қол қоюға міндетті.

133-141. Бірыңғай дистрибьютор денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган ұсынған шекті құнының және жақсару жағына техникалық сипаттамаларының негізінде лизинг беруші шекті құнының өзгерісін және/немесе жақсару жағына техникалық сипаттаманың өзгерісін растайтын сараптама жүргізгеннен кейін ұзақ мерзімді шартқа қосымша келісім жасау жолымен жылына бір рет өзгеріс енгізуге құқылы.

Мұндай өзгеріс енгізуге тараптардың өзара келісуі бойынша медициналық техниканы ұзақ мерзімді жеткізу шартының қолданысына бір жыл өткенде және жылына бір рет қана жол беріледі.

Бұл ретте сатып алу жылына медициналық техниканың шекті құнына осы Ереженің 133-130-тармағына сәйкес формула қолданылатын болады.

133-142. Медициналық техниканы ұзақ мерзімді жеткізу шартын жасасу конкурсы мынадай:

- 1) лот бойынша өтінім ұсынылмаған;

2) лот бойынша ұсынылған барлық өтінімдер қайтарылған;

3) ең көп жеңілдікті анықтау рәсімі кезінде әлеуетті өнім берушілердің барлығы баға жеңілдігін ұсынбаған жағдайларда, толықтай не жекелеген лоттар бөлігінде өткізілмеді деп танылады.

133-143. Мыналар:

1) шартта көзделген міндеттемелердің бірнеше мәрте бұзылуы;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген лицензияланатын қызметті орындауға лицензияның қайтарылуы;

3) екі жыл қатарынан жеткізуден бас тарту (себептері мен мән-жайларына қарамастан);

4) әлеуетті өнім берушінің жосықсыз әлеуетті өнім берушілердің тізбесіне енгізілуі;

5) бірнеше рет сапасы лайықсыз тауарды жеткізуі ұзақ мерзімді жеткізу шартын бұзуға негіздеме болады.";

140-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"140. Өнім берушілер осы шарт бойынша өз міндеттемелерін, шартта көрсетілген мерзімде толық және тиісінше орындағаннан кейін оның жазбаша өтініші бойынша сатып алу туралы шарттың (жеткізу шарты) орындалуына енгізілген қамтамасыз ету өнім берушіге қайтарылады.";

көрсетілген Ережеге 9-қосымшада:

1-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) Дәрілік заттарды және медициналық мақсаттағы бұйымдарды сатып алу және қамтамасыз ету жөніндегі бірыңғай дистрибьютор (бұдан әрі – бірыңғай дистрибьютор) – тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде сатып алуды ұйымдастыруды, оның нәтижелері бойынша Өнім берушілермен жеткізу шарттарын жасасуды, сондай-ақ Тапсырыс берушілерді дәрілік заттармен, медициналық мақсаттағы бұйымдармен қамтамасыз етуді жүзеге асыратын заңды тұлға.";

5-тармақта:

төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Бірыңғай дистрибьютордың уәкілетті өкілінен тауарды қабылдау кезінде Тапсырыс берушінің уәкілетті өкілі оны саны мен сапасы бойынша қабылдауды жүзеге асырады. Тауарды жеткізген күні Тараптардың өкілдері тауардың саны мен сапасын тексереді. Тапсырыс беруші бірыңғай дистрибьютордан тауар жеткізілген кезден бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей тауардың ілеспе құжаттарына қол қояды және оларды толық көлемде бірыңғай дистрибьютордың уәкілетті өкіліне береді.";

жетінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Жеткізілетін тауарды немесе оның бөліктерін ауыстыруға осындай тауардың бағасы, көлемі және мерзімі сақталған (төмендеген) жағдайда, Тараптардың келісімі бойынша рұқсат етіледі.";

8-тармақтың жетінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Шартқа сәйкес бір Тарап екінші Тарапқа жолдайтын кез келген хабарлама электрондық цифрлық қолтаңба қойылған электрондық құжат түрінде жасалады не кейіннен түпнұсқасын бере отырып хат, жеделхат немесе факс түрінде жіберіледі.";

көрсетілген Ережеге 11-қосымшада:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Шарт бойынша төлем Сатып алушыға өнімді жеткізгенін растайтын мына құжаттардың тиісті ресімделген (Шартқа міндетті түрде сілтеме жасалуға тиіс) түпнұсқаларын уақтылы тапсырған кезде жүргізіледі:

1) Өнім берушінің шот-фактурасы;

2) қауіпсіздігі және сапасы туралы қорытындының нөмірі мен қолданылу мерзімі көрсетілген тараптарға тауарды босату жүкқұжаты;

3) Сатып алушының немесе оның заңды өкілінің өнімді саны мен сапасы бойынша қабылдағаны туралы белгісі бар Өнім берушінің тауар-көліктік жүкқұжаты;

4) Сатып алушының немесе оның заңды өкілінің саны мен сапасы бойынша өнімді қабылдағаны туралы белгісі бар Өнім берушінің қаптама қағазы;

5) қабылдау-беру орнында жасалған, Тараптардың немесе олардың заңды өкілдері белгі қойған қабылдау-беру актісі;

6) Тараптар қол қойған өзара есеп айырысудың салыстыру актісі (бұл құжатты өнім беруші өнімнің соңғы партиясымен ұсынады).";

29-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"29. Сатып алушы өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы (Өнім беруші жеткізу мерзімін бұзған жекелеген дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды жеткізуге қатысты):

1) өнім жеткізу мерзімін кешіктіру күнтізбелік 30 (отыз) күннен асқан және (немесе) өсімпұл және (немесе) айыппұл төлеуді кідірту күнтізбелік 15 (он бес) күннен асқан;

2) шартты орындауды қамтамасыз етуді Өнім беруші Ереженің 139-тармағының талаптарын бұза отырып ұсынған жағдайларда, Өнім берушіге қандай да бір залал мен шығындарын өтемей шартты бір жақты тәртіппен толықтай немесе ішінара бұзуға (шартты орындаудан бас тартуға) құқылы.

Өнім беруші шартты біржақты тәртіппен бұзу (Шартты орындаудан бас тарту) себебі туралы күші жойылатын шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзудың күшіне енуінің отыз күннен аспайтын күні көрсетілген Сатып

алушының тиісті жазбаша хабарламасын алған күннен бастап Шартты бұзу күшіне енген күн өткен соң Шарт толықтай немесе ішінара бұзылды деп саналады. Сатып алушы жекелеген өнімді жеткізуге қатысты ішінара Шартты біржақты тәртіппен бұзған кезде тараптардың Шарттың қалған бөлігі бойынша міндеттемелері тоқтатылмайды.";

32-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"32. Өнім беруші Шарттың 5-бөлігінің 8-тармағында белгіленген міндеттемелерді уақтылы немесе толық орындамаған жағдайда, Сатып алушы Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы. Бұл ретте мұндай бұзу туралы қандай да бір қосымша келісімнің болуы талап етілмейді.";

көрсетілген Ереже осы қаулыға 1, 2-қосымшаларға сәйкес 15, 16-қосымшалармен толықтырылсын.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2015 жылғы 8 шілдедегі

№ 515 қаулысына

1-қосымша

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету бойынша дәрілік заттарды, профилактикалық (иммундық-биологиялық, диагностикалық, дезинфекциялық) препараттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы, фармацевтикалық қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу ережесіне 15-қосымша

Кімге _____

— (Бірыңғай дистрибьютордың атауы)

Кімнен _____

— (әлеуетті өнім берушінің атауы)

Медициналық техниканы ұзақ мерзімді жеткізу шартын жасасу конкурсына қатысуға өтінім

Конкурса қатысуға үміткер заңды тұлға (әлеуетті өнім беруші) туралы мәліметтер:

Заңды тұлғаның – әлеуетті өнім берушінің толық атауы (мемлекеттік тіркеу туралы куәлікке сәйкес)
--

Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің нөмірі мен күні

Салық төлеушінің тіркеу нөмірі (СТН)
Бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН)
Әлеуетті өнім берушінің заңды, пошталық мекенжайы және электрондық поштасының мекенжайы, байланыс телефондары
Заңды тұлғаның банктік деректемелері (банктің немесе оның филиалының толық атауын қоса алғанда)
Заңды тұлғаның бірінші басшысының Т.А.Ә.

_____ (заңды тұлғаның толық атауы көрсетіледі) осы медициналық техниканы ұзақ мерзімді жеткізу шартын жасасу конкурсына қатысуға өтініммен (бұдан әрі – өтінім)

_____ (лот нөмірі, тауардың атауы)

_____ лоттары бойынша медициналық техниканы жеткізуді жүзеге асыруды ұсынады.

2. _____ (заңды тұлғаның толық атауы көрсетіледі) осы өтініммен медициналық техниканы ұзақ мерзімді жеткізу шартын жасасу конкурсына әлеуетті өнім беруші ретінде қатысуға тілек білдіреді және медициналық техниканы осы Ереженің 11-4-тарауында көзделген талаптар мен шарттарға сәйкес жеткізуге келісімін білдіреді.

3. Әлеуетті өнім беруші осы Ереженің 11-4-тарауында көзделген талаптармен және шарттармен танысқанын және конкурстық комиссияға өзінің құзыреттілігі, біліктілігі, медициналық техниканы жеткізу сапасы және өзге де сипаттамалары туралы жалған мәлімет бергені үшін жауапкершілік, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген басқа шектеулер туралы хабардар екенін растайды.

Әлеуетті өнім беруші медициналық техниканы ұзақ мерзімді жеткізу шартын жасасу конкурсына қатысуға берген өтінімінде және оған қоса берілетін құжаттарда мұндай жалған мәліметтерді бергені үшін жауапкершілікті толық қабылдайды.

4. Қоса берілетін құжаттардың тізбесі.

Р/с №	Құжаттың атауы	Парақтардың саны
1.		
2.		

5. Осы өтінім _____ күн ішінде әрекет етеді.

6. Медициналық техниканы ұзақ мерзімді жеткізу шартын жасасу кезіне дейін осы өтінім біздің арамыздағы міндетті шарттың рөлін атқарады.

_____ (қолы, күні) (лауазым, Т.А.Ә.)

М.О.

Конкурстық өтінімге _____ атынан және оның

(әлеуетті өнім берушінің атауы)

тапсырмасымен қол қоюға барлық өкілеттігі бар

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2015 жылғы 8 шілдедегі

№ 515 қаулысына

2-қосымша

Тегін медициналық көмектің

кепілдік берілген көлемін

көрсету бойынша дәрілік

заттарды, профилактикалық

(иммундық-биологиялық,

диагностикалық, дезинфекциялық)

препараттарды, медициналық

мақсаттағы бұйымдар мен

медициналық техниканы,

фармацевтикалық қызметтерді

сатып алуды ұйымдастыру және

өткізу ережесіне

16-қосымша

Медициналық техниканы жеткізудің № _____ ұзақ мерзімді үлгілік шарты

Астана қаласы " __ " _____ 2015 ж.

Бұдан әрі "Сатып алушы" деп аталатын "СҚ-Фармация" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бірыңғай дистрибьютор) атынан Жарғы негізінде әрекет ететін Басқарма төрағасы бір тараптан және бұдан әрі "Өнім беруші" деп аталатын _____ атынан Жарғы негізінде әрекет ететін директор екінші тараптан бұдан әрі бірлесіп "Тараптар", ал жеке-жеке "Тарап" деп аталып,

денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 7-бабы 1-тармағының 20), 50), 68) тармақшаларына, 76-бабының 2-тармағына және 77-бабына сәйкес жыл сайын медициналық техниканы сатып алудың шекті бағаларын белгілей отырып, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін (бұдан әрі – ТМККК) көрсету

үшін сатып алынатын медициналық техниканың бағасын мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратынын, бірыңғай дистрибьютордан сатып алынатын медициналық техника тізімін айқындайтын және бекітетінін ескере отырып,

және:

Кодекстің 77-бабының 1-тармағын;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 қазандағы № 1729 қаулысымен бекітілген Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету бойынша дәрілік заттарды, профилактикалық (иммундық-биологиялық, диагностикалық, дезинфекциялық) препараттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы, фармацевтикалық қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу ережесінің (бұдан әрі – Ереже) 7-тармағының 2) тармақшасын басшылыққа ала отырып;

мыналардың:

медициналық техниканы жеткізуге ұзақ мерзімді шарттар жасау конкурсы қорытындыларының _____ жылғы № _____ хаттамасының негізінде:

төмендегілер туралы осы _____ жылғы Медициналық техниканы жеткізудің № _____ ұзақ мерзімді шартын (бұдан әрі – Шарт) жасасуға уағдаласты:

1. Шартта қолданылатын терминдер

1. Осы Шартта төменде көрсетілген ұғымдардың мынадай түсініктері болады:

1) Шарт – Өнім беруші мен Сатып алушы арасында Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жазбаша нысаны сақтала отырып жасалған, Тараптар оған барлық қосымшаларымен және толықтыруларымен, сондай-ақ Шартта сілтемесі бар барлық құжаттамамен қоса қол қойған азаматтық-құқықтық акт;

2) Шарт сомасы – Шарт талаптарына сәйкес Сатып алушы Өнім берушіге төлейтін сома;

3) тауарлар – Шарт талаптарына сәйкес Өнім беруші Сатып алушыға жеткізетін медициналық техника және қосалқы көрсетілетін қызметтер;

4) қосалқы көрсетілетін қызметтер – тауарларды жеткізуді қамтамасыз ететін, мысалы, тасымалдау және сақтандыру сияқты қызметтер және мысалы, монтаждауды, іске қосуды, техникалық жәрдемдесуді, оқытуды және осы Шартта көзделген Өнім берушінің міндеттемелерінің басқа ұқсас түрлерін қамтитын кез келген басқа қосалқы қызметтер.

2. Шарттың нысанасы

2. Төменде көрсетілген құжаттар мен оларда жазылған талаптар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып табылады, атап айтқанда:

- 1) осы Шарт;
- 2) сатып алынатын тауарлардың тізбесі (осы Шартқа 1-қосымша);
- 3) сатып алынатын тауарлардың жинақтаушы (осы Шартқа 2-қосымша);
- 4) сатып алынатын тауарлардың техникалық ерекшелігі (осы Шартқа 3-қосымша);
- 5) монтаждау, іске қосу-баптау жұмыстары (қызметкерлерді оқыту) жөніндегі акт (осы Шартқа 4-қосымша).

Өнім беруші осы Шартқа қосымшаларға сәйкес тауарды жеткізуге міндеттенеді.

Сатып алушы үшін тауарды сатып алу жөніндегі міндеттемелер медициналық техниканы жеткізу жөніндегі тиісті қаржы жылына арналған қосымша келісіммен ресімделетін, мынадай:

1) бірыңғай дистрибьютордан сатып алынатын дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың және медициналық техниканың тізіміне медициналық техника қосылған;

2) Тапсырыс берушілер жеткізетін медициналық техниканың көлемін айқындаған;

3) әлеуетті өнім берушіге, сондай-ақ осы Шарттың талаптарында белгіленген медициналық техникаға қойылатын талаптарға сәйкестігі расталған жағдайда осы шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын әрбір алдыңғы күнтізбелік жылға Тапсырыс берушіден өтінімдер түскеннен кейін басталады.

Тараптар осы Шартты жасау және орындау үшін барлық өкілеттіктері бар екенін, үшінші тараптардың талаптарымен ауыртпалық салынбағанын және келешекте үшінші тараптардан шағым болған жағдайда, оларды дербес реттейтінін мәлімдейді және кепілдік береді.

3. Тараптардың тауар жеткізу жөніндегі міндеттемелері

3. Тауар Бірыңғай дистрибьютордан сатып алынуға тиіс медициналық техника тізіміне енгізілген, Тапсырыс берушілер тауарды жеткізу санын анықтаған, сондай-ақ әлеуетті өнім берушіге, сондай-ақ медициналық техникаға қойылатын Ережеде белгіленген талаптарға сәйкестігі расталған жағдайда, Сатып алушы жыл сайын тапсырыс берушілерден өтінімдер алған және ағымдағы күнтізбелік жылға арналған жалпы қажеттілік қалыптастырылған, сондай-ақ ағымдағы күнтізбелік жыл ішінде тапсырыс берушіден қосымша

келісім алған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей, Сатып алушы өнім берушіге қосымша келісімді ұсынады, онда мынадай ақпарат қамтылуға тиіс:

- 1) медициналық техниканың атауы;
- 2) медициналық техниканың саны;
- 3) жиынтықтың бөліністегі құны көрсетілген медициналық техниканың жиынтығы;
- 4) жеткізу мерзімі;
- 5) сатып алынатын тауардың техникалық сипаттамалары;
- 6) төлем жүргізу тәртібі;
- 7) жеткізу орны.

Өнім беруші жыл сайын тиісті қаржы жылына арналған тауарды жеткізу туралы қосымша келісімге қол қоюға міндеттенеді. Өнім беруші қосымша келісімді алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей қол қоюға міндетті.

Әр қаржы жылына қосымша келісімге тараптар осы Шарттың талаптарында және оны орындау мақсатында қол қояды. Сатып алушының талабы бойынша Қосымша келісімде Өнім берушінің қосымша келісімнің сомасынан кемінде бір пайыз мөлшерінде қосымша келісімді орындауды қамтамасыз етуді енгізуі бойынша міндеттеме көзделуі мүмкін.

Медициналық техниканы жеткізуді ұйымдастыруды Сатып алушы ұсынатын жазбаша өтінімнің негізінде Өнім беруші орындайды. Медициналық техниканың атауы, саны, жиынтығы, құны, ақы төлеу мерзімдері, жеткізу орны Қосымша келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын өтінімдерге қол қою арқылы Тараптармен келісіледі.

Күнтізбелік жыл ішінде Сатып алушыға Тапсырыс берушілерден тауарды жеткізуге қосымша өтінімдер келіп түскен жағдайда, Өнім беруші қосымша жеткізуді Сатып алушыдан өтінімдер бойынша жүзеге асыратын болады, оларда мынадай ақпарат қамтылады:

- 1) медициналық техниканың атауы;
- 2) медициналық техниканың саны;
- 3) жиынтықтың бөліністегі құны көрсетілген медициналық техниканың жиынтығы;
- 4) жеткізу мерзімі;
- 5) сатып алынатын тауардың техникалық сипаттамалары;
- 6) төлем жүргізу тәртібі;
- 7) жеткізу орны.

Қазақстан Республикасының заңнамасында медициналық техникаға қойылатын талаптарға сәйкес Өнім беруші тауарды өндіру және жеткізу күніне тауарды өндіруге және жеткізуге міндеттенеді.

Тиісті қаржы жылына арналған тауар жеткізу туралы қосымша келісім маңызды талаптар (төлем тәртібі, қаптама және таңбалау, монтаж және іске қосу жұмыстары, өнімге берілетін кепілдік, жауапкершілік (айыппұл санкциялары) және өзге жағдайлар) ескеріле отырып жасалады.

Тауарды жеткізу соңғы межелі пунктке тасымалдау кезінде зақымданудан немесе бұзылудан қорғай алатын қаптамада жүзеге асырылады. Қаптаманың тасымалдау кезінде, сондай-ақ ашық жерде сақтау кезінде қарқынды көтеру-тасымалдауға және экстремалды температуралардың, тұздар мен жауын-шашынның әсеріне қандай да бір шектеусіз төзімділік қабілеті болуы тиіс.

Ыдыстың қаптамасы мен таңбасы, сондай-ақ ішіндегі және сыртындағы құжаттары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында айқындалған арнайы талаптарға сәйкес болуы тиіс.

Тауарды саны мен сапасы бойынша қабылдап алуды жеткізу сәтінде Тапсырыс берушінің, Сатып алушының және Өнім берушінің өкілдері жүргізеді, қабылдап алу нәтижелері тауарды қабылдау-беру актісімен ресімделеді. Жеткізу кезінде Сатып алушы мен Өнім берушінің өкілдері тауарды қабылдауды дұрыс жүзеге асыру үшін сенімхаттың және жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесінің болуын қамтамасыз етеді. Тауарды қабылдау-беру актісі және монтаждау мен іске қосу-баптау жұмыстары жөніндегі акт жасалған күн тауарды жеткізу күні болып саналады. Шарт бойынша жеткізілетін Тауар:

1) саны бойынша: тауарды қабылдау-беру актісінде көрсетілген санына сәйкес;

2) жиынтығы бойынша: сатып алынатын медициналық техниканың жиынтығына сәйкес (Шартқа 2-қосымша);

3) сапасы бойынша: техникалық ерекшелікте (Шартқа 3-қосымша) көрсетілген сапаға, ілеспе құжатта көрсетілген медициналық техниканың әрбір атауына өнімнің қауіпсіздігі мен сапасы жөніндегі қорытындының нөміріне және қолданылу мерзіміне сәйкес;

4) монтаждаудан және іске қосу-баптау жұмыстарынан кейін монтаждау және іске қосу-баптау жұмыстарының актісіне (Шартқа 4-қосымша) сәйкес Өнім беруші берген және Сатып алушы қабылдап алған болып саналады.

Өнім беруші медициналық техниканы жеткізуді Сатып алушының сатып алынатын тауарлар тізімінде айтылған талаптарына сәйкес жүзеге асырады.

Медициналық техниканы межелі пунктіне дейін тасымалдауды Өнім беруші жүзеге асырады және оған ақы төлейді және ол Шарт сомасына кіреді.

Тауар үй-жайдың арнайы дайындығын талап еткен жағдайда, Өнім беруші қосымша келісімге қол қойылған кезден бастап 10 күн ішінде Сатып алушыға үй-жайды дайындау және монтаж жасауға жағдайлар қажеттілігі туралы жазбаша хабарлайды.

Сатып алушы жеткізу мерзімі аяқталғанға дейін 30 күннен кешіктірмей Өнім берушіге монтаждау үшін үй-жай және жағдайлардың дайындығы жөнінде жазбаша хабарлайды.

Өнім беруші медициналық техниканы жеткізу процесін осы медициналық техникамен жұмыс істеу, монтаждау, орнату, баптау және іске қосу үшін персоналды оқытуға құжаттық растауы бар білікті мамандармен сүйемелдеуді қамтамасыз етеді.

Медициналық техниканы жеткізуді жүзеге асыру кезінде Өнім беруші қызмет көрсетудің кепілді мерзімі өткеннен кейін Сатып алушыға медициналық техниканың бағдарламалық жасақтамасына қол жеткізу үшін барлық сервис-кодтарды береді.

Өнім беруші Шарт шеңберінде жеткізілген медициналық техника жаңа, қолданылмаған, ең жаңа немесе конструкциялар мен материалдардың ең соңғы модификацияларын көрсететін үлгі болып табылатынына кепілдік береді, бұл ретте Өнім беруші өндірілгеніне жеткізу сәтіне 24 (жиырма төрт) айдан аспаған медициналық техниканы жеткізуге міндеттеме алады. Өнім беруші одан әрі осы Шарт бойынша жеткізілген медициналық техника Сатып алушының елі үшін әдеттегі болып табылатын жағдайларда қалыпты қолданылса, оның конструкциясымен, материалдарымен және жұмысымен байланысты ақаулары болмайды деп кепілдік береді.

Кепілдік тауардың барлық партиясы жеткізілгеннен және межелі пунктінде қабылданғаннан кейін 37 (отыз жеті) ай ішінде жарамды.

Кепілдік қызмет көрсету мерзімі ішінде жоспарлы сервистік қызмет көрсетуді Өнім берушінің білікті маманы жүзеге асырады.

Өнім беруші тауарды қабылдау-беру актісіне қол қойылғаннан кейін күнтізбелік он күн ішінде Сатып алушыға сервистік қызмет көрсетуге қажетті шығыс материалдары мен жұмыстардың атауы көрсетілген сервистік қызмет көрсету кестесін ұсынуға міндетті.

Сервистік қызмет көрсетуді жүргізу кестесіне сәйкес жүргізу нәтижесі бойынша Өнім беруші медициналық техниканы тексеру актісін жасайды.

Тексеру актісіне Сатып алушы мен Өнім берушінің уәкілетті өкілдері қол қояды және Өнім беруші тексеруді жүргізген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Сатып алушыға тексеру актісінің көшірмесін жібереді.

Медициналық техника бұзылған жағдайда, Сатып алушы Өнім берушіге жазбаша түрде хабарлайды.

Осындай хабарлама алғаннан кейін Өнім беруші хабарлама алған кезден бастап жетпіс екі сағаттан аспайтын мерзім ішінде оның бұзылуының себептерін және болжамды жөндеу мерзімін анықтау үшін білікті маманның медициналық техника орналасқан жерге баруын қамтамасыз етеді. Жөндеуді жүргізу кезінде Өнім беруші тауар Тапсырыс берушінің кінәсінен бұзылғаны, сондай-ақ Тапсырыс беруші өз бетінше жөндегені анықталғаннан басқа жағдайларда, өндіруші зауытта жасалған қосалқы бөлшектер мен тораптарды пайдаланады немесе ақауы бар тауарды немесе оның бөлшектерін Сатып алушы тарапынан ешқандай шығын шығармай ауыстырады.

Шарт құжаттарына екі тарап та қол қойған жазбаша өзгерістерден басқа ешқандай ауытқулар немесе өзгерістер (сызбалар, жобалар немесе техникалық сипаттамалар, жүк түсіру, орау тәсілі, жеткізу орны немесе Сатып алушы көрсететін қызметтер және т.б.) енгізуге жол берілмейді.

Жеткізілген тауардың саны мен сапасы бойынша ілеспе құжаттарға сәйкес келмейтіні анықталған жағдайда, бұл сәйкессіздіктер қабылдау-беру актісінде көрсетіледі. Сатып алушы Өнім берушіге алынған тауардың сапасына байланысты барлық наразылықтарын жазбаша түрде, бірақ тауарды қабылдау-беру актісіне қол қойылғаннан кейін 72 (жетпіс екі) сағаттан кешіктірмей жедел хабарлайды. Бұл ретте Өнім беруші 30 (отыз) жұмыс күні ішінде Сатып алушының жеткізілген тауарға қатысты барлық ескертулерін жоюға міндеттенді, олай болмаған жағдайда Сатып алушы Өнім берушінің әрекетін Тауарды уақтылы жеткізбеу ретінде бағалайтын болады.

Өнім беруші Сатып алушының хабарламасын алғаннан кейін келесі күннен кешіктірмей (егер хабарламада өзге мерзім көрсетілмесе) тауардың саны мен сапасын тексеруге қатысу үшін өз өкілін жібереді.

Жеткізілетін тауарды немесе оның бір бөлігін саны мен сапасын жақсарту, сондай-ақ осындай тауардың бағасын, көлемін және жеткізу мерзімін сақтау шартымен басқа тауар атауымен ауыстыруға жол беріледі.

4. Баға белгілеу

4. Тиісті қаржы жылына арналған Тауар жеткізу жөніндегі қосымша келісімде тауардың бағасы жыл сайын тауарға уәкілетті орган айқындайтын және бекітетін шекті бағадан аспайтындай етіп белгіленеді.

Өнім беруші конкурсқа ұсынатын _____ мөлшеріндегі баға жеңілдігі сатып алу жылына медициналық техника бағаларына қатысты мына формула бойынша қолданылады:

$$P - S = D$$

P – денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен шекті баға;

S – баға жеңілдігі;

D – медициналық техниканың бағасы.

Өнім беруші Қосымша келісімге қол қойылғанға дейін Сатып алушыға негіздемені ұсына отырып, тауар жеткізуден бас тартуға құқылы, бірақ екі жыл қатарынан бас тартуға болмайды.

Тауар бағасы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық салықтарды, алымдарды және басқа да міндетті төлемдерді, сондай-ақ Сатып алушыға тауарды жеткізумен және қосалқы қызметтер көрсетумен байланысты Өнім беруші шығыстарын қамтиды.

Осы Шарттың 4-бөліміне сәйкес тауарға бағасын анықтау бойынша барлық мәселелер Тараптар тиісті қаржы жылына арналған Тауар жеткізу жөніндегі қосымша келісім жасасқан кезде шешілді деп саналады.

5. Шарт мерзімі

5. Осы Шарт _____ жылғы _____ күшіне енеді және Шарт жасалған сәттен бастап _____ жыл қолданылады.

6. Тараптардың жауапкершілігі және шартты бұзу

6. Шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапты болады.

Өнім беруші Тапсырыс берушінің Шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.

Өнім беруші жеткізілген тауардың жеткізу, алмастыру, сапасыз (ақауы бар) тауарды жою мерзімдері бұзылған, сондай-ақ кепілдікті қызмет уақтылы көрсетілмеген жағдайда Өнім беруші Сатып алушыға мерзімі өткен әр күн үшін мерзімінде жеткізілмеген тауар сомасының 0,1 %-ы мөлшерінде, бірақ мерзімінде жеткізілмеген тауар құнының не ол бойынша кепілдікті қызмет уақтылы көрсетілмеген тауар құнының 10 %-дан артық емес өсімпұл төлейді. Өсімпұлды төлеу Өнім беруші Сатып алушыдан тиісті шотты алған кезден бастап күнтізбелік 7 (жеті) күн ішінде жүргізіледі.

Тауарды тұтастай немесе оның бір бөлігін жеткізуден бас тартқан жағдайда, Өнім беруші Сатып алушыға жеткізілмеген тауар құнының 10%-ы мөлшерінде біржолғы айыппұл төлеуге міндетті. Біржолғы айыппұл төлеуге шотты тауарды жеткізудің соңғы күнінен кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде тауарды жеткізу орындалмаған кезде Сатып алушы береді.

Сатып алушы Өнім берушіге өсімпұл және/немесе айыппұл төлеу үшін берген шот жеткізілген тауарға төлем жасау бойынша және өсімпұлды және/

немесе айыппұлды төлеу бойынша біртектес екіжақты талаптарды есептеуді жүргізу мақсатында өзара есеп айырысуды салыстыру актісіне енгізілуі мүмкін.

Сатып алушы өсімпұл және/немесе айыппұл сомалары бойынша Өнім берушінің міндеттемелерін өтеу есебінен қосымша келісімді орындауды қамтамасыз ету сомасын ұстап қалуға құқылы.

Өсімпұл немесе айыппұл төлеу тараптарды осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

Өнім беруші ақаулы тауар партиясын ауыстыру және/немесе толықтай алу (қайтару) жөніндегі міндеттемелерін бұзған жағдайда, Өнім беруші Сатып алушыға барлық сапасыз (бұзылған және/немесе ақауы бар) тауарды ауыстыру және немесе толықтай алу (қайтару) жөніндегі міндеттемелерін бұзған әр күн үшін осы Шарт бойынша ауыстыруға, алынуға (қайтаруға) жататын тауар бағасының 1 %-ы мөлшерінде өсімпұл төлейді.

Шарт Тараптардың келісімі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда немесе бойынша Тараптардың бірінің бастамасы бойынша біржақты тәртіппен тұтастай немесе ішінара (медициналық техниканың жекелеген атаулары бойынша шарттық міндеттемелерді бұзу) бұзылуы мүмкін.

Мыналар:

- 1) осы Шартта көзделген міндеттемелерді бірнеше рет бұзылуы;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген лицензияланатын қызметті орындауға лицензияның қайтарып алынуы;
- 3) қатарынан екі жыл тауар жеткізуден (себебі мен мән-жайларына қарамастан) бас тарту;
- 4) Өнім берушінің жосықсыз өнім берушілердің тізбесіне және/немесе мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушылары тізіліміне енгізілу жағдайлары;
- 5) сапасыз тауар жеткізу жағдайлары Сатып алушының бастамасы бойынша осы Шартты бұзу үшін негіз болып табылады.

Жеткізілген тауар үшін төлемді негізсіз кешіктіру осы Шартты Өнім берушінің бастамасымен бұзуға негіз болып табылады.

Шарт бұзылған жағдайда, оны бұзуға бастама жасаған Тарап екінші Тарапқа Шартты бұзу туралы хабарлама жібереді. Хабарламада Шартты бұзу себебі көрсетіліп, күші жойылатын шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзудың күшіне енетін күні көрсетіледі.

Егер Өнім беруші банкрот немесе төлемге қабілетсіз болып қалса, Сатып алушы Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жіберіп, кез келген уақытта Шартты бұза алады. Бұл жағдайда бұзу бірден жүзеге асырылады және Шарттың бұзылуы Тапсырыс берушіге зиян келтірмесе немесе Тапсырыс берушінің әрекет

етуге немесе осының салдарынан болған немесе болуы мүмкін санкцияларды қолдануға қандай да бір құқықтары бұзылмаса, Сатып алушының Өнім берушіге қатысты ешқандай қаржылық міндеттемесі болмайды.

7. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары (форс-мажор)

7. Егер Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін ішінара немесе толықтай орындамауы еңсерілмейтін күш мән-жайларының, атап айтқанда: топан су, жер сілкінісі, әскери іс-қимылдар, блокадалар, сондай-ақ Өнім берушіге, Сатып алушыға қатысты міндеттемелерін орындауына тыйым салатын не қандай да бір себептерден жұмыстың орындалуына кедергі келтіретін мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерінің немесе нормативтік актілерінің шығарылуы салдарынан болса, олар жауапкершіліктен босатылады.

Еңсерілмейтін күш мән-жайлары үш айдан асатын жағдайларды қоспағанда, мұндай мән-жайлар осы Шарттың қолданысын тоқтатуға негіз бола алмайды. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі еңсерілмейтін күш мән-жайлары ықпал еткен, сондай-ақ осы мән-жайлардан туындаған жағдайлар пайда болған уақытқа дейін шегеріледі. Еңсерілмейтін күш мән-жайларының қолданылуы тоқтағаннан кейін екі тарап та Шартты орындауды қайта бастайды.

Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған кезде Тараптардың кез келгені олар орын алған күннен бастап күнтізбелік бес күн ішінде екінші Тарапты жазбаша түрде осындай мән-жайлардың орын алуы жөнінде хабардар етеді. Осы мән-жайларды тиісті уәкілетті мемлекеттік орган растайды.

Хабарламау немесе уақтылы хабарламау Тарапты Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны үшін жауапкершіліктен босататын негіз ретінде жоғарыда көрсетілген кез келген мән-жайларға сүйену құқығынан айырады.

8. Дауларды шешу тәртібі

8. Тараптар арасында осы Шарттан немесе оған байланысты туындаған барлық даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер жолымен шешіледі.

Тараптар арасындағы дауларды (және) немесе келіспеушіліктерді келіссөздер жолымен шешу мүмкін болмаған жағдайда, мұндай дау және (немесе) келіспеушілік Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Сатып алушының орналасқан жері бойынша түпкілікті реттелуге тиіс.

Осы Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

9. Хат-хабарлар

9. Кез келген хабарламалар немесе хабарландырулар жазбаша түрде ұсынылады және тапсырыс хатпен немесе курьер қызметінің көмегімен жіберіледі. Хабарлама жедел болған жағдайда көрсетілген хат-хабар факспен, электрондық поштаның көмегімен немесе оның жеткізілуін тіркеуді, оны тапсырыс хатпен немесе курьер қызметінің көмегімен міндетті түрде жіберілуін көздейтін өзге телекоммуникациялық байланыс құралдарымен берілуі мүмкін.

Осы Шарт бойынша хат-хабар Тараптарға немесе олардың заңды өкілдеріне осы Шартта көрсетілген деректемелер бойынша жіберілуге тиіс.

Тапсырыс хатпен немесе курьер қызметімен жіберілген хат-хабар екінші Тарапта пошта бөлімшесінің немесе курьер қызметінің оны жеткізгенін растайтын мөртаңбасы бар хабарламасы болса, хат-хабар жіберілген Тарап оны алған күні (сағатта) жеткізілген болып саналады. Факспен жіберілген, электрондық пошта көмегімен немесе оның жеткізілуін тіркеуді, оны тапсырыс хатпен немесе курьер қызметінің көмегімен міндетті түрде жіберілуін көздейтін өзге телекоммуникациялық байланыс құралдарымен жіберілген хат-хабар оны қабылдайтын факсимильді аппараттың, электрондық поштаның немесе басқа да телекоммуникациялық байланыс құралдарының жүйесінде алуы туралы жауап хабарламасымен растау болған кезде осы Шартта белгіленген талаптар сақталған жағдайда, хат-хабар жіберілген Тарапқа ол берілген күні (сағатта) жеткізілген болып саналады.

10. Өзге де жағдайлар

10. Шартқа қол қойылғаннан кейін осы Шарттың нысанасы туралы ауызша және жазбаша нысандағы барлық құжаттар, хат-хабарлар, келіссөздер күшін жояды.

Егер олар осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын қосымша келісім түрінде жазбаша нысанда жасалған, Тараптардың осыған уәкілетті өкілдерінің қолы қойылған және Тараптардың мөрлерімен куәландырылған болса, осы Шартқа барлық өзгерістер мен толықтырулардың күші болады.

Тараптардың екінші Тарапқа осындай Тараптардың заңды құқық иеленушісін қоспағанда, үшінші тұлғаға Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін беруге құқығы жоқ.

Кез келген Тараптың атауы, заңды мекенжайлары және басқа да деректемелері өзгерген жағдайда, ол осындай өзгерістер орын алған кезден бастап бес жұмыс күні ішінде екінші Тарапты бұл туралы жазбаша хабардар етеді.

Тараптардың Шартпен реттелмеген өзара қарым-қатынастары Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

Шарт мемлекеттік және орыс тілдерінде Өнім берушіге және Сатып алушыға бір-бір данадан екі данада жасалды. Шарттың мемлекеттік және орыс тілдеріндегі мәтіндері арасында келіспеушіліктер туындаған жағдайда Шарттың орыс тіліндегі мәтініне басымдық беріледі.

11. Тараптардың заңды мекенжайлары, банктік деректемелері және қолдары

Сатып алушы _____ Өнім беруші _____

201 __ ЖЫЛҒЫ " __ " _____

№ _____ Шартқа

1-қосымша

Сатып алынатын тауарлардың тізбесі

Р/с №	Медициналық техниканың атауы	Моделі	Өлшем бірлігі	Саны, көлемі	Тауарларды жеткізу кезеңі (жыл)
1	2	3	4	5	6
1					

Сатып алушы Өнім беруші

201 __ ЖЫЛҒЫ " __ " _____

№ _____ Шартқа

2-қосымша

Сатып алынатын тауардың жиынтығы

Р/с №	Медициналық техниканың атауы	Жиынтығы	Құны

САТЫП АЛУШЫ ӨНІМ БЕРУШІ

М.О. М.О.

201 __ ЖЫЛҒЫ " __ " _____

№ _____ Шартқа

3-қосымша

Техникалық ерекшелік

Тауардың атауы

Тіркелген атауы: _____

Сатып алынатын моделі: _____

Өндіруші: _____

—

Тіркеу нөмірі: _____

Тіркеу куәлігінің қолданылу мерзімі: _____

Егжей-тегжейлі техникалық сипаттамасы _____

Тауарлар жаңа әрі бұрын қолданылмаған түрде жеткізіледі. Тауардың әр жиынтығы мемлекеттік және орыс тілдеріндегі аудармасы бар техникалық және пайдалану құжаттамасымен жабдықталады. Тауарды әкелу және сату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. Жеткізу жиынтығы тауарлардың және барлық жиынтығының нақты техникалық сипаттамалары көрсетіліп және осы кестенің әрбір тармағына жекелеп (жиынтығы немесе жабдық бірлігі) сипатталады. Егер техникалық ерекшелікте өзгеше көрсетілмесе, электр қуаты ешқандай қосымша жалғастыру тетігінсіз немесе трансформаторсыз 220В болуы тиіс. Аспаптармен бірге жеткізілген бағдарламалық жасақтама түпкі алушының орнатылған жабдығының бағдарламалық жасақтамасына сәйкес болуы тиіс. Өнім беруші тауарды жеткізу рәсімін аталған тауармен жұмыс істеу үшін персоналды оқытуға құжатпен расталған білікті мамандардың қолдауын, тауарды орнатуды, жөндеуді және іске қосуды қамтамасыз етеді. Тауарды жеткізуді жүзеге асыру кезінде Өнім беруші тапсырыс берушіге тауардың бағдарламалық жасақтамасына қол жеткізу үшін барлық сервис-кодтарды береді. Кепілдікті сервистік және техникалық қызмет көрсету және жөндеу мерзімі түпкі алушыға ресми хабарланған сәтінен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен аспайтын мерзімде істен шыққан жабдыққа жөндеу жүргізу немесе оны ауыстыра отырып, жабдықты пайдалануға беру сәтінен бастап кемінде 37 (отыз жеті) айды құрайды. Қызмет көрсетудің кепілдікті мерзімі ішінде сервистік қызмет көрсетуді Өнім берушінің білікті маманы тоқсанына кемінде 1 рет жүзеге асырады. Техникалық ерекшелікке техникалық және пайдалану сипаттамаларын, сондай-ақ модельдер мен өндірушілерді көрсетуден басқа, жеткізілетін тауарлардың фотосуреттері де қоса беріледі. Өлшеу құралдарына жататын тауарлар Қазақстан Республикасының өлшем құралдарының тізіліміне енгізілуі тиіс. Жабдықты орнатуға дейін күнтізбелік 40 (қырық) күннен кешіктірмей Өнім беруші түпкі алушыны жабдықты сәтті іске қосу үшін қажетті орнату алдындағы талаптар туралы хабардар етеді. Үй-жайды сыртқы пішіні бойынша есіктердің стандартты ойығынан өтетін (ені 80 см, биіктігі 200 см), инсталляциялық

дайындаумен күрделі монтаждау жұмыстарын жүргізуді болжамайтын көлемді жабдық. Жұмыс орнына жеткізуді, жабдықты түсіруді, қаптамасын ашуды, орнатуды, аспаптарды жөндеуді және іске қосуды, олардың сипаттамасының осы құжатқа және фирманың ерекшелігіне сәйкестігін (дәлдігі, сезгіштігі, өнімділігі және т.б.) тексеруді, персоналды оқытуды Өнім беруші жүзеге асырады.

САТЫП АЛУШЫ ӨНІМ БЕРУШІ

М.О. М.О.

201 __ ЖЫЛҒЫ " __ " _____

№ _____ Шартқа

4-қосымша

Монтаждау, іске қосу-баптау жұмыстары (қызметкерлерді оқыту) бойынша қызметтер көрсету актісі

_____ 201 __ ЖЫЛҒЫ " __ " _____

(Қызметтер көрсету орны)

Р/с №	Медициналық техниканың атауы	Монтаждауды, іске қосу-баптау жұмыстарын жүзеге асыратын тұлғаның (тұлғалардың) Т.А.Ә.	Саны	Көрсетілген қызметтердің және жүргізілген жұмыстардың сипаттамасы

САТЫП АЛУШЫ ӨНІМ БЕРУШІ

М.О. М.О.

ТАПСЫРЫС БЕРУШІНІҢ ӨКІЛІ

М.О.